

Kcell



2024 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒА
АРНАЛҒАН
ЖАҢА БУЫН
ЖЕЛІСІ

МАЗМҰНЫ

Компанияның бейіні	2
Негізгі көрсеткіштер	3
Есепті жылдың негізгі оқиғалары	4
Директорлар кеңесі төрағасының жолдауы	6
Басқарма төрағасының жолдауы	8

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 10

Жалпы ақпарат	12
Компанияның тарихы	13
Компанияның тарихындағы негізгі оқиғалар	14
Қызмет географиясы	16

02. КОРПОРАТИВТІК СТРАТЕГИЯ 18

Мұраты және саладағы орнына көзқарас	20
Біздің корпоративтік құндылықтар мен басымдықтар	21
Компанияның бизнес-үлгісі	22
Компанияның даму келешегін бағалау (SWOT-талдау)	24
Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер	25
Желіні оңтайландыру және жаңа технологияларды енгізу	26
Компанияның 2025 жылға арналған басымдықтары	26

03. ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ЕСЕБІ 28

Макроэкономикалық жағдайлар	30
Телекоммуникация саласының жағдайы	31
Компанияның операциялық қызметі	34
Қаржылық нәтижелер	39
Салық салу	41
Сатып алу тәжірибесі	41

04. ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ 42

Компанияның ағымдағы ESG-бейіні	44
Компанияның тұрақты даму саласындағы стратегиялық басымдықтары	46
БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге Компанияның қосқан үлесі ...	46

05. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 48

Корпоративтік басқару жүйесі	50
Акционерлік капитал	51
Акционерлердің құқықтары	51
Дивидендтер төлеу	52
Басқару органдары	52
Акционерлердің жалпы жиналысы	53
Директорлар кеңесі	54
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер	61
Басқарма	63
Сыйақылар туралы ақпарат	66
Заңнама талаптарын сақтау	66
Комплаенс-бақылау	67
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	68
Мүдделер қақтығысын басқару	69
Байланысты тараптармен мәмілелер	70
Ішкі аудит	71
Сыртқы аудит	71

06. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ 72

Тәуекелдерді басқару жүйесі	74
Тәуекелдер картасы	75
«Кселл» АҚ негізгі тәуекелдерінің сипаттамасы	75
Ішкі бақылау жүйесі	77

07. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ 78

Кадр саясаты және еңбек қатынастары тәжірибесі	80
Персоналдың құрамы	81
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу, оны бағалау және ынталандыру	82
Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау	83
Персоналды дамыту	84
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	86

08. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК 88


Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат	90
Суды тұтыну	90
Ресурстарды тұтыну	91
Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары	91
Қалдықтарды басқару	93

09. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК 94

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	96
Ақпаратты ашу	96
Ақпараттық қауіпсіздік және клиенттердің құпия деректерін қорғау	97
Клиенттерді алаяқтықтан қорғау	98
Әлеуметтік жауапкершілік және қайырымдылық	99

10. ҚОСЫМШАЛАР 100

1-қосымша. Есеп туралы	102
2-қосымша. GRI сәйкестік индексі	103
3-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік	110
Глоссарий	121
Байланыс ақпараты	



Қосымша ақпарат
сілтемесін алу үшін
QR кодын сканерлеңіз

КОМПАНИЯНЫҢ БЕЙІНІ

«Кселл» АҚ (бұдан әрі – Кселл, Компания) – клиенттеріне телекоммуникациялық қызметтер мен цифрлық сервистердің толық жиынтығын ұсынатын Қазақстандағы жетекші мобильді байланыс операторы. Компания нарықтың барлық негізгі сегменттерін қамтитын екі танымал Kcell және activ брендтерімен жұмыс істейді. «Кселл» АҚ қазақстандық телекоммуникациялық қызметтер нарығында жетекші орынға ие «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобына кіреді.

2024 жылдың соңында Компанияның абоненттік базасы 7968 мың клиентті құрады, оның ұялы байланыс желісі ел халқының 92%-ын қамтыды. Ұсынылатын өнімдерге дауыстық байланыс, мобильді интернет, 5G технологиясы негізіндегі үй интернеті (Kcell Auleti бренді), сондай-ақ өзінің Kcell SuperApp платформасына негізделген бірқатар финтех шешімдер мен цифрлық сервистер кіреді. Kcell/activ мобильді қосымшасы компанияның клиенттеріне стандартты абоненттік қызметтермен қатар өзінің электрондық сауда алаңына және виртуалды төлем картасын жүргізуді, депозиттерге қаражатты орналастыруды және кредиттер беруді, тауарларды, қызметтерді төлеуді және т.б. қоса алғанда, OGO Finance цифрлық қызметтердің жиынтығына қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады.

Компания цифрлық инфрақұрылымды дамытуға белсенді түрде инвестиция құяды. 2023 жылы «Кселл» АҚ қазақстандық телекоммуникация саласы тарихындағы ең ірі жобалардың бірін – бесінші буын желісін

(5G) өрістете бастады. 2024 жылдың өзінде жаңа буын желісі Қазақстанның 20 қаласында миллионнан астам тұрғынға қолжетімді болды, ал 5G базалық станцияларының жалпы саны 1470 бірлікті құрады.

Бірегей инфрақұрылымдық жетістіктердің бірі – Алматы метросында 5G байланысының іске қосылуы болды – Қазақстанда бесінші буын байланысы алғаш рет метрода қолжетімді болды. Бүгінгі таңда 5G желісі Алматы метросының 9 станциясында жұмыс істейді.

Өңірлер мен ауылдық аумақтарды дамыту компанияның басым бағыттарының бірі болып отыр. 2024 жылы ауылдық жерлерде 4G базалық станциясының 433-і орналастырылса, 2025 жылдың басында Kcell желісі жалпы саны 100 мыңға жуық тұрғыны бар тағы 52 елді мекенді қамтыды.


«Кселл» АҚ акциялары Қазақстан қор биржасында (KASE) KCEL тикерімен саудаланады. 2024 жылдың қарашасында Fitch Ratings агенттігі Kcell кредиттік рейтингін тұрақты болжаммен «BB+» деңгейінде растады.

Компания корпоративтік басқарудың, тұрақты дамудың және ақпараттың ашықтығының халықаралық стандарттарына, соның ішінде GRI 2021 стандарттарына және KASE ақпаратты ашу талаптарына сәйкес жұмыс істейді.




НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР


КОМПАНИЯНЫҢ АБОНЕНТТІК БАЗАСЫ,
кезеңнің соңында мың абонент




5G ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНЫҢ ЕНУІ,
құрылғылардың жалпы санының %-ымен




МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ-ТРАФИК, кезеңдегі Пбайт



БІР ПАЙДАЛАНУШЫҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ОРТАША АЙЛЫҚ ТАБЫС (ARPU), айына теңге



ПАЙДА КӨРСЕТКІШТЕРІ,
кезеңдегі млн теңге




2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР, кезеңдегі млн теңге



ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР,
кезеңдегі млн теңге



ТАБЫСТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



ЕСЕПТІ ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

Наурыз

Уақыт белдеуін UTC+5-ке өзгерту Компания процестеріне және абоненттерге әсер етпестен Компанияның барлық ақпараттық жүйелерінде (200+ платформа) сәтті жүзеге асырылды.

Kcell су тасқынынан зардап шеккен Қазақстанның бес аймағының тұрғындарына қолдау көрсетуді шешті. Су тасқынынан зардап шеккен елді мекендердің тұрғындары 10 гигабайт интернет-трафикті, кез келген операторлардың желісіне 50 минут қоңырауларды, сондай-ақ 50 тегін SMS қамтитын тегін топтамаға ие болды.

Мамыр

Танымал онлайн ойындарда сатып алуларды төлеуге болатын бонустарды («имбакстарды») алу мүмкіндігі бар «Имба» тарифтік жоспары іске қосылды.

Қаңтар


Дилерлермен және бөлшек сауда серіктестерімен электрондық құжат айналымын енгізу.

Ақпан

Kcell «ақ хакерлер» деп аталатын адамдар цифрлық жүйелер мен қызметтердегі қателер мен ақауларды анықтайтын қазақстандық BugBounty зерттеу бағдарламасына қосылды.

Сәуір

ҚР бойынша барлық дилерлер үшін сату және абоненттерге қызмет көрсету үшін бонустар алуға мүмкіндік беретін Android құрылғыларына арналған қосымша іске қосылды.



5G

5G

5G

5G

5G

5G

Қазан

Digital Rights Center Qazaqstan Kcell-ді цифрлық құқықтарды сақтау рейтингі – Digital Rights Rating бойынша Telecom секторындағы үздік компания деп таныды.

Үлкен деректермен жұмыс істеу жүйесін (SmartEvent Processing) толық жаңғырту оқиғалардың түрлерін көбейтуге, абонентке қолайлы қызметтерді ұсына отырып, онлайн жауап беруге (кірген интернет-ресурстарына, абоненттің орналасқан жерінің өзгеруіне, құрылғыны өзгертуге, қызметтерді пайдалануға байланысты) мүмкіндік берді.

Шілде

Kcell Center қызметкерлері үшін операторлардың 8 түрлі жүйеде жұмыс істеу уақытын қысқартуға мүмкіндік берген қызмет көрсету және сату бойынша бірыңғай интерфейс енгізілді.

Радио желісіндегі жұмыстар бойынша MOCN жобасы шеңберінде MTC АҚ-мен деректер алмасу автоматтандырылды.

Маусым

Абоненттерді сәйкестендіру және қызмет көрсету уақытын қысқарту, сондай-ақ бірқатар процестерде міндетті биометрияға қатысты реттеушілік талаптарды орындау үшін Компанияның процестеріне жеке тұлғалар биометриясының жаңа жүйесі енгізілді.

Компания 11 бағытты, соның ішінде Big Data және CVM, ақпараттық қауіпсіздікті, тәуекелдер мен дебиторлық берешекті басқаруды, цифрлық қызметтерді, бизнес-жобаларды бақылауды, қаржыны, техникалық тексеруді және т.б. қамтитын, студенттерге арналған ақылы тағылымдама бағдарламасын іске қосты.

Қыркүйек

Ұлттық ақпараттық қауіпсіздік үйлестіру орталығы ұйымдастырған кибержаттығулардың нәтижелері бойынша Компания мамандары жедел ақпараттық қауіпсіздік орталықтары ішінен үздік деп танылды.

Қараша

Fitch Ratings агенттігі Kcell кредиттік рейтингін тұрақты болжаммен «BB+» деңгейінде растады.

Басқару мен төлемдердің барлығын отағасы жүргізетін отбасылар мен үй шаруашылықтарына арналған тарифтік жоспарлар іске қосылып, бұл отбасы мүшелерінің қызметтерге уақытылы төлем жасамау тәуекелдерін барынша азайтуға көмектеседі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



**БУЯНОВ
АЛЕКСЕЙ**

«Кселл» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы

GRI 2-22

Құрметті акционерлер, серіктестер және клиенттер!

Сіздердің назарыңызға «Кселл» АҚ-ның 2024 жылға арналған жылдық есебін ұсынамын – бұл жыл компанияның Қазақстан телекоммуникация нарығындағы негізгі ойыншылардың бірі және елдегі цифрлық түрлендірулердің драйвері ретіндегі орнын нығайтып, біз үшін маңызды кезең болды.

2024 жыл шешімдердің, амбициялардың және сенімді өсімнің жылы болды. Технологиялардың жылдам дамуы және пайдаланушылар үміттерінің артуы жағдайында Kcell компаниясы жылдам бейімделіп қана қоймай, салаға жаңа серпін берді. Стратегиялық мақсаттарды сенімді түрде жүзеге асыра отырып, біз инфрақұрылым тұрғысынан да, өнімдер, қызметтер және клиенттердің сенімі тұрғысынан да болашаққа инвестиция құйдық.

Есепті кезеңнің қаржылық нәтижелері біздің бизнес-үлгіміздің беріктігін растайды: жалпы түсім 6,1%-ға өсіп, 241,3 млрд теңгені құрады.

Kcell байланыс инфрақұрылымын дамытуға рекордтық қаражат бөлуді жалғастыруда. Тек соңғы екі жылда компания желіге шамамен 255 млрд теңге, оның ішінде 5G жиіліктері үшін бюджетке төленген 78 млрд теңге инвестициялады. Салыстыру үшін: 2020-2022 жылдары инвестициялар көлемі жылына 25-40 млрд теңгені құраған. Инвестициялардың мұндай дәйекті өсімі бізге жабынды кеңейтіп қана қоймай, күрделі инвестициялар көлемі бойынша саланың көшбасшысы мәртебесіне ие болуға мүмкіндік берді. Біз жай ғана желі құрып жатқан жоқпыз, біз елдің бүкіл экономикасының цифрлық іргетасын салып жатырмыз.

Біз үшін 5G жай ғана жаңа байланыс стандарты емес. Бұл ең өршіл шешімдердің технологиялық базасы. 2024 жылы біз өндірістік процестерге 5G енгізу бойынша маңызды қадамдар жасай бастадық. Мұндай технологиялар күрделі және қауіпті операцияларды автоматтандыруға жол ашады, карьерлерде және өнеркәсіптік объектілерде пилотсыз техниканы пайдалануға мүм-

кіндік береді, өндірістердің қауіпсіздігін, басқарылуын және тиімділігін арттырады.

Болашақта осы негізде білім мен денсаулық сақтаудан бастап «ақылды» қалалар мен көлікке дейінгі барлық салаларда жаңа мүмкіндіктер дамитын болады. Жоғары жылдамдықты және сенімді қосылу цифрлық қызметтердің жаңа деңгейіне, қашықтан диагностикалау жүйелерін дамытуға, интерактивті оқытуға, зияткерлік жарықтандыруға және қала қауіпсіздігіне жол ашады.

Біз бұл күш-жігердің мойындалғанын мақтан тұтамыз. 2024 жылы Kcell «Telecom секторындағы үздік компания» номинациясында Қазақстанның цифрлық құқықтар рейтингінің жеңімпазы атанды. Fitch Ratings халықаралық агенттігі біздің кредиттік рейтингімізді тұрақты болжаммен «BB+» деңгейінде растады.

Компания 2025 жылға технологиялық, тұрақты және жаңа мүмкіндіктерге ашық, болашаққа сенімді көзқараспен қадам басты. Бұл алға жылжудың негізінде жатқан біздің қағидатымыз: әрбір клиентке, аймаққа, қоғамға жақын болу.

Бұл жетістіктердің барлығы командалық жұмыстың, басқарудың жетілгендігінің, технологиялық шешімдердің, клиенттер мен акционерлер алдындағы жауапкершіліктің арқасында мүмкін болды.

Директорлар кеңесі атынан компания басшылығына, әрбір қызметкерге, біздің клиенттеріміз бен серіктестерімізге шын жүректен алғыс білдіргім келеді.

Құрметпен,
«Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
Алексей Буянов



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



**ЖАМБАКИН
АСҚАР**

«Кселл» АҚ Басқарма
төрағасы

GRI 2-22

Құрметті оқырмандар, әріптестер, серіктестер және клиенттер!

2024 жыл мен үшін ерекше жыл болды, дәл осы жылы мен Kcell-ді басқарып, Қазақстандағы байланысты жылдамырақ, сенімдірек және адамдарға жақынырақ ету үшін күн сайын жұмыс істейтін команданың бір бөлігі болу жауапкершілігін алдым.

Бұл сын-қатерлер мен батыл шешімдердің, қарқынды өсім мен стратегиялық инвестициялардың жылы болды. Бірақ бұл жылдың ең маңыздысы адамдар болды. Дамуға сенетін, өзіне жауапкершілік алатын, компанияны алға жылжытатын адамдар. Олардың энергиясы және Kcell көп нәрсеге қабілетті деген сенімі әрбір жобаға, әрбір іске қосуға, әрбір идеяға салынды. Біз желіні дамытып, жаңа өнімдерді шығарып қана қойған жоқпыз, біз миллиондаған қазақстандықтың өмірінде заманауи байланыс операторы қандай болуы керек екенін қайта ойластырдық.

2024 жылдың қаржылық нәтижелері Kcell-дің тұрақты өсімін ғана емес, сонымен қатар бүкіл команданың сенім мен сапаға бағытталған жүйелі жұмысының нәтижесін көрсетеді. Жыл 241,3 млрд теңге кіріспен аяқталды, оның ішіндегі 198,9 млрд теңге қызмет көрсетуден түскен кіріс болды. EBITDA 92,1 млрд теңгеге жетті, бұл тиімділік көрсеткіші ғана емес, қызмет көрсетуді үздіксіз жақсартуға негізделген тұрақты бизнес-үлгінің көрінісі. Абоненттік база 7,97 миллион пайдаланушыға дейін өсті және әрбір жаңа қосылымның артында сенімділік пен сапа пайдасына саналы таңдау бар. Бұл сандар – сенім туралы. Миллиондаған қазақстандық азамат, бизнес және мемлекеттік клиенттер күн сайын бізді таңдайтыны туралы.

Биыл біз байланысты қолжетімді ғана емес, шын мәнінде заманауи ету үшін желіні дамытуға 78,2 млрд теңге инвестиция құйдық. Біз 630 жаңа 5G сайтын іске қостық, 20 қалада қамтуды кеңейттік және метрода 5G енгізген алғашқы оператор болдық. Бұл Қазақстанды цифрлық болашақтың бір бөлігіне айналдыратын қадамдар.

Және де біз үшін құндылығы кем емес тағы бір нәрсе – ауылдарда орнатылған 433 базалық станция. Бүгінгі таңда қалада болсын, ауылда болсын барлығы үшін байланыстың маңызы ерекше. Бұл ақпаратқа, білімге, жұмысқа және жай ғана жақын адамдарға қол жеткізу. Сондықтан біз әрбір жаңа станцияның әсері

ерекше байқалатын ауылдық жерлерде желіні дамытуға үлкен мән береміз.

Біз адамдар мен бизнестің нақты өмірлік сценарийлеріне бағытталған жаңа қызметтерді іске қостық: үйге арналған FWA интернеті, корпоративтік клиенттерге арналған өнімдер, жабдықты бақылау мен басқаруға, процестерді оңтайландыруға және өндірістік қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін ауқымды IoT-шешімдер.

2024 жыл сондай-ақ халықаралық тану туралы болды: Fitch Ratings біздің рейтингімізді «BB+» деңгейінде растады, ал Қазақстанның цифрлық құқықтар рейтингінде Kcell елдегі ең үздік телеком-компаниясы деп табылды.

Бірақ осы жетістіктердің барлығының артында диаграммалар мен слайдтар емес, команда тұр. Мен Kcell компаниясының әрбір қызметкеріне белсенді қатысқаны, кәсіпқойлығы және нәтижеге деген ұмтылысы үшін алғыс айтамын. Мен диалогта өмірге келетін идеялардың күшіне, қолдаудың күшіне және мүмкін еместей болатын нәрселерді жасай алатын командаға сенемін.

Менің Басқарма төрағасы ретіндегі бірінші жылым процестерге, адамдарға және мәдениетке терең енуге арналған жыл болды. Біз бірге жаңа мағыналарды іздеп таптық, тәсілдерді қайта құрдық және қазір сенімді түрде алға жылжудамыз. 2025 жылы бізді одан да көп нәрсе күтіп тұр: миллиондаған қазақстандыққа арналған жаңа технологиялар, жаңа қызметтер мен жаңа мүмкіндіктер.

Kcell – бұл тек байланыс туралы емес. Бұл адамдар туралы. Технологиялар қалай жақын, түсінікті және пайдалы болатыны туралы. Мен бүгінде жай ғана қызмет көрсететін компанияны ғана емес, әркімнің өмірін жақсартатын компанияны құрып жатқанымызды мақтан тұтамын.

Аса жоғары құрметпен,
«Kcell» АҚ Басқарма төрағасы
Асқар Жамбакин





КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Жалпы ақпарат	12
Компанияның тарихы	13
Компанияның тарихындағы негізгі оқиғалар	14
Қызмет географиясы	16

5G

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН
ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ**



ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

GRI 2-1, GRI 2-2

«Кселл» АҚ Қазақстандағы ең ірі телекоммуникациялық компаниялардың бірі, оның негізгі қызмет түрлері – ұялы байланыс қызметтерін, соның ішінде дауыстық байланысты, мобильді интернетке қол жеткізуді, заманауи цифрлық қызметтерді және қаржылық технологияларды ұсыну. «Кселл» АҚ ірі байланыс операторы – компанияның дауыс беретін акцияларының 51%-ы тиесілі «Қазақтелеком» АҚ-ның еншілес ұйымы.

Компания өз клиенттеріне келесі қызмет түрлерін ұсынады:

- Мобильді дауыстық байланыс және қысқа мәтіндік хабарламалар (SMS) жеткізу қызметтері;
- Деректерді беру және Интернет желісіне сымсыз қосылу қызметтері;
- Қосымша қызмет көрсету түрлері (VAS), оның ішінде мобильді контентке қол жеткізу, экожүйе қызметтері және т.б.

«Кселл» АҚ абоненттік базасы 2024 жылдың соңында 7968 мың абонентті немесе Қазақстандағы ұялы байланыс абоненттерінің жалпы санының 30,2%-ын құрады.

Компания Kcell және activ брендтерімен қызмет көрсетеді, 2023 жылы Компания Kcell Auleti сауда белгісімен Интернет желісіне сымсыз қосылуды ұсына бастады.


Kcell-дің бәсекелестік артықшылықтарының бірі – негізі Kcell/activ мобильді қосымшасы болып табылатын дамыған цифрлық экожүйенің болуы. Қосымша клиенттерге өнімдер мен қызметтерді басқаруға ғана емес, сонымен қатар өздерінің онлайн дүкеніне және «виртуалды банкке» – виртуалды төлем карталарын жүргізуді, қаражатты депозиттерге орналастыруды және кредит-

тер беруді қамтитын OGO Finance қаржылық қызметтер желісіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кселл компаниясының бір еншілес кәсіпорны – 100% қатысу үлесімен «KazNet Media (КазНет Медиа)» ЖШС бар, оның негізгі қызмет түрлері: интернет адрестерінің ауқымды дерекқорларын жасау және қолдау мақсатында іздеу жүйелерін пайдаланатын веб-сайттарды басқару, интернетте порталдар ретінде жұмыс істейтін басқа веб-сайттарды басқару; телекоммуникация инфрақұрылымының операторлары арқылы интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ету; компьютерлік бағдарламалау, кеңестер беру және басқа ілеспе қызметтер; іздеу порталдарымен, деректерді өңдеумен және орналастырумен байланысты ақпараттық қызметтер жұмысы, сондай-ақ ақпаратты бастапқы қамтамасыз ету бойынша басқа да қызмет түрлері; веб-порталдар; жарнама/маркетингтік қызметтер; ақпараттық және кеңес беру қызметтері, оның ішінде интернетті пайдаланумен байланысты қызметтер, веб-сайттар мен веб-порталдар жасау, сондай-ақ заңнамалық актілермен және құрылтай шартымен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлері.

2022 жылдың желтоқсан айында Компания Қазақстанда 5G желілерін пайдалану аукционында жеңіп, 2023 жылы Республикада бесінші буын байланыс стандартын орналастыруды бастады. 2024 жылдың соңында «Кселл» еліміздің 20 қаласында 1470 5G станциясын орналастырып, миллионнан астам қазақстандыққа телекоммуникациялық қызметтер мен жаңа технологиялардағы қызметтерді ұсынды.

2024 жылы Fitch Ratings агенттігі Kcell кредиттік рейтингін тұрақты болжаммен «BB+» деңгейінде растады.





КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫ

GRI 2-1

«Кселл» АҚ өз тарихын өткен ғасырдың 90-шы жылдарының аяғында бастаған, бастапқыда «GSM (Джи Эс Эм) «Қазақстан ААҚ» ЖШС («GSM Қазақстан» ЖШС) деп аталатын. «GSM Қазақстан» ЖШС 1998 жылы 1 маусымда Қазақстан Республикасында GSM стандартындағы ұялы байланыс желісін жобалау, салу және пайдалану үшін тіркелген. 1998 жылы «Кселл» АҚ GSM стандартындағы ұялы байланыс қызметтерін ұсынуға лицензия алған алғашқы қазақстандық компания болды.

2012 жылға дейін «GSM Kazakhstan» ЖШС қатысушылары Fintur Holdings B. V. (Нидерландта тіркелген TeliaSonera Finland Oyj және Turkcell Illetisim Hizmetleri бірлескен кәсіпорны) және «Қазақтелеком» ААҚ (2004 жылдан бастап – «Қазақтелеком» АҚ) болды, олардың қатысу үлестері тиісінше капиталдағы 51% және 49%-ды құрайтын. 2012 жылдың 2 ақпанында «Қазақтелеком» АҚ өзінің қатысу үлесін TeliaSonera фин компаниясының еншілес құрылымы Sonera Holding B.V.

компаниясына сатты (2017 жылы компания атауын Telia Company деп өзгертті).

2012 жылдың 27 тамызында Компания акционерлік қоғам ретінде қайта құрылып, атауын «Кселл» АҚ деп өзгертті. 2012 жылдың желтоқсанында Компания жаһандық депозитарлық қолхаттар түрінде Лондон қор биржасында және жай акциялар түрінде Қазақстан қор биржасында 50 млн акцияны (жарғылық капиталдың 25%-ы) орналастырды. Нәтижесінде негізгі акционерлер – Fintur Holdings B.V., және Sonera Holding B.V., үлестері 51% және 24%-ды құрады.

2018 жылдың 21 желтоқсанында «Қазақтелеком» АҚ Компанияның жарғылық капиталындағы 75% қатысу үлесіне ие болып, Telia Company және Fintur Holdings B.V. компанияларына тиесілі «Кселл» АҚ акция пакеттерін сатып алды. 2021 жылдың 30 қыркүйегінде «Қазақтелеком» АҚ дауыс беретін акцияларының 24%-ын KASE-де сатты.






КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



1998

- **1 маусым** – «GSM (Джи Эс Эм) «Қазақстан ААҚ» ЖШС құрылуы
- **8 маусым** – Компания GSM стандартындағы ұялы байланыс қызметтерін ұсынуға мерзімсіз мемлекеттік лицензия алды




1999

- **7 ақпан** – Kcell брендин іске қосу
- **9 қыркүйек** – activ брендин іске қосу




2003

- **18 қыркүйек** – Компания Қазақстан Республикасындағы мобильді құрылғылардан Интернет желісіне қолжетімділігі бар алғашқы мобильді байланыс операторы болды
- **Қыркүйек** – мультимедиялық хабарламаларды (MMS) тарату қызметінің іске қосылуы



2005

- **13 қыркүйек** – Компания GPRS-роуминг қызметін ұсынатын алғашқы қазақстандық оператор болды




2016

- **5 қаңтар** – Компания ел аумағында байланысты жақсарту және сол жылы сол жылы орын алған 4G және LTE қызметтерін іске қосуға дайындалу үшін 700/800 MHz және 1800 MHz диапазонында қосымша жиіліктерді пайдалану құқығына ие болды



2017

- **1 наурыз** – Қазақстанда LTE желісі іске қосылды
- **Маусым** – Алматы және Шымкент қалаларында 4G+ (LTE Advanced) желісі іске қосылды
- **1 қараша** – Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі Компанияға тұрақты болжаммен «BB» деңгейінде эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін берді



2018

- **16 ақпан** – Компания KASE-де 4,95 млрд теңге сомасына облигацияларды орналастырды
- **21 желтоқсан** – «Қазақтелеком» АҚ Компанияның айналымдағы акцияларының 75%-на ие болып, Telia Company және Fintur Holdings B.V.-ден «Kcell» АҚ акцияларын сатып алды




2019

- **27 маусым** – Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Kcell» АҚ эмитентінің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «BB» деңгейінде растады және болжамды «тұрақтыдан» «оңға» дейін жақсартты



2020

- Пандемия кезеңінде 3,5 мың медицина қызметкері тегін дауыстық байланыспен және интернет-трафикпен қамтамасыз етілді
- Абоненттерге қашықтан оқытуға арналған 400-ден астам веб-сайтқа және онлайн банкінгке арналған 27 мобильді қосымшаға тегін қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілді
- **16 сәуір** – жаңа SIM карталарды сатып алу және ескі SIM карталарды ауыстыру, теңгерімді толтыру және телефонға E-SIM орналастыру кезінде биометриялық сәйкестендіруді қолданатын симкоматтарды (өз-өзіне қызмет көрсету терминалдары) орналастыру жобасы іске қосылды




2008

- **26 тамыз** – Компанияның лицензиясы қайта қаралды және GSM-1800 желісін пайдалану құқығымен толықтырылды




2010

- **1 желтоқсан** – Астана және Алматы қалаларында 3G желісін коммерциялық пайдаланудың басталуы




2021

- **14 маусым** – LSE мен AIX-те жаһандық депозитарлық қолхаттардың делистингі аяқталды
- **Шілде** – «First Heartland Jusan Bank» АҚ-мен және Mastercard халықаралық төлем жүйесімен бірлесіп OGO Finance қаржылық қызметтер желісі іске қосылды
- **30 қыркүйек** – «Қазақтелеком» АҚ KASE-де «Кселл» АҚ акцияларының 24%-ын сатты




2012

- **2 ақпан** – «Қазақтелеком» АҚ қатысу үлесін Sonera Holding B.V.-ге сату мәмілесін аяқтау
- **27 тамыз** – Компания акционерлік қоғам ретінде қайта құрылуы және атауы «Кселл» АҚ деп өзгертілуі
- **29 қараша** – KASE-де «Кселл» АҚ жай акцияларының айналысының басталуы
- **13 желтоқсан** – LSE-де жаһандық депозитарлық қолхаттар листингінің аяқталуы




2022

- **5 қаңтар** – абоненттерді үзіліссіз байланыспен қамтамасыз ету және Үкіметке көмек көрсету мақсатында уақтылы шешімдер қабылдау үшін жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты төтенше жағдай режимі кезеңінде жедел штаб құру
- **25 ақпан** – Nexign Converged BSS биллинг жүйесін енгізудің бірінші кезеңін аяқтау
- **12 желтоқсан** – Fitch Ratings «Кселл» АҚ эмитентінің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «тұрақты» болжаммен «BB+» деңгейінде растады
- **16 желтоқсан** – «Кселл» АҚ «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен консорциумда 5G желілерін пайдалану бойынша тендерді жеңіп алды
- **Желтоқсан** – Nexign Converged BSS биллинг жүйесін енгізудің екінші кезеңі аяқталды



2014

- **15 сәуір** – «Кселл» АҚ Қазақстандағы iPhone ресми дистрибьюторы болды
- **Қыркүйек** – activ сауда белгісінің ауқымды ребрендингінің басталуы
- **16 қараша** – Kcell/activ мобильді қосымшасының іске қосылуы
- **Жыл қорытындысы бойынша** Компания Қазақстандағы қаржылық емес компаниялар арасында салық түсімдерінің көлемі бойынша көшбасшы болды



2023

- **16 қараша** – KASE «Кселл» АҚ-на «Акциялар нарығының көшбасшысы» атағын алды
- **5 желтоқсан** – Fitch Ratings агенттігі «Кселл» АҚ эмитентінің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «Тұрақты» болжаммен «BB+» деңгейінде растады



2015

- **Ақпан** – activ сауда белгісінің ребрендингін аяқтау
- **Наурыз** – Алматыда алғашқы activ брендтік дүкеннің ашылуы



2024

- **30 наурыз** – Kcell су тасқынынан зардап шеккен Қазақстанның бес аймағының тұрғындарына қолдау көрсету туралы шешім қабылдады. Су тасқынынан зардап шеккен елді мекендердің тұрғындары 10 гигабайт интернет-трафикті, кез келген операторлардың желісіне 50 минут қоңырауларды, сондай-ақ 50 тегін SMS қамтитын тегін топтамаға ие болды
- **24 қараша** – Fitch Ratings агенттігі Kcell кредиттік рейтингін тұрақты болжаммен «BB+» деңгейінде растады





ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

GRI 2-1

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан аумағының «Кселл» АҚ ұялы байланыс желісімен қамтылу картасы




Есепті кезеңнің соңында Компанияның 3G желісімен қамтылған аудандар мен елді мекендерде Қазақстан халқының 92,12% тұрды, ел тұрғындарының 75,97% Компанияның LTE желісіне қол жеткізуі бар және халықтың 45,78% қазірдің өзінде 5G байланысымен қамтамасыз етілген.

«Кселл» АҚ қызметтері Қазақстанның барлық аймақтарында қолжетімді – 2024 жылдың соңында елімізде 34 меншік сату дүкені мен абоненттік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Фирмалық дүкендерде сатып алушылар Kcell және activ SIM карталарын сатып ала алады, тиімді шарттармен смартфондар, ноутбуктар, планшеттер және басқа да «ақылды құрылғыларды» сатып ала алады.

Кселл сонымен қатар 2,6 мыңға жуық сауда нүктелерін қамтитын кең серіктестік желісі арқылы бөлшек сауданы жүзеге асырады, оның ішінде:

- 11 Activ Dealer Store дүкені (барлық қызметтерді ұсынатын дилерлер: сервис, сату және «Кселл» АҚ атынан Келісімшарттық телефондарды бөлек сатуды);
- 9 эксклюзивті бөлшек сауда дүкені («Кселл» АҚ қызметтерінің толық спектрін ұсынатын және Activ/Kcell барлық бастапқы топтамаларын және компанияның басқа да өнімдерін сататын дилерлер);
- 47 электроника дүкені (бастапқы топтамалар сатылады);
- бастапқы топтамалар мен басқа да өнімдерді сататын және Компания қызметтерінің негізгі жиынтығын ұсынатын 2523 эксклюзивті емес бөлшек сауда нүктелері.



02

КОРПОРАТИВТІК СТРАТЕГИЯ

Мұраты және саладағы орнына көзқарас	20
Біздің корпоративтік құндылықтар мен басымдықтар	21
Компанияның бизнес-үлгісі	22
Компанияның даму келешегін бағалау (SWOT-талдау)	24
Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер	25
Желіні оңтайландыру және жаңа технологияларды енгізу	26
Компанияның 2025 жылға арналған басымдықтары	26




ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ






МҰРАТЫ ЖӘНЕ САЛАДАҒЫ ОРНЫНА КӨЗҚАРАС



Біздің мұратымыз:

Абоненттеріне барынша пайда әкеліп және ең жоғары сапалы қызметтер ұсынып, Қазақстанның барлық тұрғындарына байланысты қолжетімді ету!



Біздің көзқарасымыз

АЛФА, KCELL!

Біз көкжиегімізді кеңейтіп, келесілерге ұмтылудамыз:

▶ **Алдағы болашақ сәулетіне** —

Қазақстандағы үздік жаңа буын 5G желісін құруға

- 100 Мбит/с жоғары 5G жылдамдығын қамтамасыз ету;
- бүкіл ел бойынша 5G қамтуды кеңейту;
- және желілік инновацияларды енгізу арқылы.

▶ **Көшбасшылыққа** — цифрлық экожүйелерді пайдалана отырып, пайданың өсуіне негізгі сегменттерді тартуға

- 1,5 млн астам альфа мен зумерлерді тарту;
- қазір бар клиенттердің LTV-ін арттыру;
- және 5G FWA мен B2B ұсыныстарын кеңейту арқылы.

▶ **Цифрлық тәжірибені жақсарту үшін өнімдер мен сервистерді жасау бойынша тәсілдерге икемділікке**

- жетекші NPS бар телекоммуникациялық компания болуға ұмтылу;
- time to market мерзімін 2 есе қысқарту;
- және клиенттің цифрлық жолын жақсарту арқылы.

▶ **Амбицияларға, қаржылық көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз етуге**

- капиталды келешегі бар салаларға ұтымды бөлу;
- тұрақты өсу үшін сенімді қаржылық жағдайды қамтамасыз ету арқылы.

▶ **KCELL! жетістіктер мәдениеті бар және мінсіздікке ұмтылған команда құруға**

- таланттарды таңдау және жұлдыздарды өсіру;
- цифрлық оператор үшін цифрлық HR құру;
- және eNPS өсімі 38%-дан асатын табыс мәдениетін қалыптастыру арқылы.

БІЗДІҢ КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН БАСЫМДЫҚТАР

БАСЫМДЫҚТАР



ЦИФРЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІ ЖОЮ

«Кселл» АҚ біздің нарықта оңай қолжетімді инфрақұрылым мен қызметтерді дамыту арқылы цифрлық теңсіздікті азайтуға ұмтылады. Біздің қызметтер жұмыс орындарын құруға тікелей және жанама көмектесу және біз жұмыс істейтін қоғамға қаржылық үлес қосу арқылы өсу мен экономикалық дамуға ықпал етеді.



КЛИЕНТТЕРДІҢ СЕНІМ БІЛДІРУІ

Компания қазіргі және ықтимал клиенттердің сенімін ақтап, олардың бірінші таңдауы болу үшін бар күш-жігерін салады. Біздің мақсатымыз – баға мен сапаның оңтайлы ара қатынасын ұсынатын және клиенттердің табысына ықпал ететін жоғары сапалы және қауіпсіз қызметтерді ұсыну.



АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМУ

Біздің қызметкерлер компания табысының кепілі. Компания тартымды жұмыс беруші болу үшін бар күш-жігерін салады. Біз өз ұжымымызға мақсатқа ұмтылатын адамдарды тартуға және олардың кәсіби өсуіне жағдай жасауға тырысамыз.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компания қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін толығымен ескеретін бизнес-үлгі құруға ұмтылады. Біз ресурстарды үнемдейтін технологияларды дамыту, жылжыту және пайдалану арқылы жаһандық тұрақтылыққа үлес қосамыз және қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін азайтуға тырысамыз.



ИНВЕСТИОРЛАРДЫҢ МҮДДЕСІН САҚТАУ

Компания акционерлердің кең тобы үшін тартымды инвестициялар объектісі болуға ұмтылады, біздің мақсатымыз – акционерлердің жарналарының құндылығының ұзақ мерзімді тұрақты өсуі. Біз өз акционерлерімізді және нарықты Компания акцияларының құнына әсер ететін барлық маңызды оқиғалар туралы уақтылы, дереу және ашық хабарлаймыз.





КОМПАНИЯНЫҢ БИЗНЕС-ҮЛГІСІ

GRI 2-6



БІЗДІҢ КАПИТАЛ

ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Меншікті капитал

181 677

млрд теңге

Қарыз қаражат

90 639

млрд теңге

ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ

Базалық станциялар саны – **8 380** бірлік, оның ішінде 5G базалық станцияларының **997** бірлігі және 4G/LTE базалық станцияларының **4 225** бірлігі

ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛ

Зияткерлік меншіктің жиынтық құны (лицензиялар, бағдарламалық жасақтама) – **113 448** млн теңге

Nexign Converged Business Support System бірыңғай биллинг жүйесі (2022 жылдың ақпанында енгізілген)

АДАМ КАПИТАЛЫ

Қызметкерлер саны

2 385

адам

Жоғары білімі бар қызметкерлер үлесі

1 979

адам

Кадрлардың тұрақтамау деңгейі

39%

ӘЛЕУМЕТТІК-БЕДЕЛДІ КАПИТАЛ

Компания нарықта 1998 жылдан бері жұмыс істейді және мықты іскерлік беделге ие

Kcell және activ брендтері Қазақстандағы ең танымал брендтердің бірі. Компанияның 7,9 млн жуық адал клиенттерді қамтитын кең клиенттік базасы бар

ТАБИҒИ КАПИТАЛ

Компанияның қызметі қоршаған ортаға айтарлықтай тікелей әсер етпейді. Дегенмен, біз барлық бөлімшелерімізде және бүкіл өндірістік-өткізу тізбек сатыларында экологиялық таза технологиялар мен қызметтерді пайдалануды дәйекті түрде кеңейтіп келеміз



БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТ

ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

Компания өз клиенттеріне келесі қызмет түрлерін ұсынады:

- Қысқа мәтіндік хабарламаларды (SMS) жеткізу бойынша мобильді дауыстық байланыс қызметтері)
- Деректерді беру және Интернет желісіне сымсыз қосылу қызметтері
- OGO Bank мобильді қаржылық сервисі
- Қосымша қызмет түрлері (VAS), соның ішінде мобильді контентке қол жеткізу, экожүйе қызметтері және т.б.

КОМПАНИЯНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ТАУАШАСЫ

Қазақстандағы ұялы байланыс операторлары нарығындағы Компанияның үлесі

30,2% (АБОНЕНТТЕР

САНЫ БОЙЫНША)

Абоненттік база

7 968

мың абонент

Қазақстан аумағын ұялы байланыс желісімен қамту

92%

Есепті жылдың соңындағы /есепті жылғы көрсеткіштер

БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕР

КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРІ*



Реттеушілік тәуекел



Стратегиялық тәуекел



Екінші реттік санкциялар тәуекелдері



Кредиттік тәуекел



Өтімділік тәуекелі



Салық тәуекелдері



Операциялық тәуекелдер

БИЗНЕСТІ ДАМУ ТҮМҚИНДІКТЕРІ



Сапалы клиенттерді тарту және ұстап тұру



Клиенттің қажеттіліктерін түсіну және қанағаттандыру



B2B әлеуетін жүзеге асыру



Операциялық тиімділікті арттыру



Компания қызметкерлері үшін оңтайлы еңбек жағдайларын жасау

ОПЕРАЦИАЛЫҚ

Жылдық мобильді интернет-трафик – **864** Пбайт

Бір абонентке шаққандағы орташа айлық дауыстық трафик (MOU) – **151** мин/ай.

Бір пайдаланушыға шаққандағы орташа айлық табыс (ARPU) – **1 820** теңге/ай.

ҚАРЖЫЛЫҚ

Таза пайда

10 159

млн теңге

ЕБИТДА

92 130

млн теңге

Инвестициялар көлемі

78 200

млн теңге

Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу

25 027

млн теңге

ӘЛЕУМЕТТІК

Жылдық еңбекақы қоры

19,7

млрд теңге

Орташа еңбекақы

777,8

мың теңге

Персоналды оқыту шығындары

68

млн теңге

Оқуды аяқтаған қызметкерлердің үлесі

85%

Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны –

7

сағат

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

Компания автономды жүйелерді жаңғыртуға инвестиция құяды және оларды неғұрлым экологиялық таза жанармай түрлеріне ауыстырады

Компания қоршаған ортаға қауіпсіз материалдар мен технологияларды пайдалануға ұмтылады

Компанияда ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі енгізілген

*Компанияның тәуекелдері туралы толық ақпарат «Тәуекелдерді басқару» бөлімінде берілген.





КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ КЕЛЕШЕГІН БАҒАЛАУ (SWOT-ТАЛДАУ)

GRI 2-6

SWOT-талдау – бұл компанияның даму келешегін көрнекі түрде бағалауға мүмкіндік беретін әмбебап стратегиялық жоспарлау құралы. SWOT-талдауды жүргізу кезінде ұйымға әсер ететін сыртқы және ішкі фактор-

лар анықталады, олар төрт топқа бөлінеді: күшті жақтар (Strengths), әлсіз жақтар (Weaknesses), мүмкіндіктер (Opportunities) және қауіптер (Threats).

«Кселл» АҚ-ның даму келешегін SWOT-талдауы

ІШКІ ФАКТОРЛАР



Күшті жақтар (Strengths)

- Компания қазақстандық телекоммуникациялық қызметтер нарығындағы басым ойыншылардың бірі;
- Компания 5G жиіліктеріне лицензияның иегері болып табылады, Қазақстанда 5G жаңа буын желілерін дамытады;
- Клиентке бағытталған ритейл: Kcell дүкендерінің күрделі дизайны цифрлық платформалармен синхрондалады, бұл пайдаланушылардың жалпы қатысуын арттырады;
- Озық технологиялар мен инновацияларды пайдалану ұсынылатын қызметтердің сенімділігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- Цифрлық шешімдерді дамыту (дата-орталықтар, бұлтты технологиялар, IoT, Big Data);
- Компанияда корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелері енгізілген, өндірістік және бизнес-процестер жөнге салынған;
- Саладағы көп жылдық табысты жұмыс тәжірибесі Компанияға мықты оң беделді қалыптастыруға мүмкіндік берді;
- Персоналдың біліктілік деңгейі жоғары;
- Кадр саясаты икемділігімен ерекшеленеді, қызметкерлер еңбегі үшін лайықты сыйақы алады;
- Компанияда корпоративтік этика мәдениеті дамыған, қызметкерлерді оқыту жүйелі түрде жүргізіледі;
- Компанияда ішкі бақылау мен аудиттің тиімді жүйесі бар;
- Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі нормативтік құжаттар енгізілген, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі;
- Компанияда Тәртіп кодексінің кез келген бұзушылықтары, соның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз мінез-құлық және басқа да бұзушылықтар туралы хабарлауға болатын жедел желі жұмыс істейді.



Әлсіз жақтар (Weaknesses)

- Телекоммуникация саласының қарқынды технологиялық дамуы жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы жаңартуға үлкен көлемдегі инвестицияларды қажет етеді;
- Бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі;
- Нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігі тарифтік саясаттың икемділігін шектейді және пайданың төмендеуіне әкелуі мүмкін;
- Барлық ықтимал тәуекелдердің алдын алудың мүмкін еместігі.

СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР



Мүмкіндіктер (Opportunities)

- Тарифтерді белгілеудің икемдірек тәсілі;
- Клиенттерге ұсынылатын қызметтер тізбесін әртараптандыру;
- Өндірістік процестерді жетілдіру және стандарттау бойынша алдағы шаралар;
- Тиімді диалог құру арқылы тұтынушылармен тығыз байланыс орнату;
- Технологиялық инновациялар және автоматтандыру, жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану.



Қауіптер (Threats)

- Интернет-мессенджерлер мен әлеуметтік желілерді пайдалануға көшу нәтижесінде көрсетілетін дауыстық ұялы байланыс қызметтері көлемінің төмендеуі;
- Клиенттердің алдын ала төленген тарифтік жоспарлардан бас тартуы;
- Заңнамалық өзгерістердің тарифтік саясатқа теріс әсері;
- Жосықсыз жеткізушілер мен мердігерлердің шарттық міндеттемелерді бұзуы;
- Саяси немесе экономикалық жағдайдың өзгеруі;
- Технологиялық қауіптер және киберқауіптер.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

GRI 2-6

2024 жылы «Кселл» АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді, ол коммерциялық және техникалық блоктарды синхрондауға негізделген, елді мекендердің басымдықтарын ескере отырып,

желіні орналастыруды тиімді жоспарлауға, жылдамдықты арттыруға, қамтуды жақсартуға және соның нәтижесінде абоненттік база мен ARPU көрсеткішін өсіруге бағытталған.

«Кселл» АҚ-ның стратегиялық мақсаттары мен міндеттері

МАҚСАТТАР	МІНДЕТТЕРІ
 <p>Сапалы клиенттерді тарту және ұстап тұру</p>	<ul style="list-style-type: none"> Нысаналы клиенттік сегменттердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын өнімдер Клиенттердің қажеттіліктеріне негізделген өнімдерге релевантты цифрлық қызметтер мен сервистерді байыту және бандлизация (пакеттік ұсыныстарды қалыптастыру) Ұялы байланыс құрылғыларын қоса алғанда, өнімдердің кең ауқымын ұсынудағы көшбасшылық Бизнестің жаңа бағыттары Желі сапасын озық қабылдау
 <p>Клиенттердің қажеттіліктерін түсіну және қанағаттандыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> Өзекті тарифтік жоспарлар мен өнімдерді пайдаланатын клиенттік база CVM (Customer Value Management) көмегімен қажеттіліктерді қанағаттандыру арқылы абоненттік базаны және клиенттердің мінез-құлық үлгілерін проактивті дамыту Клиенттің барлық негізгі жолдары мен операцияларына онлайн қызмет көрсету
 <p>B2B әлеуетін жүзеге асыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> Жекелендірілген қызмет көрсетуі бар корпоративтік клиенттердің қажеттіліктеріне бейімделген серіктестік өнімдері Шағын және орта бизнес клиенттерінің қажеттіліктеріне мамандандырылған ыңғайлы өнімдер
 <p>Операциялық тиімділікті арттыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> Қызметкерлердің жоғары өнімділігі Шығындардың оңтайлы құрылымы мен деңгейі Процестердің қарапайымдылығы мен автоматтандырылуының жоғары деңгейі
 <p>Қызметкерлер үшін ең жақсы жұмыс орны</p>	<ul style="list-style-type: none"> Қызметкерлердің икемді өзара әрекеттесу тәжірибесіне және өкілеттіктерінің жоғары деңгейіне негізделген шешім қабылдау институты Тоқсандық жоспарлауды қолдана отырып, әр бағыт пен бөлімше үшін өршіл, қол жеткізуге болатын бизнес-мақсаттардың болуы Бизнестің маңызды салаларында тиімді әрекеттесетін кросс-функционалды командалар Нарықтағы телекоммуникациялық таланттардың жетекші жұмыс берушісі





ЖЕЛІНІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

2024 жылы Kcell компаниясы 5G желісін орналастыру бойынша лицензиялық міндеттемелерін асыра орындап, технологиялық дамудағы көшбасшылығын көрсетті. Компания базалық станциялардың сыйымдылығын елеулі арттырды, бұл байланыс пен абоненттік қызмет көрсету сапасын жақсартты.

2025 жылы Компания желіні дамытуды және жаңа технологияларды енгізуді жалғастырады. 2025 жылға стратегиялық маңызды жобалар жоспарланды: дауыстық қызметтердің сапасын арттыру үшін IMS, VoLTE интеграциясы, 3G және LTE желісін оңтайландыру үшін 5 МГц спектрін қайта жабдықтау, желіні ауқымды оңтай-

ландыру. Сондай-ақ желіні неғұрлым тиімді басқаруға және оның өзгерістеріне жеделден қояға мүмкіндік беретін ENI (Ericsson Network Intelligence) платформасын іске қосу жоспарлануда.

Компания өз алдына 5G Standalone желісін белсенді дамыту мақсатын қояды, бұл деректерді берудің жоғары жылдамдығын, төмен кідірістерді қамтамасыз етеді және жаңа технологияларды енгізу мүмкіндіктерін ашадy. Осы жұмыс бағыттарын жүзеге асыру пайдаланушы тәжірибесін жақсартуға және Kcell-дің бәсекеге қабілетті орнын одан әрі нығайтуға көмектеседі.

КОМПАНИЯНЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСЫМДЫҚТАРЫ

2025 жылы Компания түсімінің өсу факторлары FMC өнімдерін дамыту, роумингтік кірісті арттыру, B2B және VAS қызметтері бағытын кеңейту, сондай-ақ EdTech және IoT сияқты жаңа өнімдерді іске қосу болады.

Компания 2025 жылға арналған дамудың басым бағыттары ретінде инновациялық ұсыныстарды әзірледі,


цифрландыру және жекелендіру арқылы қызмет көрсету сапасын арттыруды, сондай-ақ желі инфрақұрылымын кеңейтуді және жаңғыртуды ерекше бөліп атайды. Бұл бастамалар ұзақ мерзімді және тұрақты даму үшін негіз құратын нарықтағы бәсекеге қабілетті орынды нығайтуға және клиенттер үшін Kcell қызметтерінің тартымдылығын арттыруға бағытталған.



03

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ЕСЕБІ

Макроэкономикалық жағдайлар	30
Телекоммуникация саласының жағдайы	31
Компанияның операциялық қызметі	34
Қаржылық нәтижелер	39
Салық салу	41
Сатып алу тәжірибесі	41




**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН
ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ**



МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

ЖІӨ ДИНАМИКАСЫ, кезеңдегі трлн теңге




Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

Қазақстанның 2024 жылғы атаулы ЖІӨ көлемі 134,25 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 11,4%-ға жоғары. Нақты көріністе ЖІӨ өсімі 4,8%-ды құрады.

Ең жоғары өсім ауыл шаруашылығында (+13,3%), құрылыста (+13,1%) және саудада (+8,8%) байқалды. Бұл ретте тау-кен өнеркәсібінде өндіріс көлемінің 0,3%-ға төмендеуі байқалады.


ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, кезеңдегі трлн теңге



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

2024 жылы өнеркәсіптік өндіріс 50,1 трлн теңгені, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде 22,2 трлн теңгені, өңдеу өнеркәсібінде 24,5 трлн теңгені құрады. Өнеркәсіптік өндірістің өсімі нақты көріністе 2,8%-ды құрады, бұл ретте тау-кен өндіру өнеркәсібінде 0,2%-ға төмендеу, өңдеу өнеркәсібінде 5,9%-ға өсім байқалды.


ТАУАРЛАР ЭКСПОРТЫ МЕН ИМПОРТЫ, кезеңдегі млрд долл.



Дереккөз: ҚР ҰБ

Қазақстанның экспорты 80,3 млрд доллардан 80,1 млрд долларға дейін төмендеді, бұл көбінесе әлемдік шикізат нарықтарындағы жағдайдың нашарлауы салдарынан болды. Импорт 60,4 млрд доллардан 61,2 млрд долларға дейін өсті. Экспорт төмендегенде импорттың өсуі сауда балансының оң сальдосының 20,2 млрд доллардан 18,9 млрд долларға дейін төмендеуіне әкелді.


ОРТАША АЙЛЫҚ НОМИНАЛДЫ ЕҢБЕКАҚЫ, мың теңге



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

Орташа айлық еңбекақы 2023 жылғы 360,8 мың теңгеден 2024 жылы 402,6 мың теңгеге дейін өсті. Орташа еңбекақының нақты өсімі өткен жылғы 2,3%-ға қарсы 2,7%-ды құрады.

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ИНФЛЯЦИЯ, % жылдан жылға



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

2024 жылы тұтынушылық инфляция қарқыны өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді: 2024 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ТБИ өткен жылдың қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 2023 жылдың ұқсас кезеңіндегі 114,5%-ға қарсы 108,7%-ды құрады.

Азық-түлік тауарлардың бағасы 6,0%-ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы – 7,9%-ға, ақылы қызметтердің бағасы – 13,5%-ға өсті.

ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

GRI 2-6

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар саласы дамуының жаһандық үрдістері

Халықаралық электрбайланыс одағының (ITU) соңғы бағалаулары бойынша 5,5 миллиардқа жуық интернет пайдаланушысы бар, бұл өткен жылғы 65%-бен салыстырғанда әлем халқының 68%-ын құрайды. Бұл 2,6 миллиард адам офлайн қалып тұрғанымен, жаһандық цифрлық тартылудың артып келе жатқанын дәлелдейді.

Әлем халқының 96%-дан астамы мобильді кең жолақты желілердің (3G және одан жоғары) әрекет аймағында болып тұр, бұл ретте әлем халқының жартысынан көбі 5G желілеріне қол жеткізе алады. ITU деректері бойынша, тіркелген кең жолақты қол жеткізуге жазылымдар саны

өсуде. Сонымен қатар, тіркелген телефон желілерінің саны азаюды жалғастыруда, бұл бұрынғы технологиялардан цифрлық және мобильді шешімдердің пайдасына жаһандық ауысуды көрсетеді.

Бұл деректер цифрлық трансформацияның ауқымын ғана емес, сонымен қатар әсіресе қосылу деңгейі айтарлықтай төмен, кірісі деңгейі төмен елдердегі тұрақты цифрлық алшақтықты көрсетеді. Бұл алшақтықты қысқарту халықаралық қауымдастық үшін басты сын-қатер және басымдық болып қала беруде.

ӘЛЕМ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖЕЛІЛЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ, жылдың соңына, млн

Көрсеткіші	2022	2023	2024
Орнықты телефон желілерінің саны	877,7	860,6	839,8
Орнықты КЖҚ абоненттерінің саны	1 418,7	1 495,6	1 601,2
Ұялы байланыс абоненттерінің (нөмірлердің) саны	8 617,2	8 891,1	9 144,2
Ұялы байланыстың белсенді абоненттерінің (нөмірлердің) саны	6 808,1	7 029,8	7 719,5
Халықты мобильді байланыс желісімен қамту (жеке тұлғалар саны)	7 773,5	7 868,8	7 985,9
Халықты 3G және одан жоғары деңгейдегі ұялы байланыс желісімен қамту (жеке тұлғалар саны)	7 529,2	7 642,2	7 802,8
Жеке тұлғалар – интернет пайдаланушыларының саны	5 132,2	5 416,9	5 508,8
Ұялы телефондары бар жеке тұлғалардың саны	5 056,0	5 227,8	5 434,4

Дереккөз: ITU

Адамдардың заманауи телекоммуникациялық қызметтерге қолжетімділігі олар тұратын елдердің экономикалық әл-ауқатына тікелей байланысты. Дүниежүзілік банк табыс деңгейі төмен елдер қатарына жатқызған елдерде (жылына жан басына шаққанда 1 145 доллардан төмен) 100 тұрғынға орташа есеппен 26,5 интернет пайдаланушысы келеді, ал табыс деңгейі жоғары елдерде (жан басына шаққанда жылына 14 005 доллардан астам және одан жоғары) бұл көрсеткіш 92,9 құрайды. Кедей және бай елдер 100 тұрғынға шаққандағы орнықты телефон желілерінің (38,1-ға қарсы 0,5) және тіркелген КЖҚ абоненттерінің (29,4-ге қарсы 0,9) саны бойынша айтарлықтай ерекшеленеді, бұл ретте егер бірінші көрсеткіштегі айырмашылық 2024 жылы біршама тегістелген болса, бұл ретте сымсыз байланысқа

көшуге байланысты 2024 жылы екі көрсеткіштегі айырмашылық біршама азайды.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша Дүниежүзілік банк әдістемесіне сәйкес, Қазақстан әлі де табысы орташа деңгейден жоғары елдер қатарында (жан басына шаққанда 4 516 АҚШ долларынан 14 005 АҚШ долларына дейін). 2024 жылдың басында Қазақстандағы белсенді ұялы қосылу саны 26,24 миллионға жетті, бұл ел халқы жалпы санының 133,1%-на тең. Осылайша, мобильді қызметтердің енуімен қатар стационарлық байланыс пен орнықты КЖҚ пайдаланудың төмендеуі үрдісі сақталады, бұл цифрлық технологияларға тұрақты көшудің айғағы.





ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ТАБЫС ДЕҢГЕЙІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕЛДЕРДЕГІ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК (2024 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША), 100 адамға шаққандағы саны

Көрсеткіші	Орташа әлемдік мәні	Кірісі төмен елдер	Кірісі орташадан төмен елдер	Кірісі орташадан жоғары елдер	Кірісі жоғары елдер	Қазақстан (2023 ж.)	Қазақстан (2024 ж.)
Орнықты телефон желілері (100 тұрғынға шаққанда)	9,5	0,8	2,4	11,2	28,7	13,2	15,0
Орнықты КЖҚ абоненттері (100 тұрғынға шаққанда)	21,0	0,6	5,2	33,5	39,0	14,3	18,0
Ұялы байланыс абоненттері (100 тұрғынға шаққанда)	112,0	71,0	94,5	129,5	138,0	127,0	133,1
Мобильді байланыспен қамту (%)	98,0%	91,1%	98,9%	99,6%	99,6%	99,0	99,0%
3G және одан жоғары желімен қамту (%)	95,6%	80,3%	95,3%	98,1%	99,5%	97,7	97,7%
Интернет пайдаланушылары (халықтың %)	68,0%	26,5%	54,0%	80,7%	93,4%	92,9	92,3%
Мобильді телефондардың болуы (халықтың %)	79,7%	56,2%	72,0%	84,2%	96,1%	92,8	92,8%

Дереккөз: ITU

Қазақстанның телекоммуникация саласы


КӨРСЕТИЛГЕН БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚҰНЫ, кезеңдегі млрд теңге



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

Байланыс кәсіпорындары 2024 жылы көрсеткен қызметтердің жиынтық көлемі 1,4 трлн теңгені құрады (куррьерлік және пошта қызметтерін қоспағанда). Көрсеткіштің өсуі көбінесе интернетке сымды және сымсыз қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер көлемінің ұлғаюымен байланысты болды (583,1-ден 724,3 млрд теңгеге дейін). Сонымен қатар мобильді байланыс қызметтерінің көлемі қысқарды.

БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖЕКЕ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ФИЗИКАЛЫҚ КӨЛЕМДЕРІНІҢ ӨЗГЕРҮІ, % жылдан жылға



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

2024 жылы байланыс қызметтері көлемінің нақты өсімі 3,5%-ды құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен (7,5%) төмен.

Көрсетілген байланыс қызметтерінің жиынтық көлемінің нақты көріністе өсуі көбінесе интернетке қол жеткізу қажеттілігінің өсуіне байланысты, ал басқа қызмет түрлеріне сұраныс біртіндеп төмендеуде.


СТАЦИОНАРЛЫҚ ТЕЛЕФОНИЯ ЖӘНЕ ТІРКЕЛГЕН СЫМДЫ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК АБОНЕНТТЕРІНІҢ САНЫ, кезең соңына, млн



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

Есепті жылы тіркелген телефон желілерінің саны 2,68 миллионнан 2,44 миллионға дейін азайды, сонымен қатар тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны, керісінше, 3,01 миллионнан 3,22 миллионға өсті. Осылайша, стационарлық телефониядан бас тартумен және xDSL пішімін (кәдімгі телефон желісі арқылы интернетке қолжетімділікті ұсыну) белсенді түрде алмастырып жатқан талшықты-оптикалық желілерді (ТОБЖ) пайдаланудың өсуімен байланысты көпжылдық үрдіс жалғасты.


2024 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ ЖӘНЕ АУМАҚТЫ ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІМЕН ҚАМТУ



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

2024 жылдың басындағы жағдай бойынша ел халқының 98,2%-ы ұялы байланыс желілерімен қамтылған. Бұл ретте 3G желілерімен қамту 95,8%, 4G желілерімен – 89,2%, 5G желілерімен – 38,2% құрады. Озық мобильді технологияларға, соның ішінде IoT-ге сұраныстың артуына және ынталандырушы мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуына байланысты, алдағы жылдары халықты жоғары жылдамдықтағы 5G желілерімен қамту көлемі артады деп күтілуде.

МОБИЛЬДІ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ МОБИЛЬДІ КЖҚ АБОНЕНТТЕРІНІҢ САНЫ, кезең соңына, млн



Дереккөз: ҚР СЖ және РА ҰСБ

Қазақстан аумағында қызметтер көрсететін мобильді байланыс операторларының жиынтық абоненттік базасы бір жыл бұрынғы 25,3 миллионмен салыстырғанда 2024 жылдың соңында 26,2 млн абонентті (яғни белсенді SIM карталарын) құрады. Бұл ретте мобильді КЖҚ абоненттерінің саны 17,7-ден 18,8 миллионға дейін өсті.






КОМПАНИЯНЫҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

GRI 2-6, GRI 201-1, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 413-1, GRI 415-1

Компанияның нарықтағы үлесі

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОБИЛЬДІ БАЙЛАНЫС АБОНЕНТТЕРІН ОПЕРАТОРЛАР БОЙЫНША БӨЛІНУІ




Дереккөз: ҚР СЖ және ПА ҰСБ, Kcell, VEON Ltd.

2024 жылдың соңында «Кселл» АҚ абоненттік базасы 7,9 млн абонентті (яғни белсенді SIM карталарын) немесе қазақстандық ұялы байланыс абоненттерінің жалпы санының 30,2%-ын құрады. «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мен «Кар-Тел» ЖШС үлестері тиісінше 25,6% және 44,3% абонент болды.


Негізгі операциялық көрсеткіштер

КОМПАНИЯНЫҢ АБОНЕНТТІК БАЗАСЫ, кезеңнің соңында, мың абонент




Абоненттік базаның шамалы төмендеуі нарықтың қанығуы мен жоғары бәсекелестік аясында пайдаланушы белсенділігінің тұрақтануын көрсетеді. Сонымен қатар, адал клиенттер аудиториясының сақталуымен және цифрлық қызметтерді тұтынудың өсуімен абоненттік базаның құрылымы тұрақты болып қалады.

БІР АБОНЕНТКЕ ШАҚАНДАҒЫ ОРТАША АЙЛЫҚ ДАУЫСТЫҚ ТРАФИК (MOU), айына мин




Дауыстық трафиктің төмендеуінің себебі – пайдаланушылардың мессенджерлер және VoIP қызметтері сияқты цифрлық байланыс арналарына үздіксіз көшуі, сондай-ақ дәстүрлі дауыстық байланысты тұтыну төмендеуінің жалпы нарықтық үрдісі.

МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ-ТРАФИК, кезеңдегі Пбайт



Деректерді берудің жылдық көлемінің 2023 жылғы 797 Пбайттан 2024 жылы 864 Пбайтқа дейін өсуі цифрландыру үдерісіне, интернетке мобильді қолжетімділікті пайдаланудың өсуіне, 4G және 5G желілерінің дамуына, сондай-ақ абоненттер арасында ағынды қызметтер, бұлттық шешімдер мен онлайн платформалардың танымалдылығының өсуіне байланысты.

БІР ПАЙДАЛАНУШЫҒА ШАҚАНДАҒЫ ОРТАША АЙЛЫҚ ТАБЫС (ARPU), айына теңге



ARPU-ның 2023 жылғы 1 905 теңгеден 2024 жылы 1820 теңгеге дейін төмендеуі бірқатар факторларға, соның ішінде нарықтағы баға бәсекелестігіне және абоненттердің неғұрлым қолжетімді тарифтік жоспарлар пайдасына қайта бөлінуіне байланысты. Есепті кезеңде компания цифрлық қамтуды кеңейтуге және халықтың осал топтары үшін байланыс қолжетімділігін арттыруға бағытталған, студенттерге, оқушыларға және балаларға арналған жеңілдікті ұсыныстарды қамтитын әлеуметтік бағдарланған тарифтерді белсенді түрде алға тартты. Сонымен қатар, пайдаланушылардың жалпы саны мен қызметтерді тұтыну көлемі тұрақты өсуді жалғастыруда, бұл ұзақ мерзімді клиенттер адалдығы стратегиясының тиімділігін растайды.

Желілерді дамыту

2024 ЖЫЛҒЫ KCELL ЖЕЛІСІН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ:



5G желілері. 2024 жылы Кселл 5G желісін дамыту бойынша лицензиялық міндеттемелерін толығымен орындады. Компания жалпы алғанда 5G базалық станциясының 630 бірлігін, оның ішінде Алматы қаласында 198 станцияны салып, іске қосты. Бірегей инфрақұрылымдық жетістіктердің бірі Алматы метросында 5G байланысын іске қосу болды – Қазақстанда алғаш рет бесінші буын байланысы метрополитенде қолжетімді болды. Бүгінгі таңда 5G желісі Алматы метросының 9 станциясында жұмыс істейді.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша Кселл желісі жалпы алғанда 5G базалық станциясының 997 бірлігін қамтыды. «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен 5G желілерін бөлісуді ескере отырып, Кселл абоненттеріне

қолжетімді 5G базалық станцияларының саны 1470-ке жетеді.

2025 жылға 5G базалық станциясының 589 бірлігін салу және іске қосу жоспарланған. Республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарынан басқа, жаңа буын желісі Жаңаөзен, Сарыағаш, Жетісай, Құлсары және Қаскелең қалаларында орналастырылатын болады.

Ауылдық жерлерде желілерді дамыту («250+» жобасы). «Кселл» АҚ қала мен ауыл тұрғындары арасындағы «цифрлық теңсіздікті» жою бойынша белсенді жұмысты жалғастыруда. Компания қазақстандық ұялы байланыс операторлары 2020 жылы қабылдаған «250+» бағдарламасының негізгі қатысушыларының бірі болып табы-





лады. Бағдарламаның мақсаты – 250-ден астам тұрғыны бар ауылдық елді мекендерді мобильді кең жолақты қолжетімділікпен (КЖК) қамтамасыз ету. Сонымен қатар, Компанияның мобильді КЖК қамтуын кеңейту және ауылдық жерлердегі байланыс сапасын арттыру бойынша өз бағдарламасын жүзеге асыруда.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша міндетті бағдарламаларға сәйкес 468 базалық станция және ауылдық жерлерде желілерді дамытудың өз бағдарламалары бойынша 550-ге жуық базалық станция салынды. Станцияларды салуға техникалық мүмкіндіктерді қамта-

масыз ету бөлігінде жергілікті атқарушы органдардың жәрдемдесуі шартымен, «250+» жобасы аясында Кселлдің 2024 жылға арналған лицензиялық міндеттемелері 189 базалық станцияны салу бойынша сөзсіз міндеттемелерді және 79 базалық станцияны салу бойынша шартты міндеттемелерді қамтитын. Компания сөзсіз міндеттемелерді толық көлемде орындады, шартты міндеттемелер бойынша жоспарланған 79 базалық станцияның 26-сы салынды. Шартты міндеттемелер бойынша жоспардың орындалмауының себебі – жергілікті атқарушы органдардың шарттарды орындамауы.

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ МОБИЛЬДІ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІН ДАМУДАҒЫ «КСЕЛЛ» АҚ ҚЫЗМЕТІ

2020 жыл	<ul style="list-style-type: none"> 519 елді мекенде, оның ішінде «250+» бағдарламасы аясында 329 елді мекенде және өз бастамамыз бойынша 130 елді мекенде жұмыстар жүргізілді; Жалпы алғанда 550 базалық станция іске қосылды.
2021 жыл	<ul style="list-style-type: none"> 216 елді мекенде, оның ішінде 104 елді мекенде – лицензиялық міндеттемелер шеңберінде және 112 елді мекенде – өз бастамамыз бойынша 245 базалық станция іске қосылды; 29 елді мекенде LTE технологиясын енгізу арқылы байланыс сапасы жақсартылды.
2022 жыл	<ul style="list-style-type: none"> Жалпы алғанда 258 базалық станция іске қосылды; Лицензиялық міндеттемелер шеңберінде 35 елді мекен байланыспен қамтамасыз етілді; 107 елді мекен LTE желісімен қамтумен қамтамасыз етілді; 45 елді мекен 3G және 4G желілерімен қамтумен қамтамасыз етілді; 59 елді мекенде LTE стандартын енгізу арқылы мобильді КЖК сапасы жақсартылды; 12 елді мекенде 3G пішімінде жұмыс істейтін қосымша базалық станцияларды орналастыру арқылы мобильді КЖК сапасы жақсартылды.
2023 жыл	<ul style="list-style-type: none"> Жалпы алғанда 188 ауылдық елді мекенде 204 базалық станция, оның ішінде 52 елді мекенде 3G базалық станциясының 52 бірлігі, 136 елді мекенде 4G базалық станциясының 152 бірлігі іске қосылды; «250+» бағдарламасы аясында 126, өзіндік мобильді байланыс желісін дамыту бағдарламасы аясында 78 базалық станция іске қосылды; Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін Tele2 және Beeline желілерінің 164 базалық станцияларына қол жеткізілді.
2024 жыл	<ul style="list-style-type: none"> Жалпы алғанда 364 ауылдық елді мекенде 391 базалық станция іске қосылды; Лицензиялық міндеттемелерді орындау шеңберінде 189 базалық станция іске қосылды; Басқа жобалар шеңберінде міндеттемелерден тыс 195 базалық станция іске қосылды.

B2C сегментін дамыту

2024 жылы B2C сегментіндегі негізгі өзгерістер 5G технологиясын ауқымды енгізу төңірегінде шоғырланды, бұл клиенттік қызметтерді дамыту үшін жаңа көкжиектерді ашты және компанияға өз абоненттеріне байланыс сапасы мен деректерді беру жылдамдығының мүлдем жаңа деңгейін ұсынуға мүмкіндік берді.

Технологиялық жаңартумен бір мезгілде компания тарифтік ұсыныстарды барынша дербестендіруге назар аударды. Біз пайдаланушылардың жасына, әлеуметтік мәртебесіне немесе қажеттіліктеріне қарамастан, олардың әрбір санатын қолжетімді, функционалды және шынымен де қажетті тарифпен қамтамасыз етуге ұмтылды. Бұл ұмтылыс әртүрлі нысаналы топтардың күнделікті қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген бірқатар әлеуметтік және субсидияланатын тарифтерді іске қосуда жүзеге асты.

Жаңа оқу жылының қарсаңында оқушылар мен студенттер үшін арнайы жасалған «Имба» және «Студент» деген екі арнайы тариф іске қосылды. Бұл тарифтік жоспар-

лар оқу және қатынасу үшін қажетті барлық нәрселерді қамтиды, жастарды тұрақты байланыспен және тартымды бағамен интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етеді. Бұған қоса, біз отбасылық тарифтерді ұсынып отырмыз, олар бірнеше отбасы мүшелерінің арасында дауыстық байланыс пен трафик топтамаларын бөлісуге мүмкіндік береді. Мұндай шешімдер үнемдеуге ықпал етіп қана қоймай, бір үй шаруашылығы шеңберінде байланысты пайдалану ыңғайлығын арттырады.

Бұл бастамалардың барлығы байланыстың әлеуметтік қолжетімділігін арттыру, икемді тарифтік кестені дамыту және клиенттердің ұзақ мерзімді адалдығын нығайту жөніндегі біздің неғұрлым кең стратегиямыздың бір бөлігі болды. Нәтижесінде жаңа пайдаланушылардың едәуір бөлігі дәл осы тарифтерді таңдады. Бір абонентке шаққандағы орташа табыстың (ARPU) біркелкі төмендеуіне қарамастан, Компанияның клиенттік базасы кеңейді, ал пайдаланушылардың қанағаттанушылық және қатыстырылу деңгейі едәуір өсті.

B2C СЕГМЕНТІНДЕГІ БІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕР:



145K

ойнаушы балалар күнде бізді таңдайды



20K+

FWA роутерлерінің бақытты иелері



47K

Activ абоненті бірлік пен отбасы бақытын таңдайды

B2B сегментін дамыту

B2B сегменті Kcell үшін негізгі өсу драйвері болып қала беруде. 2024 жылдың қорытындысы бойынша B2B сегментіндегі түсім өткен жылмен салыстырғанда 4%-ға ұлғайды, бұл бизнес-клиенттер арасындағы біздің шешімдерге деген тұрақты жоғары сұранысты дәлелдейді. Айтарлықтай өсу әсіресе заттар интернеті (IoT) және корпоративтік секторға арналған дауыстық шешімдер сияқты басым бағыттарда байқалады. Мысалы, IoT-шешімдерден түскен табыс әсерлі 62%-ға, ал дауыстық қызметтерден – 11%-ға өсті. Бұл бизнес ортада кеңінен қолданылып келе жатқан SIP-телефония мен FreePhone сияқты жаңа буын қызметтерін дамыту бойынша біздің мақсатты жұмыстарымыздың нәтижесі.

Виртуалды АТС (ВАТС) сегментіндегі Kcell орнын нығайту стратегиялық маңызды жетістіктердің бірі болды. Data Hunters Research деректері бойынша Қазақстанның ВАТС нарығындағы Kcell үлесі 37%-ға жетті, бұл бізді осы санаттағы сөзсіз көшбасшы етеді. Біз қазақстандық нарықта жұмыс істейтін жетекші CRM-жүйелермен біріктірілген бұлтты шешімдерді корпоративтік клиенттерге ұсынған алғашқы мобильді оператор болдық. Өзіміздің телеком-инфрақұрылымдарымыз бен нөмірлік сыйымдылықтың арқасында біз клиенттік сервистің сенімділігіне, икемділігіне және жоғары деңгейіне кепілдік береміз.





Жеке желілерді (Private LTE және Private 5G) дамыту біздің стратегиямыздың тағы бір маңызды векторы болды. Kcell 2024 жылы KAZ Minerals, Polymetal International және Eurasian Resources Group сияқты ірі компаниялардың объектілерінде жаңа буындағы өнеркәсіптік интернет құру жөніндегі жобаларды іске асыруды жалғастырды. Біз өндірістік процестерді цифрландыру және автоматтандыру үшін жаңа мүмкіндіктер аша отырып, Қазақстан мен бүкіл ТМД аумағында Private LTE және Private 5G дамытатын алғашқы компания екенімізді мақтан тұтамыз.

Мұның жарқын мысалдарының бірі Kcell-дің AlmatyFair.ai көрмесіне қатысуы болды, онда өнеркәсіптік интернеттің 5G желісі арқылы басқарылатын пилотсыз көліктің жұмысы көрсетілді. Қазақстан мен Өзбекстан пре-

зиденттерінің алдында нақты уақыт режимінде Kcell ұсынған 5G кеңейтілген желісі жұмыс істейтін ERG компаниясының «Шығыс» қимасында дербес жүктүсіргіш көліктердің жұмысы көрсетілді. Бұл жоба болашақ технологияларының тәжірибелік мүмкіндіктерін көрсетіп қана қоймай, экономиканың негізгі салаларын цифрлық өзгертудегі Kcell-дің стратегиялық рөлін де ерекше білдірді.

Осылайша, Kcell телекоммуникация нарығындағы өз орнын нығайтып қана қоймай, сенімді инфрақұрылымды, озық цифрлық шешімдерді ұсына отырып және Қазақстанның корпоративтік секторының өсуі мен жаңғыртылуы үшін тұрақты платформа құра отырып, бизнес үшін инновациялық технологиялық серіктес ретінде де әрекет етеді.

Мобильді қаржылық сервистер

2024 жыл «Мобильді қаржылық сервистер» қаржы технологиялық жобасының қарқынды даму жылы болды, бұл жобаға ұялы телефон теңгерімінен төлемдер, OGO Bonus адалдық бағдарламасы, серіктес банкпен және Mastercard халықаралық төлем жүйесімен серіктестіктегі толыққанды Необанк OGO Bank кіреді. Бес төлем ұйымымен – электрондық ақша жүйесінің операторларымен тікелей интерграциялар, көптеген маркетингтік науқандар, оның ішінде Алматы метросында және еліміздің 29 қаласында қоғамдық көлікте 1 теңгеге жол жүру мүмкіндігі жүзеге асырылды. Kcell абоненттері мобильді қосымшаның көмегімен тауарлар мен қызметтерді ұялы телефонның теңгерімінен төлей алады, картаны ұялы телефонның балансынан тегін толтыру мүмкіндігін алып, онлайн-режимде толық дебеттік көп валюталық картаны аша алады, сондай-ақ, қолма-қол ақшасыз төлемдер үшін сыйақы ретінде сатып алу сомасының 99%-ға дейін алып, OGO Bonus адалдық бағдарламасына қатыса алады. 2024 жылы 90 мыңнан астам карта шығарылды, карта ұстаушылардың жалпы саны 350 мыңнан асты.

Есепті жылы мобильді қаржылық қызметтердің жиынтық айналымы өткен жылмен салыстырғанда 8%-ға өсіп, 83 млрд теңгеге жетті; MAU (айына бір және одан

да көп төлем операцияларын жасаған абоненттер саны) 2024 жылдың басындағы 320 мыңнан жылдың соңынағы 430 мың пайдаланушыға дейін өсті.

2024 жыл ұзақ мерзімді стратегияны іске асыру шеңберіндегі «Мобильді қаржылық сервистер» (бұдан әрі – МҚС) бизнес бағыты үшін жаңа жетістіктер жылы болды. Негізгі бағыттары: үздік әлемдік іс-тәжірибелер үлгісі бойынша Қазақстандағы алғашқы «Необанкті» одан әрі дамыту; халықаралық төлем жүйелерінің тәжірибесі мен сараптамасы негізінде еліміздегі ең үздік адалдық бағдарламаларының бірін кеңейту; NPS (компания бойынша орташа көрсеткіштен 2 есе жоғары) және MultiPlay (телеком-оператордың бірнеше сервистерін пайдалану 30%-ға жуық) сияқты көрсеткіштерді арттыру үшін Kcell абоненттерін МҚС қызметтерін пайдалануға неғұрлым кеңінен қатыстыру.


Транзакциялық бизнестің «Жасалған төлемдер саны» көрсеткіші 2024 жылы 25%-дан астам өсіп, бір жылда 22 млн операциядан артты. 2024 жыл МҚС пайдаланушыларының белсенді айлық базасының көлемі бойынша рекордтық жыл болды: 2024 жылы бұл сан 25%-ға өсіп, 430 мыңнан астам адамды құрады.

МОБИЛЬДІ ҚАРЖЫЛЫҚ СЕРВИСТЕРДІҢ ӨНІМДЕРІ

Өнім	Қысқаша сипаттамасы	Ерекшеліктері
Теңгерімнен төлемдер	Қосымшада және сайттарда телефон теңгерімінен 3000-нан астам қызмет ақысын төлеу	Абоненттің тарифтік жоспарына байланысты 100%-ға дейін кешбэк алып, коммуналдық қызметтерді, қоғамдық көлікте жүруді, ойындарды, билеттерді және т.б. төлеу мүмкіндігі
Play мен AppStore-дағы төлемдер	Ойындарды, кітаптарды, контентті теңгерімнен төлеу	Сатып алу сомасының 5%-ға дейін кешбэк алатын төлем құралы ретінде аккаунтқа байланыстырылған ұялы телефонның балансынан төлем
OGO Бонус	Қызметтерді пайдаланушыларға арналған адалдық бағдарламасы	Ұялы телефон балансынан Kcell немесе Active қосымшасында, сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарының сайттарында төлем сомасынан 100% дейін кешбэк алып жасалған төлемдер үшін бонустық сыйақы бағдарламасы

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР


БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ, кезеңнің соңына, млн теңге



Компания активтерінің баланстық құны 2024 жылы 8,5%-ға өсіп, 424,5 млрд теңгені құрады. Көрсеткіштің өсуі көбінесе негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнына байланысты болды.


Меншікті капитал 6%-ға өсті. Міндеттемелер көбінесе ұзақ мерзімді несиелер мен ұзақ мерзімді жалдау міндеттемелерінің ұлғаюы есебінен 10,5%-ға өсті.

ПАЙДА КӨРСЕТКІШТЕРІ, кезеңдегі млн теңге



Компанияның операциялық пайдасы өткен жылмен салыстырғанда 32,6%-ға азайды. Төмендеу, ең алдымен, біз желіні жаңғыртуға және 5G орналастыруға жұмсаған рекордтық күрделі шығындарға байланысты. Біз базалық станцияларды салуға және жаңартуға, сондай-ақ елеулі салымдарды қажет ететін жаңа технологияларды дамытуға белсенді инвестиция құйдық.

2024 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН КІРІСТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



Компанияның негізгі қызметінен түскен кірістері 2023 жылмен салыстырғанда 6,1%-ға өсіп, 241,3 млрд теңгеге жетті. Негізгі қызметтен түсетін кіріс құрылымында дауыстық байланыс және деректер беру қызметтерінің үлестік салмағы 75,6% құрады, екінші маңызды кіріс бабы – мобильді құрылғылар мен жабдықтарды сату болды.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН КІРІСТЕР, кезеңдегі млн теңге




2023 жылмен салыстырғанда дауыстық байланыс және деректер беру қызметтерін көрсетуден түскен кірістер 1,8%-ға өсті, мобильді құрылғылар мен жабдықтарды сатудан түскен кірістер 9,4%-ға төмендеді.





2024 ЖЫЛҒЫ КОМПАНИЯ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




Компанияның шығындар құрылымында ең көп үлесті жалпы шығындардың 78,3%-ын құрайтын сатудың өзіндік құны алады. Сондай-ақ қаржылық шығындар (9,4%), жалпы және әкімшілік шығындар (4,52%) маңызды баптар болып табылады. Шығындардың басқа түрлеріне жиынтық шығындардың шамамен 7,6% келеді.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР, кезеңдегі млн теңге



Күрделі салымдар көлемі 2023 жылмен салыстырғанда азайып, 78,2 млрд теңгені құрады. Бұл ретте материалдық емес активтерге салымдар 15,7 млрд теңгені, негізгі құралдарға салымдар 62,4 млрд теңгені құрады.

АҚША АҒЫНДАРЫ, кезеңдегі млн теңге




Операциялық қызметтен түсетін ақша ағыны 2023 жылмен салыстырғанда 1,0 млрд теңгеге азайып, 79,2 млрд теңгені құрады. Бұл ретте таза ақша ағыны теріс болып қалды және «минус» 2,6 млрд теңгені құрады (2022 жылы – «минус» 34,3 млрд).

Инвестициялық қызметтен түсетін теріс ақша ағыны көбінесе материалдық емес активтерді сатып алуға жұмсалған шығындардың азаюы есебінен төмендеді.

Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағыны несиелерді өтеуге жұмсалған шығыстардың айтарлықтай өсуіне байланысты теріс болып қалыптасты (2023 жылы «минус» 2,4 млрд теңгеден 30,7 млрд теңгеге дейін).

ТАБЫСТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Сатудың өзіндік құнының және операциялық шығындардың өсуіне байланысты таза пайданың азаюы негізгі табыстылық көрсеткіштерінің төмендеуіне әкелді.

Активтердің табыстылығы 8,4%-дан 2,4%-ға, сатылымдар табыстылығы – 14,7%-дан 4,3%-ға, меншікті капиталдың табыстылығы – 19,2%-дан 5,6%-ға төмендеді. ЕБИТДА бойынша табыстылық 41,8%-дан 38,2%-ға дейін төмендеді.

САЛЫҚ САЛУ

GRI 207-1, GRI 207-2, GRI 207-3

«Кселл» АҚ өз қызметінде салық есебінің және есептілікті дайындаудың регламенттелген рәсімдерін ұстанады, салық есебі салық заңнамасының талаптарына қатаң сәйкестікте жүргізіледі. Компания заңнаманың талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде барлық қажетті есептілікті ұсынды қамтамасыз ете отырып, салық органдарымен ашық өзара іс-қимылға ұмтыла-

ды. Компания өз қызметін төмен салықтық юрисдикцияларда жүзеге асырмайды және агрессияшыл салықтық жоспарлау әдістерін қолданбайды.

«Кселл» АҚ төлеген салық төлемдерінің жиынтық сомасы 2023 жылы 116,4 млрд теңгені, 2024 жылы – 25 млрд теңгені құрады.

«КСЕЛЛ» АҚ САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ, кезеңдегі млн теңге

Салық түрі	2022	2023	2024
КТС	12 901,20	13 852,40	5 600,00
ҚҚС	13 224,60	13 240,80	10 116,00
ЖТС	1 578,10	2 540,00	1 552,40
Өлеуметтік салық	1 135,40	1 414,80	1 388,00
Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем	1 636,90	80 455,10	3 027,90
Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты ұсынғаны үшін төлем	2 169,50	2 423,50	2 037,80
Басқа салықтар мен міндетті төлемдер	2 001,90	2 486,00	1 305,20
Жиынтық салық төлемдері	34 647,50	116 412,80	25 027,30

САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 415-1

Сатып алу процестерін басқару «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (бұдан әрі – ҰӘҚ) сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органының нормативтік құжаттарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. ҰӘҚ электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі сатып алу процестерін басқару құралы болып табылады.

Сатып алуды жүзеге асыру кезінде Компания келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- шығындарды азайту;
- қажетті тауарлармен, жұмыстармен және талап етілетін сападағы қызметтермен уақтылы қамтамасыз ету;
- сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;
- қабылданған шешімдерді бақылау және оларға жауапкершілік.

2024 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ САТЫП АЛУЛАРЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

2024 жылға арналған жоспар	43,2 млрд теңге
Жасалған шарттар саны	1412
Жеткізушілер саны	865
Жасалған шарттар сомасы	40,1 млрд теңге
Сатып алу жоспарын орындау	98,78%
Үнемдеу	2,3 млрд теңге (5,26%)
Бәсекелестік тәсілдермен жүргізілген сатып алу үлесі, шарттардың жалпы сомасының %	57,6%
Сатып алынған тауарлардағы жергілікті қамту үлесі	8,26%
Сатып алынған жұмыстардағы/қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	85,91%



04

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Компанияның ағымдағы ESG-бейіні	44
Компанияның тұрақты даму саласындағы стратегиялық басымдықтары	46
БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге	
Компанияның қосқан үлесі	46



5G

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН
ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ**



КОМПАНИЯНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ESG-БЕЙІНІ

GRI 2-13, GRI 2-14, GRI 2-16, GRI 2-24, GRI 2-25

2023 жылы Компанияның ағымдағы ESG-бейінін бағалау мақсатында SWOT-талдау жүргізіліп, оның барысында тұрақты даму мәнмәтінінде Компания дамуының стратегиялық аспектілері нақтыланды. Жүргізілген талдау нәтижелері 2024 жылы өзекті болып қалуда.

SWOT-талдау тұрақты даму мәнмәтінінде компанияның инвестициялық тартымдылығына және операциялық тұрақтылығына әсер етуі мүмкін бірқатар тәуекелдерді (инвестициялық, реттеушілік және беделді) анықтады.

Атап айтқанда, климаттық тәуекелдерді ашудың жеткіліксіз ашықтығына, АКТ қызметтері және реттеушілік қысым саласында, әсіресе ESG саласында нормативтік талаптардың өзгеруіне байланысты инвестициялық тартымдылықтың төмендеу қаупі бар.

Осы тәуекелдерді азайту үшін нақты стратегиялар ұсынылады. Экологиялық аспектіде Компания ПГ шығарынд

ындыларын есепке алу жүйесін енгізіп және халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық менеджмент жүйесін енгізе отырып, климаттық тәуекелдерге қатысты өзінің ашықтығы мен жауапкершілігін арттыра алады.

Әлеуметтік тәуекелдерді адам капиталына инвестициялау, оның ішінде адам құқықтарының тәуекел картасын әзірлеу және халықаралық стандарттарды белсенді қолдану арқылы азайтуға болады.

Басқару аспектісі GRI, IFRS S1 және S2 халықаралық стандарттарын мұқият сақтауды, сондай-ақ көміртегі іздері туралы ақпаратты ашу үшін CDP бағдарламасына белсенді қатысуды талап етеді. Бұл қадамдар Компанияға реттеуші қысыммен күресуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оның беделі мен инвестициялық келешегін жақсартады.

«Кселл» АҚ-ның ESG-бейініне SWOT-талдау жүргізу



КҮШТІ ЖАҚТАР



ӘЛСІЗ ЖАҚТАР



МҮМКІНДІКТЕР



ТӘУЕКЕЛДЕР

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

- | | | | |
|---|---|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> • Парниктік газдардың төмен шығарындылары • ДҒӨ-да энергия тұтынудың бөлек есебі жүргізіледі | <ul style="list-style-type: none"> • Компанияда климаттық әсерлерді басқару жүйесі жөнге келтірілмеген және ПГ шығарындыларын азайту бойынша қадамдар белгіленбеген • Компанияда қалдықтарды кедерге жарату және жою (көму, өртеу) бойынша мақсатты көрсеткіш белгіленбеген • Экология саясаты енгізілмеген • Компанияда төмен көміртекті өнімдер деп жіктелетін өнімдер және/немесе қызметтер жоқ • Компанияда Компания қызметінің биоалуантүрлілікке әсеріне мониторинг жүргізу рәсімі жоқ | <ul style="list-style-type: none"> • Қоршаған ортаны қорғау аспектілері бойынша сандық нысаналы көрсеткіштерді енгізу (қалдықтардың пайда болуын азайту, ПГ шығарындыларының көлемін азайту) • Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған өнімдерді, іс-әрекет түрлері мен қызметтерді айқындау • Компанияның операциялық қызмет аймақтарындағы биоалуантүрліліктің ағымдағы деңгейін бағалау • Өтпелі климаттық тәуекелдерді есепке алу және бағалау (TCFD ұсынымдарына сәйкес) • ПГ шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін «жасыл инвестицияларды» тарту | <ul style="list-style-type: none"> • Қымбат тұратын төмен көміртекті технологиялар • Экологиялық нормативтер бойынша, соның ішінде телекоммуникация саласы үшін талаптарды қатайту • Төтенше ауа райы жағдайлары бизнес пен инфрақұрылым беделіне нұқсан келтіруі мүмкін • Климаттық тәуекелдер туралы ақпараттың жеткіліксіз ашылуына байланысты инвестициялық тартымдылықтың төмендеуі • Климаттық жобалардың институционалдық және нормативтік базасының болмауына байланысты алынбай қалған пайда |
|---|---|--|--|

ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ

- Телекоммуникация аясында пікір білдіру бос-тандығына қатысты сала саясаты
- Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқарудың дамыған жүйесі
- Кері байланыс тетіктерінің дамыған жүйесі
- Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жүйесінің болуы
- Митигация шараларының сипаттауы бар қызметкерлерді басқару саласындағы тәуекелдер тізілімі
- Оқыту мен біліктілікті арттырудың дамыған жүйесі
- Қолжетімділік аймағы бойынша АКТ қызметтерінің қолжетімділігі
- Қызметкерлердің тиімділігін басқаруды жеке және/немесе командалық бағалаудың дамыған жүйесі
- Компанияның деректерді қорғау жөніндегі құпиялылық саясаты
- Адам құқықтары саласындағы тәуекелдерді бағалау және басқару процесінің болмауы
- Ұжымдық шарттың болмауы
- Әртүрлілік пен кемсітушілік саласындағы саясат пен басқару тетіктерінің болмауы
- Еңбек ақысын төлеуде гендерлік теңдікті қамтамасыз ететін бағдарламалардың болмауы
- Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саласындағы саясат пен басқару тетіктерінің болмауы
- Жұмыскерлерге арналған ұзақ мерзімді ынталандырудың болмауы
- Қауымдасу еркіндігінің болмауы
- Құпиялықты қорғау туралы ақпарат беру
- АКТ технологиялары арқылы халықтың білім деңгейін арттыру
- Адам капиталына инвестиция құю
- Онлайн қызметтерді ұсынуды кеңейту арқылы Компанияның кірісін ұлғайту
- Адам құқықтары саласындағы тәуекелдерді басқару
- Ресурстарды оңтайландыру үшін жаңа қосымшалар мен платформаларды енгізу мүмкіндігі
- Адам құқықтары саласындағы мүдделі тараптардың сұранысына сәйкес келетін жаңа қосымшалар мен платформаларды енгізу мүмкіндігі
- Адам құқықтары саласындағы тәуекел картасын енгізу мүмкіндігі
- Компания қызметкерлері мен мердігерлері үшін қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту
- Білікті персонал үлесін ұлғайту
- Қызметкерлердің әл-ауқатының динамикасын арттыру
- Халықтың нақты табыстарының төмендеуіне әсер ететін экономикалық жағдай
- Алматыдағы орталық байланыс арнасына тәуелділік
- АКТ қызметтеріне қойылатын нормативтік және заңнамалық талаптардағы өзгерістер

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлардың жоғары үлесі
- Директорлар кеңесінің жанында Аудит және тұрақты даму жөніндегі комитет жұмыс істейді
- Цифрлық экономиканы дамыту және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету жобаларына белсенді қатысу
- Өнімдер мен қызметтердің әртарапандырылған портфелі
- Тұрақты даму қағидаттары Компанияның операциялық және стратегиялық қызметіне саясаттар, кодекстер, жарғылар, даму стратегиясы және ТҚДБ сияқты әртүрлі корпоративтік құжаттар арқылы біріктірілген
- ТДМ-ға қол жеткізудің басымдықтары анықталды
- ESG саласындағы мақсаттар белгіленді және негізгі тиімділік көрсеткіштері анықталды
- Компанияның Директорлар кеңесі мен топ-менеджменті тұрақты даму мәселелеріне белсенді қатысады
- ESG-есептіліктің жеткіліксіз ашықтығы
- Басқарма мен Директорлар кеңесінде әйелдердің төмен өкілдіктігі
- Мемлекеттік реттеу мен бақылауға тәуелділік
- Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау кезінде әртүрлілік факторларын есепке алудың нақты талаптарын айқындайтын Директорлар кеңесінің әртүрлілік саясаты әзірленбеген
- Бас атқарушы директордың сыйақысы, барлық басқа қызметкерлердің орташа сыйақысы және олардың арасындағы арақатынас туралы ақпарат ашылмайды
- Топ-менеджменттің сыйақысының төмен ашықтығы
- Компанияның тәртіп/әдеп кодекстерін бұзу (мысалы, сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік және т.б.) туралы ақпарат ашылмайды
- ESG-тәуекелдерді басқару жүйесінің болмауы
- Қызметкерлердің жұмысын бағалау жүйесінде нормаларды/әдеп кодексін сақтауға және Компаниядағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаумен байланысты қызметкерлерге сыйақы беру қарастырылмаған
- Компанияда сәтті жүзеге асырылып жатқан жылдам технологиялық өзгерістер мен инновациялар
- Жергілікті экономикалық өсу
- Компания операцияларына ESG біріктіру арқылы инвестициялар тарту
- Клиенттік базаны кеңейту және нарықтағы орынды нығайту үшін нарықтағы үлесті арттыру
- Тұрақты даму қағидаттарын пайдалана отырып, жаңа өнімдер мен қызметтер дизайны арқылы құндылық жасау мүмкіндігі
- GRI, IFRS S1, S2 халықаралық стандарттарын қолдана отырып, жоғары ESG рейтингін алу және CDP-де көміртегі ізі туралы ақпаратты ашу
- Әлеуметтік жауапкершілікті арттыру
- ESG іс-тәжірибелерін жақсарту және оларды Компанияның бизнес-процестеріне біріктіру үшін халықаралық тәжірибе мен серіктестікті пайдалану
- Жеткізушілермен өзара әрекеттесу кезінде маңызды тәуекелдерді айқындау және жою, оларға даму және ESG факторларына теріс әсерді азайту мүмкіндігін беру арқылы жеткізушілердің ESG бағдарламасын енгізу бойынша прецедент орнату
- Жүйеге рұқсатсыз кіру салдарынан деректер қауіпсіздігінің бұзылуы, құпия деректердің ағып кетуі
- Бизнес саласына әсер етуі мүмкін геосаяси қақтығыстар, саяси тұрақсыздық және саяси басқару құрылымындағы өзгерістер тәуекелі
- Реттеушілік тәуекелі: реттеушілер мен инвесторлардың ESG саласындағы қысымының артуы, осы салада қосымша күш пен назар аударуды талап етеді
- Халықаралық деңгейдегі ықтимал санкциялар мен шектеулер
- Қаржылық тұрақтылықтың төмендеуі тәуекелі. Әлем экономикасының өсу қарқынының баяулау қаупі, жоғары инфляция мен өтімділіктің жеткіліксіздігі түріндегі экономикалық дағдарысқа байланысты ықтимал проблемалар
- Өсіресе монополияға қарсы саясат және құпиялылық салаларында шешуге назар мен ресурстарды қажет ететін құқықтық даулардың немесе сот талқылауларының туындау мүмкіндігі





КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ

GRI 2-13, GRI 2-14, GRI 2-23, GRI 2-24, GRI 2-25

Ағымдағы ESG-бейінін бағалау негізінде «Кселл» АҚ тұрақты даму саласында өзіне 11 басымдықты айқындады, оларды іске асыру 2024-2032 жылдарға жоспарланған.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

- Энергия тиімділігі
- Парниктік газдар шығарындыларын азайту
- Қалдықтарды тиімді басқару



ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ

- Персоналды басқару жүйелерін дамыту
- Адам құқықтарын қорғау
- Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау және дамыту



БАСҚАРУШЫЛЫҚ АСПЕКТ

- Корпоративтік басқару тәжірибелерін жетілдіру
- Іскерлік әдепті сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Тұрақты дамуды жүзеге асыру
- Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ КОМПАНИЯНЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

GRI 2-24

«Кселл» АҚ 2015 жылғы 15 қыркүйектегі 70/1 «Біздің әлемді өзгерту: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» БҰҰ Бас ассамблеясының қарарында бекітілген тұрақты даму саласындағы БҰҰ Жаһандық күн тәртібінің мақсаттары мен міндеттерін толық көлемде бөліседі. Компания БҰҰ Жаһандық күн тәртібінің тұрақты даму саласындағы барлық 17 мақсатының маңыздылығын мойындайды және оларға қол жеткізуге өз үлесін қосуға тырысады. Компанияның операциялық бейінін және оның бизнес-үлгісін ескере отырып, ол өзінің негізгі қызметі шеңберінде тікелей үлес қосатын, алдына қойылған 17 мақсаттың 9-ы неғұрлым ол үшін ең өзекті болып табылады.

Басым ТДМ-ді «Кселл» АҚ-ның ESG-стратегиясына интеграциялау тұрақты бизнес-үлгі шеңберінде күш-жігер мен даму бағыттарын біріктіре отырып, стратегиялық түрткі болып табылады. Экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелердің кең ауқымын қамти отырып, ТДМ тәуекелдерді барынша азайтуға ықпал ете отырып, Компанияның тұрақты дамуына қол жеткізуге кешенді тәсілді қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қолғабыс етіп қана қоймай, Компанияның жалпы тиімділігін арттыруға да жәрдемдеседі. ESG-стратегиясын БҰҰ ТДМ-мен келісу «Кселл» АҚ-ның ұзақ мерзімді келешектегі бәсекелестік артықшылығын қамтамасыз ете отырып, мүдделі таараптардың қажеттіліктерін қанағаттандырады.



НЫСАНАЛЫ ESG ІС-ШАРАЛАРЫ

Ксell мүдделі тараптары	Ксell	БҰҰ ТДМ	Іс-шаралар саны
Клиенттер	Құпиялылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі Сапалы қызметтер көрсету	№ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер № 3 – Жақсы денсаулық және аман-есендік № 10 – Теңсіздікті азайту	
Қызметкерлер	Әділ еңбек ақысын төлеу Еңбекті қорғау Жеке әлеуетті жүзеге асыруға жағдай жасау, қатыстырысуды арттыру	№ 8 – Лайықты жұмыс және экономикалық өсу № 10 – Теңсіздікті азайту № 13 – Климаттың өзгеруімен күресу № 5 – Гендерлік теңдік	
Акционерлер	Экономикалық және қаржылық көрсеткіштер Корпоративтік басқарудың үздік іс-тәжірибелеріне берілгендік Тұрақты даму	№ 8 – Лайықты жұмыс және экономикалық өсу № 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым № 13 – Климаттың өзгеруімен күресу	
Серіктестер	Барлық міндеттемелерді орындау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Айқындық	№ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер № 3 – Жақсы денсаулық және аман-есендік № 17 – Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік	> 200 ESG іс-шаралары
Мемлекет	Цифрлық экономиканы дамытуға жәрдемдесу Телекоммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесу Қайырымдылық және демеушілік Тұрақты даму	№ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым № 13 – Климаттың өзгеруімен күресу № 15 – Құрлықтың экожүйелерін сақтау № 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер	
Қоғам	Жанама экономикалық әсер Әлеуметтік инвестициялар арқылы өмір сүру сапасын арттыру Жаңа технологияларға қолжетімділікті кеңейту	№ 8 – Лайықты жұмыс және экономикалық өсу № 10 – Теңсіздікті азайту № 3 – Жақсы денсаулық және аман-есендік № 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым	



05

КОРПОРАТТИК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі	50
Акционерлік капитал	51
Акционерлердің құқықтары	51
Дивидендтер төлеу	52
Басқару органдары	52
Акционерлердің жалпы жиналысы	53
Директорлар кеңесі	54
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер	61
Басқарма	63
Сыйақылар туралы ақпарат	66
Заңнама талаптарын сақтау	66
Комплаенс-бақылау	67
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	68
Мүдделер қақтығысын басқару	69
Байланысты тараптармен мәмілелер	70
Ішкі аудит	71
Сыртқы аудит	71



**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН
ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ**



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Компанияның корпоративтік басқару құрылымы, қағидаттары мен рәсімдері 2021 жылғы 24 мамырда Компания акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген «Кселл» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде (КБК) бекітілген. Кодексті қабылдаудың мақсаты – Компанияның корпоративтік басқаруын жетілдіру және жүйелендіру, оны басқаруда неғұрлым ашықтықты қамтамасыз ету және Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарына бейімділігін растау.

КБК ережелеріне сәйкес корпоративтік басқару деп Компанияның қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін және акционерлер, Директорлар кеңесі, Басқарма, Компанияның басқа органдары мен мүдделі тараптар арасындағы қарым-қатынасты қамтитын процестер жиынтығы түсініледі. Компания корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және капиталды тарту кезінде шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады.

«КСЕЛЛ» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау	Корпоративтік басқару акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделеді, Қоғамның тиімді жұмыс істеуіне, оның ішінде оның активтерінің өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықтың сақталуына ықпал етеді.
Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқаруы	Директорлар кеңесінің қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау және жүзеге асыру қағидаттарына негізделген және Қоғамның нарықтық құнын арттыруға бағытталған. Заңдылық, адалдық, риясыздық, парасаттылық, жүйелілік, кәсібилік, әділдік Басқарма қызметінің қағидаттары болып табылады.
Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудағы ашықтық пен әділдік	Қоғам акционерлерге және басқа да мүдделі тұлғаларға сенімді ақпаратты, оның ішінде өзінің қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, тиімділігі, меншік құрылымы мен басқару жүйесі туралы ақпаратты уақтылы және дұрыс ашу арқылы барынша ашықтықты қамтамасыз етуге тырысады.
Заңдылық және әдеп	Қоғам заңнамаға және жалпы қабылданған іскерлік әдеп стандарттарына, ішкі нормативтік құжаттарға және шарттық міндеттемелерге қатаң сәйкес жұмыс істейді.
Тиімді дивидендтер саясаты	Қоғам дивидендтер төлеуді өзінің дивидендтік саясатына, заңнамаға, Жарғысына және Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады. Дивидендтерді бөлу туралы шешім қабылдау кезінде оларды төлеу заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.
Тиімді кадр саясаты	Қоғам заңнамаға және «Кселл» АҚ Әдеп және тәртіп кодексіне сәйкес өз қызметкерлерінің құқықтарына кепілдік береді. Қоғам әлеуметтік мәселелерді шешу және еңбек жағдайларын реттеу үшін персоналмен серіктестік қатынастарды дамытады.
Тұрақты даму	Елдегі экономикаға, қоршаған ортаға және әлеуметтік дамуға тигізетін әсерінің маңыздылығын түсіне отырып, Компания ұзақ мерзімді келешектегі өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, сонымен қатар акционерлердің мүдделерін теңестіруге және болашақта өзінің көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылады.
Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу	Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері қатардағы қызметкерлермен бірлесе отырып, өздерінің кәсіби міндеттерін орындауға адал және парасаттылықпен қарайды, Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет ете отырып және сонымен бірге мүдделер қақтығысын болдырмай, тиісті дәрежеде қамқорлық пен абайлаушылық танытады. Қоғамның лауазымды тұлғалары орын алған кез келген мүдделер қақтығысы туралы Корпоративтік хатшыға дереу хабарлайды.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

Қоғамның акционерлік капиталына бір акцияның номиналды құны 169 теңге болатын 200 000 000 толық төленген жай акция кіреді. Қоғамның акцияларының бақылау пакеті «Қазақтелеком» АҚ-на тиесілі, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі «Самұрық-Қазына» ұлттық

әл-ауқат қоры» АҚ арқылы бақылайды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акция иелерінің толық тізімі төмендегі кестеде көрсетілген.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ИЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

	2024 жылдың 31 желтоқсаны	2023 жылдың 31 желтоқсаны
«Қазақтелеком» АҚ	51,00%	51,00%
«KC HOLDING LTD» жеке компаниясы	14,87%	–
«First Heartland Jusan Bank» АҚ	9,08%	9,08%
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	7,10%	7,06%
«ҚАЗПОШТА» АҚ	3,36%	2,36%
«Самұрық-Қазына» АҚ	2,97%	--
«ЖАСЫЛ ДАМУ» АҚ	2,73%	2,59%
Т.Р. Турлов	1,99%	2,19%
«TURLOV PRIVATE HOLDING LTD» жеке компаниясы	1,91%	–
«Райффайзенбанк» АҚ	1,54%	1,54%
Г.Ш. Есенов	–	14,87%
Басқа акционерлер	3,45%	9,31%
Жиыны	100,00%	100,00%

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2019 жылғы 29 мамырда Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілген «Кселл» АҚ Жарғысында (бұдан әрі – Жарғы) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген акционерлердің құқықтары толығымен бекітілген. Атап айтқанда, **акционердің келесідей құқықтары бар:**

- қолданастағы заңнамада және (немесе) Жарғыда белгіленген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысуға;
- дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленген кезде Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
- дивидендтер алуға;
- Акционерлердің жалпы жиналысында немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Компанияның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде оның қаржылық есептілігімен танысуға;
- орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- Компания акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді ұсынуға;
- Компанияның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
- Компанияның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызына дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленген кезде, заңнамада көзделген жағдайларда Компанияның лауазымды тұлғаларынан Компанияға келтірілген залалдарды өтеу туралы және Компанияның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешімдер (жасау туралы ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) Компанияға қайтаруы туралы талаппен өз атынан органдарына жүгінуге;
- Компанияға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және олар Компанияға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- Компания таратылған кезде мүлктің бір бөлігін алуға;





11. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен Компанияның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
12. заңнамада белгіленген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысының Компания акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға;
13. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы Жарғыға сәйкес қосымша құқықтарға ие болуға.

Дауыс беретін акциялардың 10%-ы және одан да көп пайызын иеленетін ірі акционер немесе дауыс беретін акциялардың жалпы санының 10%-ы және одан да көп пайызын иеленетін және олардың арасында жасалған келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционер құқылы:

1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі оны шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа талаппен жүгінуге;

2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
3. акционердің қаражаты есебінен аудиторлық ұйымның Компанияға аудит жүргізуін талап етуге.

Компанияның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленетін акционерлер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жеке мүшесіне жыл қорытындысы бойынша берілетін сыйақы мөлшері туралы ақпаратты келесі шарттар бір уақытта бар болған жағдайда алуға құқылы:

- егер сот Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің оның (олардың) немесе оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алу мақсатында қоғамның акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін анықтаса;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің адал емес әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Компанияға залал келтіруге әкелгені дәлелденсе.

ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ

Дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Жай акциялар бойынша дивидендтер тиісті кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті жүргізілгеннен кейін жылдың, жарты жылдың және/немесе тоқсанның қорытындысы бойынша төленуі мүмкін.

2022, 2023 және 2024 жылдары дивидендтер төленген жоқ. 2021 жылы 17 млрд 578 млн теңге көлемінде дивидендтер төленді.

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

GRI 2-9

Акционерлердің жалпы жиналысы	жоғарғы басқару органы
Директорлар кеңесі	Компанияның стратегиясын әзірлеуге, оның қызметіне жалпы басшылық жасауға және Басқарма қызметін бақылауға жауапты басқару органы
Басқарма	Компанияның ағымдағы қызметін басқаратын және Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы айқындаған стратегияны жүзеге асыратын алқалы атқарушы органы
Ішкі аудит қызметі	Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын, ішкі бақылаудың және тәуекелдерді басқарудың тиімділігін бағалайтын орган

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

GRI 2-9

Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- КБК, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға алмастыру туралы шешім қабылдау, мұндай алмастыру шарттарын, мерзімін және тәртібін айқындау;
- есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- Компанияның жылдық қаржылық есебін бекіту;
- Компанияның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдау және Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- тоқсан, жарты жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы, бөлінбеген табысты бөлу туралы шешім қабылдау, Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтер мөлшерін бекіту;
- Компанияның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- Компания акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- Компанияға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Компанияның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Компанияның акционерлерге хабарлама беру нысанын айқындау;
- Компания акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- Жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту;
- акционерлерге, егер мұндай тәртіп қоғамның жарғысында айқындалмаса, қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
- «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;
- Компанияның дивидендтік саясатын бекіту;
- олар бойынша шешім қабылдау Заңмен және (немесе) Жарғымен Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі барлық акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқықтарын жүзеге асыруға тең мүмкіндік береді. Акционерлер жеке өзі немесе қатысуынсыз дауыс бере алады (үшінші тұлғаға берілген сенімхат бойынша). Акционерлердің жалпы жиналысының жұмыс регламенті ақылға қонымды жеткіліктілікке және күн тәртібіндегі мәселелерді кеңінен талқылау және олар бойынша орынды шешімдер қабылдау мүмкіндігіне негізделген.





ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

GRI 2-9, GRI 2-10, GRI 2-11, GRI 2-12, GRI 2-16, GRI 2-18, GRI 2-19, GRI 2-20, GRI 202-2, GRI 405-1

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін және Компанияны басқару үшін жалпы жауапкершілікті көтеретін, Компанияға стратегиялық басшылықты және Басқарманың қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттары мен жобаларын (даму стратегиясын) айқындау, олардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) мұндай саясаттар немесе өзге де құжаттар Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жататын жағдайларды қоспағанда, Компания қызметінің негізгі мәселелері бойынша Қоғамның саясаттарын немесе өзге де ішкі құжаттарды бекіту;
- 3) жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыру туралы шешім қабылдау;
- 4) Заңның талаптарын сақтай отырып, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 7) Қоғамның жылдық есебін бекіту;
- 8) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың құрамын айқындау, оның мүшелерін сайлау, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 9) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 11) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысын, еңбек ақысын төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 12) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту;
- 13) Басқарма Төрағасымен және мүшелерімен жасалатын үлгілік еңбек шарттарының нысандарын бекіту;
- 14) Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма мүшелері мен басқа да қызметкерлері үшін сабақтастықты жоспарлау бағдарламаларын бекіту;
- 15) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақысын төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;
- 16) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және оған сыйлықақы беру шарттарын айқындау, сондай-ақ Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;
- 17) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 18) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондарды өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 19) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 20) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызын сатып алуы (иліктен шығаруы) туралы шешімдер қабылдау;
- 21) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет түрлері бойынша шешімдер қабылдау;
- 22) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының 10 (он) және одан да көп пайызына ұлғайту;
- 23) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
- 24) оларды жасау туралы шешімді Жалпы жиналыс Заңға және осы Жарғыға сәйкес қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның ірі мәмілелер жасауы туралы шешім қабылдау;
- 25) Заңда немесе Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның мүддесі бар мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;
- 26) Қоғамның жылдық бюджетін, сондай-ақ есеп саясатын бекіту;
- 27) Қоғамның ұйымдық құрылымын бекіту;
- 28) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін, Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің жеке негізгі көрсеткіштерін бекіту;

- 29) Қоғам атынан кез келген басқа заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша кепілдік беру туралы шешім қабылдау;
- 30) сыртқы қаржыландыруды тарту туралы шешім қабылдау;
- 31) Қоғам жарғысының жобаларын, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, дивидендік саясатты, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ Қоғамның бастамасы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылған акцияларды Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кездегі құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді алдын ала қарау;
- 32) Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда көзделген өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 33) Комплаенс-бақылау қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс-бақылау қызметінің жұмыс тәртібін, Комплаенс-бақылау қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақысын төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Комплаенс-бақылау қызметі туралы ережені бекіту.

Өз функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу үшін Директорлар кеңесі келесі мәселелер бойынша комитеттер құрады:

- стратегиялық жоспарлау;
- кадрлар және сыйақы беру;
- ішкі аудит;
- тұрақты даму;
- Компанияның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

«Кселл» АҚ жұмысты басқару мен ұйымдастыруды кешенді қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ Директорлар кеңесіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды жақсартуға және оның жұмыс істеу тиімділігін арттыруға көмектесетін арнайы платформаны пайдаланады. Компания Жарғысының ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесінің немесе Директорлар кеңесінің кез келген комитетінің мүшелері, сондай-ақ сарапшылар телефон арқылы конференц-байланыс арқылы немесе отырысқа қатысушылардың барлығы бір-бірін тыңдап, сөйлесуге мүмкіндік беретін басқа да байланыс құралдары арқылы Директорлар кеңесінің немесе осындай комитеттің отырысына қатыса алады.

Директорлар кеңесіне тағайындау қағидаттары

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлау үшін үміткерлер осылардың арасынан ұсынылуы мүмкін:

- акционерлер – жеке тұлғалар;
- акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалар;
- акционер болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.

Директорлар кеңесінің үміткерлері мен мүшелерінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, өз міндеттерін орындау үшін қажетті оң жетістіктері, іскерлік және салалық ортада, акционерлердің және Компанияның мүдделері үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруда мінсіз беделі болуы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамы

2024 жылдың ішінде Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер болды:

- 2024 жылғы 27 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі Пиетари Кивикконның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2024 жылғы 26 қыркүйекте Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ өкілі А.В. Лезговконың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2024 жылғы 26 қыркүйекте Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ өкілі А.Б. Кішкімбаеваның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2024 жылғы 27 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен «Кселл» АҚ Директорлар

кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып Ә.Қ. Әбдуалиев сайланды;

- 2024 жылғы 26 қыркүйекте Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің әрекеттегі құрамына сайланды:
 1. Алибек Бейбитович Индыкбаев – «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, ірі акционер «Қазақтелеком» АҚ өкілі болып;
 2. Ержан Болатович Мейрамов – «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, ірі акционер «Қазақтелеком» АҚ өкілі болып.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына 7 мүше кіреді. Директорлар кеңесінің 4 мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады.





2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Алексей Буянов	Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор
Алибек Индыкбаев	«Қазақтелеком» АҚ өкілі
Ержан Мейрамов	«Қазақтелеком» АҚ өкілі
Джери Калмис	тәуелсіз директор
Асет Абдуалиев	тәуелсіз директор
Даурен Керейбаев	«Кселл» АҚ ірі акционері «KC HOLDING LTD» ЖК өкілі
Санжар Жамалов	тәуелсіз директор

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨМІРБАЯНДАРЫ



**АЛЕКСЕЙ
НИКОЛАЕВИЧ
БУЯНОВ**

Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор

Туған күні: 1969 жылдың 15 тамызы

Азаматтығы: Люксембургтың резиденті, РФ азаматтығы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

2019 жылдың 25 қаңтарынан бастап Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады және «Кселл» АҚ тәуелсіз директоры болып табылады.

2022 жылдың 19 мамырында Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып 3 жылға қайта сайланды.

Алексей Буянов сонымен қатар «Қазақтелеком» АҚ тәуелсіз директоры және Bengala Investments компаниясының директоры. 2002 жылдан 2014 жылға дейін аға вице-президент және бас қаржы директоры қызметін атқарды, сондай-ақ акциялары Лондон қор биржасында бағаланатын инвестициялық қор – «Система» ААҚ Басқармасының құрамына кіреді. Буянов мырза Мәскеу физика-техникалық институтын (МФТИ) «Қолданбалы физика және математика» мамандығы бойынша бітірген, сондай-ақ Оксфорд университетінің Саид бизнес мектебінің (Said Business School) Oxford Fintech Programme түлегі.



**АЛИБЕК
БЕЙБИТОВИЧ
ИНДЫКБАЕВ**

«Қазақтелеком» АҚ өкілі

Туған күні: 1988 жылдың 30 шілдесі

Азаматтығы: ҚР

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Директорлар кеңесіне 2024 жылдың 26 қыркүйегінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында «Кселл» АҚ сайланды.

Алибек Индыкбаевтың қаржы және телекоммуникация саласында екі жоғары білімі бар және 19 жылдан астам кәсіби тәжірибесі бар.

Еңбек жолын 2005 жылы ақпараттық технологиялар саласында бастады, кейін «KazTransCom» АҚ сияқты ұйымдарда басшылық қызметтерді атқарды, «Altyn Bank» АҚ басқарма төрағасының ақпараттық технологиялар жөніндегі кеңесшісі болды.

Қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, сонымен қатар Корпоративтік бизнес дивизионының Бас директоры қызметін атқарады.

2008 жылы «Тұран» университетін «Қаржы» мамандығы бойынша және 2018 жылы М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша бітірген.



**ЕРЖАН
БОЛАТОВИЧ
МЕЙРАМОВ**

«Қазақтелеком» АҚ өкілі

Туған күні: 1982 жылдың 2 наурызы

Азаматтығы: ҚР

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесіне 2024 жылдың 26 қыркүйегінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында сайланды.

Мейрамов Ержан Болатович еңбек жолын 2004 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде бастады, Қазақстанның Даму Банкінде, «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ-да, Qazkom-да, «Fincraft» инвестициялық үйі» АҚ-да, «Кселл» АҚ-да басшы лауазымдарды атқарды.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің төрағасы болып тағайындалды.

Ержан Болатович Лондондағы Корольдік колледжді «Мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша бітірген.

«Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен марапатталған – 14.10.2022 ж.



**ДЖЕРИ
КАЛМИС**

Тәуелсіз директор

Туған күні: 1969 жылдың 1 желтоқсаны

Азаматтығы: АҚШ

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

2020 жылдың 15 қаңтарынан бастап «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

2022 жылдың 9 мамырында Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 3 жылға қайта сайланды.

Калмыс мырза телекоммуникация және көтерме-бөлшек сауда салаларында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар, әсіресе дамушы нарықтарға назар аударған. Қазіргі уақытта THE ICONIC CEO қызметін атқарады.

2020 жылдың мамырынан 2023 жылдың шілдесіне дейін Lamoda Group компаниясын басқарды, 2016 жылдың желтоқсанынан 2019 жылдың маусымына дейін – Metro Cash & Carry ресейлік бөлімшесінің бас директоры болды.

Бұдан бұрын Калмыс мырза телекоммуникация секторында әртүрлі басшылық қызметтерді атқарған, соның ішінде Tele2 бас директорының орынбасары, Tele2 Ресей бас директоры, Wind Telecomunicazioni итальяндық ұялы байланыс операторының басқарушы директоры, «VEON» ААҚ мәскеулік кеңсесінің басқарушы вице-президенті және басқарушы директоры, сондай-ақ Orange Египет ұялы байланыс операторының клиенттермен жұмыс істеу және кредиттік бақылау департаментінің директоры болып жұмыс істеген. Сонымен қатар, «Датагруп» АҚ украиналық байланыс операторының басқарма құрамына кірген, Fast Lane Ventures басқарушы директоры, сондай-ақ «36.6» ресейлік дәріхана желісінің президенті және аттас желінің басқарушы компаниясының бас директоры болды. Калмыс мырза сондай-ақ Adva Capital инвестициялық қорының кеңесшісі болды.

Калмыс мырза Бэйтс университетінде (АҚШ, Мэн штаты) саясаттану және экономика бакалавры дәрежесіне ие болған, сонымен қатар Уортон бизнес мектебінің (Wharton School of Business) басшы кадрларды даярлау бағдарламасын аяқтаған.





**АСЕТ
КУАНДЫКОВИЧ
АБДУАЛИЕВ**

Тәуелсіз директор

Туған күні: 1984 жылдың 8 тамызы

Азаматтығы: ҚР

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

2024 жылдың 28 мамырынан бастап «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Абдуалиев мырзаның шетелдегі компаниялардағы табысты жұмыс тәжірибесі бар: TASKRABBIT, INC. стратегия және даму жөніндегі басшысы, MCKINSEY & COMPANY аға консультанты, сондай-ақ «Алматы қ. даму орталығы» АҚ-да Басқарма төрағасының орынбасары болған.

Қазіргі уақытта Кремний алқабында (Пало Альто, АҚШ) орналасқан Silkroad Innovation Hub негізін қалаушы және бас директоры.

Абдуалиев мырзаның Гарвардтық Кеннеди мектебінің мемлекеттік басқару магистрі және Стэнфорд университетінің Жоғары бизнес мектебінің іскерлік әкімшілендіру және менеджмент саласындағы ғылым магистрі дәрежесі бар.

Абдуалиев мырза сонымен қатар «Қазақтелеком» АҚ тәуелсіз директоры және American University of Central Asia, «Best for Kids» ҚҚ қамқоршылық кеңестерінің мүшесі болып табылады.



**ДАУРЕН
ЖУМАГАЛИЕВИЧ
КЕРЕЙБАЕВ**

Ірі акционер «KC HOLDING LTD» ЖК өкілі

Туған күні: 1971 жылдың 5 қазаны

Азаматтығы: ҚР

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдың 29 қарашасында Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында сайланды.

Керейбаев мырзаның ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар, экономикалық талдау және жоспарлау, қаржы сияқты салаларда үлкен жұмыс тәжірибесі бар.

2018-2021 жылдары «Самұрық-Қазына» АҚ цифрландыру және трансформация жөніндегі басқарушы директоры қызметін атқарды.

2021 жылы «Қазақтелеком» АҚ жаңғырту бағдарламасы жөнінде басқарушы директоры болып жұмысқа орналасты, содан кейін көмекші функцияларды дамыту жөніндегі директор болып тағайындалды. Үлкен деректер қауымдастығының вице-президенті қызметін атқарады.

Жумағалиевич Даурен Керейбаев Новосібір мемлекеттік университетін «Механика және қолданбалы математика» мамандығы бойынша (1992) және Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша (1998) бітірген.

2018 жылы The University of Chicago Booth университетінде (АҚШ) Executive MBA бағдарламасы бойынша іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесіне ие болған.

«Ерең еңбегі үшін» медалімен және «Еңбек сіңірген қаржы маманы» қоғамдық орденімен марапатталған.



**САНЖАР
ЕРКЕБАЕВИЧ
ЖАМАЛОВ**

Тәуелсіз директор

Туған күні: 1985 жылдың 20 мамыры

Азаматтығы: ҚР

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

2023 жылдың 29 қарашасынан бастап «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Жамалов мырзаның қаржы секторында, соның ішінде «Қазкоммерц Секьюритиз» АҚ-да, ING Bank N.V. Лондондағы кеңсесінде және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде үлкен жұмыс тәжірибесі бар. Қазіргі уақытта Қазақстандағы және Орталық Азиядағы Mastercard Бас директорының қызметін атқарады. Телекоммуникация саласына 2014 жылы «Қазақтелеком» АҚ жобаларды қаржыландыру департаментінің бас менеджері болып келді, сонымен қатар «KazSatNet» ұлттық компаниясы» АҚ және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы болды.

Жамалов мырза Кембридж университетінде (Ұлыбритания) Executive MBA дәрежесіне, Нью-касл университетінде (Ұлыбритания) халықаралық қаржылық талдау магистрі дәрежесіне және Карлов университетінде (Чехия Республикасы) қаржылық математика бакалавр дәрежесіне ие болған. Беделді CFA қаржылық сертификаты және Institute of Directors (Ұлыбритания) тәуелсіз директор сертификаты (Certificate in Company Direction) бар.

Директорлар кеңесі мүшелерінің қызмет нәтижелерін бағалау

Директорлар кеңесі үш жылда бір рет жүйелі түрде өз қызметіне, оның Комитеттерінің және директорлардың әрқайсысының жұмысына жан-жақты баға беруі тиіс. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады. Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар қалыптастырылады.

2022 жылғы 17 ақпанда Директорлар кеңесінің шешімімен «Кселл» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің және корпоративтік хатшысының қызметін бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілді, сондай-ақ Қағидалар негізінде «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу туралы шешім қабылданды. Нәтижелер 2022 жылғы 15 сәуірде «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің отырысында қаралды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің жұмысын жақсарту бойынша тиісті ұсынымдар берілді.

2024 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жүргізілген жоқ.

Бағалауды жүргізудің мақсаты – ДК, оның комитеттері, Төрағалары, ДК әрбір мүшесі және корпоративтік хатшы жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру және,

нәтижесі ретінде, Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ДК қосқан үлесін ұлғайту.

Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша келесі тұжырымдар ұсынылды:

- Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Комитеттердің, Төрағаның және Корпоративтік хатшының қызметі барлық елеулі аспектілерде корпоративтік басқарудың белгіленген критерийлерінің көбісіне және үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.
- Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің жұмысына белсенді қатысады, командада белсенді жұмыс істейді және Директорлар кеңесінің жұмысын жақсартуға жеке үлесін қосады.
- Директорлар кеңесі мүшелерінің қажетті білімі мен кәсіби тәжірибесі бар, саланың ерекшелігін біледі.
- Директорлар кеңесі төрағасының жұмысына оң баға берілді.
- Корпоративтік хатшының жұмысына оң баға берілді.
- Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалау бөлігінде Комитеттердің жұмысы тиімді деп танылды. Комитеттер өздеріне жүктелген функцияларды орындайды.
- Комитеттердің құрамы теңгерімді болып табылады және олардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді.



Директорлар кеңесінің есепті жылдағы қызметі

2024 жылы Директорлар кеңесі 13 отырыс өткізді, 11 отырыс бетпе-бет нысанда, 2 отырыс сырттай нысанда өтті. Өткізілген отырыстар шеңберінде Директорлар кеңесі компания қызметінің келесі аспектілерін қарап, олар бойынша төмендегідей шешімдер қабылдады:

- Қоғамның даму жоспары бекіту бойынша;
- ірі мәмілелер жасау туралы;
- Басқарма мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату бойынша;
- 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті алдын ала мақұлдау туралы;

- 2024 жылы акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру, сондай-ақ дивидендтер төлеу бойынша ұсынымдарды қалыптастыру туралы;
- Ішкі аудит және комплаенс-бақылау қызметтерінің жұмыскерлерін тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату бойынша;
- Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту туралы.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесі Компания қызметіне қатысты бірқатар іскерлік, коммерциялық, операциялық және құқықтық мәселелерді қарады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру

Директорларға сыйақы беруге қатысты мәселелер Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне шығарылады. Сыйақы мөлшері директорларды тарту, сақтау және ынталандыру, олардың тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті болуы керек. Директорлардың сыйақысының мөлшері олардың жұмысқа бөлетін уақытына және директорлардың өз міндеттерін орындау сапасына сәйкес болуы керек.

Компания директорлардың сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты заңнамаға сәйкес ашады. Есепті кезеңдегі директорлардың сыйақысының мөлшері туралы ақпарат жылдық есепте міндетті түрде ашылуы тиіс.

Қолданыстағы Сыйақы саласындағы саясатқа сәйкес Компания Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне екі бөліктен тұратын сыйақы төлейді: орнықты жылдық сыйақы және қосымша жылдық сыйақы. Сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындау кезінде шеккен шығындарын өтеу қарастырылған.

2019 жылы Акционерлердің жалпы жиналысы тәуелсіз директорларға берілетін салық алдындағы келесі жылдық сыйақы мөлшерін бекітті: Директорлар кеңесінің Төрағасына тиянақталған жылдық сыйақы – 75 000 АҚШ доллары; қосымша жылдық сыйақы – 25 000 АҚШ доллары; Директорлар кеңесінің кез келген комитетінің төрағасына қосымша жылдық сыйақы – 15 000 АҚШ доллары. Директорлар кеңесінің немесе оның комитеттерінің бірінің Төрағасы қызметін атқарғаны үшін тиянақталған жылдық сыйақының және қосымша жылдық сыйақының 50 пайызы тәуелсіз директор қызметіне кіріскеннен кейін алты айдан соң, ал қалған 50 пайызы осыдан кейін бір жылдан соң төленеді.

Ұсталған салықтар мен төлемдерді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне есепті кезеңде есептелген сыйақының мөлшері 381 322,25 АҚШ долларын құрады, бұл төлем күніне қайта есептегенде 180 696 645,38 теңгені құрайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамы

Директорлар кеңесі жанында өз құзыреті шеңберінде Компания қызметінің негізгі мәселелерін қарайтын және осы мәселелер бойынша Директорлар кеңесі-

не ұсынымдар әзірлейтін 4 комитет құрылып, жұмыс істейді. Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің ағымдағы құрамы кестеде көрсетілген:

Комитеттің атауы	Комитеттің құзыреті	2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша комитет құрамы
Стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның стратегиялық дамуы 	Буянов А.Н. – Комитет төрағасы; Абдуалиев Ә.Қ. ; Индыкбаев А.Б. ; Джери Калмис ; Керейбаев Д.Ж.
Кадрлар және сыйақы беру мәселелері жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> Кадр саясаты; қызметкерлерге сыйақы беру Персоналды оқыту және ынталандыру 	Абдуалиев Ә.Қ. – Комитет төрағасы; Буянов А.Н. ; Индыкбаев А.Б. ; Жамалов С.Е. ; Керейбаев Д.Ж.
Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> Қаржылық есептілік мәселелері Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару Ішкі және сыртқы аудит 	Жамалов С.Е. – Комитет төрағасы; Абдуалиев Ә.Қ. ; Джери Калмис
Тұрақты даму мәселелері жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> Тұрақты дамуға қатысты стратегиялық мәселелер Компанияның тұрақты даму саласындағы саясатын әзірлеу және іске асыру 	Жамалов С.Е. – Комитет төрағасы; Буянов А.Н. ; Мейрамов Е.Б.





Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қызметі

Стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитет

2024 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 6 бетпе-бет отырыс өткізді. Комитетте 23 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Комитеттің құзыретіне кіретін барлық қызмет мәселелері қаралды.

Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:

- «Кселл» АҚ Даму стратегиясын бекіту;
- Бюджетті, операциялық жоспарды және күрделі салымдар бюджетін, сондай-ақ инвестициялық қызмет параметрлерін бекіту;
- «Кселл» АҚ желісін дамыту және жаңғырту, сондай-ақ желінің RollOut жоспарын орындау бойынша іс-шаралар жоспары;
- Мүддесі бар мәмілелер.

Кадрлар және сыйақы беру мәселелері жөніндегі комитет

2024 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 7 бетпе-бет отырыс өткізді. Комитетте 30 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Есепті кезеңде Комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін барлық қызмет мәселелері қаралды.

Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:

- Басқарма мүшелерін сайлау;
- Комплаенс-бақылау қызметінің кадрлық мәселелері;
- Ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелері;
- Ұйымдастырушылық құрылым;
- Қоғамның басшы қызметкерлерінің негізгі қызмет көрсеткіштерін айқындау;
- «Кселл» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің негізгі қызмет көрсеткіштері (KPI) негізінде 2026 жылғы жұмыс нәтижелерін қарау.

Осыған қоса, Комитет «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді қарастыру бойынша жұмыс жүргізді.

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет

2024 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 6 бетпе-бет отырыс өткізді. Комитетте 33 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Есепті кезеңде Комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін барлық қызмет мәселелері қаралды.

Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:

- Тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;
- Тәуекелдер картасын және тізілімін бекіту, сондай-ақ тәуекел тәбетін бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің тоқсан сайынғы есептері;
- Қоғамның операциялық қызметінің нәтижелеріне тоқсан сайынғы шолу.

2024 жылы Комитет сыртқы аудитормен төрт кездесу өткізді:

- Қоғамның 2023 жылғы қаржылық нәтижелері мәселесі бойынша;
- 2024 жылдың 6 айындағы сыртқы аудиторлардың есебін қарау;
- 2024 жылғы «Кселл» АҚ сыртқы аудитін жоспарлау мәселесі бойынша.

Комитет Төрағасы Жамалов С.Е., Қоғам Басқармасының мүшелерімен, Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерімен тұрақты түрде кездесулер өткізіп тұрды.

Тұрақты даму мәселелері жөніндегі комитет

2024 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 2 бетпе-бет отырыс өткізді.

Комитетте 2 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Комитет Қоғамның Комплаенс-бақылау қызметінің есептерін қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді.

Комитет мүшелері Қоғамның Басқарма мүшелерімен, Комплаенс-бақылау қызметінің басшысымен, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен тұрақты түрде кездесулер өткізіп тұрды.

БАСҚАРМА

GRI 2-9, GRI 202-2, GRI 405-1

«Кселл» АҚ Басқармасы алқалы атқарушы орган болып табылады, оның міндеттеріне Компанияның күнделікті қызметіне басшылық ету кіреді. Сонымен қатар, Компания Басқарма Төрағасы ретінде әрекет етуші бас атқарушы директор өз мойнына алатын басшылық рөлдің қажеттілігін мойындайды.

Басқарма өз қызметінде заңдылық, адалдық, риясыздық, парасаттылық, жүйелілік, кәсібилік және әділдік қағидаттарын басшылыққа алады. Оның мүшелері акционерлердің мүдделерін толығымен сақтайды және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесіне толық есеп береді.

2024 жылы Басқарманың 83 отырысы өткізіліп, олардың шеңберінде 306 шешім қабылданды.

Басқарманың құрамы

2023 жылдың ішінде Басқарма құрамында келесі өзгерістер болды:

- 2024 жылғы 10 шілдеде «Кселл» АҚ корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директоры, Басқарма мүшесі Уйсумбаев Азамат Даулетовичтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2024 жылғы 15 шілдеде «Кселл» АҚ бас атқарушы директоры, Басқарма төрағасы Узбеков Асхат Архатовичтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2024 жылғы 5 тамызда «Кселл» АҚ бас қаржы директоры, Басқарма мүшесі Дамир Шамильевич Муллашевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2024 жылғы 1 қазанда қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартының бұзылуына байланысты «Кселл» АҚ бас техникалық директоры, Басқарма мүшесі Кирилл Валерьевич Страшенконың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Компанияның Директорлар кеңесі келесі шешімдер қабылдады:

1. Жамбакин Аскар Серикович 2024 жылғы 15 шілдеден бастап «Кселл» АҚ бас атқарушы директоры, Басқарма төрағасы қызметіне сайлансын.
2. Рахметов Сабиғат Маратович 2024 жылғы 16 тамыздан бастап «Кселл» АҚ бас қаржы директоры, Басқарма мүшесі қызметіне сайлансын.
3. Шайхин Даурен Мухамедкалиевич 2024 жылғы 12 тамыздан бастап «Кселл» АҚ корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директоры, Басқарма мүшесі қызметіне сайлансын.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамына 6 мүше, оның ішінде 5 ер адам және 1 әйел кірген болатын.

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ

Жамбакин Аскар Серикович	Басқарма төрағасы, Бас атқарушы директор
Рахметов Сабиғат Маратович	Басқарма мүшесі, Бас қаржы директоры
Цой Ольга Вячеславовна	Басқарма мүшесі, Бас коммерциялық директор
Шайхин Даурен Мухамедкалиевич	Басқарма мүшесі, Корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директор
Ибраев Данияр Кадылханович	Басқарма мүшесі, Қауіпсіздік жөніндегі бас директор
Амардинов Малик Алимжанович	Басқарма мүшесі, Цифрлық даму жөніндегі бас директор





БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨМІРБАЯҢДАРЫ



**АСКАР
СЕРИКОВИЧ
ЖАМБАКИН**

Басқарма төрағасы, Бас атқарушы директор

Туған күні: 1985 жылдың 19 қазаны
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Аскар Серикович «Кселл» АҚ Басқарма Төрағасы, бас атқарушы директоры лауазымына 2024 жылдың 15 шілдесінен бастап сайланды.

Алматы энергетика және байланыс институтының «Көпарналы телекоммуникация жүйелері» мамандығы бойынша түлегі, Манчестер университетінің «Менеджмент және ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша магистр дәрежесі және «Саид» бизнес мектебінің ұйымдастырушылық көшбасшылық дипломы бар.

Өзінің еңбек жолын «Эйр Қазақстан» әуе компаниясында байланыс технигі болып бастады, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-де (Tele2/Altel) инженер болып бірнеше жыл жұмыс істеді, «HSBC Банк Қазақстанда» жұмыс істеді, онда стратегиямен, бизнес-процестер трансформациясымен айналысты, ұқсас міндеттерді VI Group еншілес компаниясы – Veintech ЖШС-інде атқарды, «Qazkom» АҚ-да клиенттік тәжірибені дамыту департаментін басқарды, Қазақстан Даму Банкінде жұмыс істеді, түрлі басшылық қызметтерді атқарды, еліміздің Ұлттық банкінің төлем жүйелерін басқару және дамыту департаменті директорының орынбасары болды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі ретіндегі соңғы лауазымында мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясына, бизнес-процестер реинжинирингіне және деректерді басқаруға жауапты болды.



**САБИГАТ
МАРАТОВИЧ
РАХМЕТОВ**

Басқарма мүшесі, Бас қаржы директоры

Туған күні: 1988 жылдың 2 желтоқсаны
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Сабигат Маратович 2024 жылдың 16 тамызынан бастап Бас қаржы директоры болып сайланды.

Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын (ҚМЭБИ) «Қаржы» мамандығы бойынша үздік бітірген.

Қаржы және инвестициялар, қосылу мен жұтылу, қаржылық-экономикалық талдау, мәмілелерді құрылымдау және активтер портфелін басқару, соның ішінде халықаралық портфелдік инвестицияларды басқару саласында 13 жылдан астам тәжірибесі бар.

Еңбек жолын 2011 жылы PricewaterhouseCoopers Tax & Advisory LLP (PWC) ЖШС-інде бастады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-да 6 жылдан астам жұмыс істеп, Инвестициялар және бизнесті қолдау департаментінің директоры қызметіне дейін көтерілді.

2022 жылдан бастап Кселл-ге келгенге дейін Румыния, Бухарест, KazMunayGas International N.V., компаниясында инвестициялар және стратегия тобының директоры қызметін атқарды.



**ОЛЬГА
ВЯЧЕСЛАВОВНА
ЦОЙ**

Басқарма мүшесі, Бас коммерциялық директор

Туған күні: 1982 жылдың 26 қарашасы
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
ВКомпанияның акцияларын иелену: жоқ

Цой Ольга Вячеславовнаның жоғары білімі және іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесі бар, КМЭБИ университеті. Жалпы жұмыс өтілі – 17 жыл коммерциялық секторда әртүрлі индустрияларда, оның 13 жылы басқарушылық лауазымдарда: FMCG және retail саласында 3 жыл, телекоммуникация саласында 8 жыл, консалтингтік бизнесте 3 жыл (FinTech және InsuranceTech) және 3 жыл банкте. 2023 жылдан бастап «Кселл» АҚ Бөлшек бизнес департаментінің директоры лауазымына тағайындалды.



**ДАУРЕН
МУХАМЕДКАЛИЕВИЧ
ШАЙХИН**

Басқарма мүшесі, Корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директор

Туған күні: 1986 жылдың 31 шілдесі
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Даурен Мухамедкалиевич 2016 жылы Қазақстан-Британ техникалық университетінің магистратурасын бітіріп, Чикаго университеті жанындағы Booth School-де MBA дәрежесін алды.

Қаржы нарықтарының, корпоративтік қаржының, тәуекелдерді басқарудың, операциялар мен сатып алулардың әртүрлі салаларында 15 жылдық тәжірибесі бар. Өзінің еңбек жолы барысында корпоративтік стратегияларды сәтті әзірлеп, енгізді, пайданың өсуіне ықпал ете отырып, компаниялардың қаржылық портфельдерін жақсартты және операциялық процестерді оңтайландырды.

Даурен Мухамедкалиевич еңбек жолын 2008 жылы Eurasian Capital JSC компаниясында Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында жетекші брокер ретінде бастады. 2018 жылы «Кселл» АҚ қаржы директорының орынбасары қызметін атқарды. 2023 жылдан бастап «РФБО» АҚ (Астана, Қазақстан) Басқарма төрағасының орынбасары жетекші лауазымын атқарды.



**ДАНИЯР
КАДЫЛХАНОВИЧ
ИБРАЕВ**

Басқарма мүшесі, Қауіпсіздік жөніндегі бас директор

Туған күні: 1979 жылдың 14 шілдесі
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Ибраев мырза 2022 жылдың 23 маусымынан бастап «Кселл» АҚ қауіпсіздік жөніндегі бас директоры және Басқарма мүшесі лауазымына тағайындалды.

Ибраев Данияр Қадылханұлы ҚР ҰҚК Өскери институтын (қазіргі уақытта – ҰҚК Шегара қызметінің академиясы) «Электр байланыс инженері» мамандығы бойынша 2000 жылы бітірген, одан соң 2007 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Қазақ гуманитарлық заң университетін «Құқықтану бакалавры» біліктілігін алып, бітірген. 2020 жылдан бастап «Кселл» АҚ-да Стратегиялық даму департаментінің кеңесшісі және Қауіпсіздік департаментінің бас сарапшысы болып жұмыс істейді. 2017 жылдан бастап «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да, алдыңғы жылдары мемлекеттік органдарда жұмыс істеді.





**МАЛИК
АЛИМЖАНОВИЧ
АМАРДИНОВ**

Басқарма мүшесі, Цифрлық даму жөніндегі бас директор

Туған күні: 1986 жылдың 2 қазаны

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Амардинов мырза 2022 жылдың 15 қыркүйегінен бастап «Кселл» АҚ цифрлық даму жөніндегі бас директоры және Басқарма мүшесі лауазымына тағайындалды.

Амардинов Малик Алимжанович екі жоғары білімі бар. 2008 жылы «Алатау» Қазақстан университеті Банк ісі академиясының «Қаржы» факультетін, 2016 жылы Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ЕТжәнеБЖ факультетін бітірген. Жалпы жұмыс өтілі – 16 жыл АТ саласында, оның ішінде 12 жыл банк секторындағы басшы лауазымдарда. Соңғы атқарған қызметтері – Fortebank атқарушы директоры және бас АТ сәулетшісі, мұнда ол барлық АТ әзірлемелерді сәтті басқарып, 10-нан астам жобалық топтарды үйлестірген.

СЫЙАҚЫЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Атқарушы органның мүшелеріне 2024 жылы төленген сыйақының жалпы сомасы 568 576 737 теңгені құрады (салықтарды шегергенге дейін). Көрсетілген сомаға бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша жалақы мен сыйақы кіреді.

ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ

GRI 2-27

Есепті кезеңде «Кселл» АҚ-на қатысты екі монополияға қарсы тергеп-тексеру жүргізілді:

1. ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы қ., бойынша департаментінің 2022 жылғы 15 маусымдағы №42-НҚ бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 174-б. 1-бөлігінде қарастырылған құқық бұзушылық белгілері бойынша «Кселл» АҚ-на қатысты тергеп-тексеру басталды. Тергеп-тексеру мәні – «Кселл» АҚ-ның монополиялық жоғары бағаны қолдауда көрсетілген бұзушылықты жасауын растайтын немесе жоққа шығаратын нақты деректерді анықтау.
2. ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы қ., бойынша департаментінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 38-НҚ бұйрығына сәйкес 2023

жылдың мамыр-шілде айларында байланыс қызметтеріне бағаларды белгілеу және қолдау бойынша бәсекелестермен келісілген әрекеттердің ықтимал факті бойынша «Кселл» АҚ-на қатысты тергеп-тексеру басталды.

Аталған бұзушылықтар тергеп-тексеру нәтижесінде анықталған жағдайда, «Кселл» АҚ Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 159-б. 3-бөлігінде қарастырылған монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған монополиялық кіріс тәркілене отырып, монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістің 5% мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікке әкеп соғатын әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

GRI 2-26

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы бизнес-тәуекелдердің алдын алуға, проблемалық мәселелерді шешуге, құқықтық және әдептік нормалардың сақталуын бақылауға бағытталған. Дүниежүзілік тәжірибенің аясында комплаенс жүйесінің бар болуы компанияның жауапты және ашық қызметінің көрсеткіші болып табылады.

Есепті жылы комплаенс-бақылау қызметі келесі іс-шаралар өткізді:

- Бір көзден сатып алу бойынша контрагенттің сенімділігіне 160 комплаенс-тексеру жүргізілді. Комплаенс-тәуекелдер анықталмады;
- Ерекше тәртіппен сатып алу бойынша контрагенттің сенімділігіне 17 комплаенс-тексеру жүргізілді. Комплаенс-тәуекелдер анықталмады;
- МҚС өнімдерін/сервистерін іске қосу шеңберінде әлеуетті серіктестерді контрагенттің сенімділігіне 15 комплаенс-тексеру жүргізілді. Комплаенс-тәуекелдер анықталмады;
- Үлестестік пен мүдделер қақтығысының болуы/болмауы тұрғысынан CEO-1 және CEO-2 деңгейіндегі бос лауазымдарға 19 үміткерге тексеру жүргізілді;
- Ай сайын Ресей Федерациясының контрагенттерінің халықаралық санкциялық тізімдерде болуына тексеру мен мониторинг жүргізіледі. 61 контрагент тексерілді;
- Қаралған материалдар бойынша, оның ішінде Басқарма мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдар бойынша қорытындылар берілді;
- Комплаенс қызметінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарының «Кселл» АҚ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау, әдеп қағидалары мен парасаттылық қағидаттары» тармағын орындау аясында Forms.Office платформасы арқылы «Кселл» АҚ қызметкерлерін комплаенс-рәсімдерді сақтау мәселелері бойынша жасырын сауалдау» сауалнамасы жүргізілді.

«Кселл» АҚ акцияларының бақылау пакетінің ақырғы иесі болып табылатын «Самұрық-Қазына» АҚ-да жедел желі жұмыс істейді, ол арқылы кез келген тұлға «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарында заңнаманың бұзылу фактілері туралы хабарлай алады. Жедел желі құпиялылыққа және жасырын болуға (жүгінген адамның қалауы бойынша), сондай-ақ кейіннен жауапты тұлғалардың қарауына жіберілетін барлық өтініштерді тіркеуге және өңдеуге кепілдік береді. Компанияның ішкі және корпоративтік сайттарында «Самұрық-Қазына» АҚ мен Комплаенс қызметінің жедел желісінің байланыстары орналастырылған, олар бойынша кез келген еңбек, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтары туралы хабарлауға болады.

Әдепсіз немесе заңсыз мінез-құлық фактілері туралы хабарламаларды қабылдау және өңдеу рәсімдері «Кселл» АҚ-ның Қызметтік бұзушылықтар туралы хабарлама жөніндегі нұсқаулығымен реттеледі, оған сәйкес Компания Компаниядағы елеулі проблемалар туралы хабарлаған қызметкерлерге, іскерлік серіктестерге және басқа да мүдделі тұлғаларға толық құпиялылыққа, сондай-ақ жүгінген адамдарды қудалаудан және/немесе кемсітушіліктен қорғауға кепілдік береді.

2024 жылы жедел желіге 15 өтініш келіп түсті (6-ы расталды).

Өтініштердің негізгі тақырыптары:

- сатып алу рәсімдерін бұзу;
- корпоративтік әдепті бұзу;
- лауазымдық міндеттерді теріс пайдалану;
- қызметкерлердің еңбек құқықтарының бұзылуы.

Комплаенс қызметінде тіркелген әрбір өтініш фактісі Директорлар кеңесіне баяндама жасау үшін тоқсандық есепте көрсетіледі. 2024 жылы күрделі проблемалар туындаған жоқ.





СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 205-1, GRI 205-2, GRI 205-3

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-рәсімдерді реттейтін келесі ішкі құжаттар енгізілген:

- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының комплаенс-функциясы жөніндегі корпоративтік стандарт;
- «Кселл» АҚ-дағы Комплаенс-бақылау қызметі туралы ереже;
- Кселл» АҚ-ның Әдеп және тәртіп кодексі;
- «Кселл» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- «Кселл» АҚ-дағы мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ереже;
- «Кселл» АҚ-ның қызметтік бұзушылықтар туралы хабардар ету нұсқаулығы.

2024 жылы ішкі құжаттарды өзектендіру шеңберінде комплаенс бөлігінде «Кселл» АҚ-ның қызметтік бұзушылықтар туралы хабардар ету нұсқаулығына Қоғам мен Қордың қолданыстағы ішкі құжаттарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Болжамды бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғаларға қатысты Қоғамның кепілдіктері қосылды, жүйелендірілді және біріктірілді, олар:

- 1) Қоғамдағы проблемалар туралы хабарлаған Жұмыскерлерге, іскерлік әріптестерге және басқа да мүдделі тұлғаларға толық құпиялылық;
- 2) Қоғамдағы проблемалар туралы хабарлаған Жұмыскерге қатысты қудалаудың және/немесе кемсітушіліктің болмауы;
- 3) заңсыз іс-әрекеттер фактілері немесе Қоғамдағы проблемалар туралы хабарлаған қызметкерлерді қудалау және/немесе кемсіту жағдайларын белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғатын құбылыстар ретінде қарау;
- 4) заңсыз іс-әрекеттер фактілерін растайтын дәлелдемелерді жасыруға тырысудан бас тарту;
- 5) заңсыз іс-әрекет фактілерін растайтын дәлелдемелерді жойған немесе жасырған адамдарға қатысты тәртіптік жаза қолдану;
- 6) белгілі бір жағдайларда жасырын өтінішті қарау уәкілетті тұлғаның хабарлаушы қызметкерден қосымша ақпарат, кері байланыс алмай мүмкін емес бола алады. Бұл ретте Қоғам құпиялылықтың барынша мүмкін болатын деңгейін қамтамасыз етеді;
- 7) жұмыскер жауыз ниетпен немесе жеке пайда алу үшін көрінеу жалған немесе негізсіз ақпаратты хабарлай отырып, Қоғам тарапынан қорғауды талап ету мүмкіндігінен айырылады. Өрбір жұмыскер осы Нұсқаулықты бұзудың салдары туралы білуі тиіс.

Сондай-ақ, Нұсқаулыққа Қордың жедел желісінің өзекті нөмірлері қосылды.

Өтініштерді келесі байланыс арналары арқылы беруге болады:

- 8 800 080 4747 телефон нөмірі бойынша (ҚР аумағында қоңырау шалу тегін);
- mail@sk-hotline.kz электрондық поштасына;
- www.sk-hotline.kz интернет-порталы арқылы;
- +7 771 191 88 16 нөмірімен WhatsApp мессенджер арқылы.

«Кселл» АҚ-дағы Комплаенс бақылау қызметі туралы ережеге қосымшамен «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Комплаенс функциясы жөніндегі корпоративтік стандартқа және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген Жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтары қосылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы комплаенс қызметінің 2024 жылғы жұмысының негізгі бағыттары:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Қоғамдағы әдеп және тәртіп;
- Жауапты сатып алу;
- Адам құқықтары;
- Мүдделер қақтығысын басқару;
- Комплаенс-тәуекелдерді басқару саласындағы бақылау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары мен рәсімдері «Кселл» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында бекітілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының мақсаты – атқаратын қызметіне қарамастан Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қызметке тартылу қаупін барынша азайту. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының мақсаттарына мыналар кіреді:

- Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;
- Компанияға және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын жалпылау және түсіндіру;
- Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау,

сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін бекіту;

- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды әзірлеу және енгізу.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл келесі негізгі қағидаттарға негізделген:

- Компания қызметінің заңдылығы;
- Компания қызметінің жариялылығы мен ашықтығы;
- қызметкерлер, серіктестер және клиенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат жүргізу;
- мемлекеттік органдармен, сондай-ақ Компанияның серіктестерімен және клиенттерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында ынтымақтасу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Компанияның ішкі саясатын бұзу фактілері бойынша міндетті түрде қызметтік тексерулер жүргізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының ережелеріне сәйкес Компания жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіреді және бағалайды, сондай-ақ оларды азайту бойынша шараларды әзірлейді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалаудың мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшырайтын және Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, Компанияға пайда алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың жоғары ықтималдығы бар Компания қызметі мен бизнес-процестерінің түрлерін анықтау.

2024 жылы 6 бөлімше мен 14 бизнес-процеске қатысты 2023 жылғы кезеңдегі сыбайлас жемқорлық тә-

уекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша 9 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталып, 11 ұсыным әзірленді.

Талдау негізінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.

2024 жылғы қараша-желтоқсанда Қоғам тәуелсіз сертификаттық аудиторлық тексеруден өтті және оның нәтижелері бойынша ҚР СТ ISO 37001 талаптарына сәйкес келетін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізуді растады. 2024 жылғы желтоқсанда Қоғам ҚР СТ ISO 37001-2017 (ISO 37001:2016) мемлекеттік үлгідегі сәйкестік сертификатын алды. Комплаенс қызметі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін тікелей енгізуге жауапты болды.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша Қоғамда сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың расталған жағдайлары тіркелмеген.

Қоғам тұрақты түрде қызметкерлерге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтер өткізеді. Барлық жаңа қызметкерлер «Кселл» АҚ Әдеп және тәртіп кодексі және «Кселл» АҚ-дағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты негізгі қағидаттары бойынша міндетті кіріспе онлайн-курстан өтеді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде Қоғам қызметкерлеріне арналған 9 тренинг өткізілді. Тренингтер бойынша 1812 қызметкер (83%) қамтылды, оның ішінде жоғары басшылықтың 28 қызметкері (6 басқарма мүшесі, CEO-1, CEO-2 деңгейіндегі 22 басшы, түрлі деңгейдегі 511 басшы қызметкерлер және 1273 маман).

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

GRI 2-15

Компаниядағы мүдделер қақтығысын реттеу қағидаттары мен рәсімдері «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 5 тамыздағы шешімімен бекітілген «Кселл» АҚ-да мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережеде бекітілген.

Компания мүдделер қақтығысының алдын алу және мүдделер қақтығысын тудыратын немесе тудыруы мүмкін жағдайларды анықтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Компанияның Корпоративтік хатшысы және Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы акционерлердің құқықтарының бұзылуына немесе

мүдделер қақтығысына әкелетін жағдайға байланысты Директорлар кеңесінің мүшелерінен, Басқарма мүшелерінен және Компания қызметкерлерінен ақпарат пен түсініктемелер сұратуға құқылы.

Құрылымдық бөлімше деңгейінде мүдделер қақтығысының алдын алу мүмкін болмаған жағдайда бөлімше басшысы бір жұмыс күні ішінде Басқарма Төрағасына және Комплаенс-бақылау қызметінің басшысына мүдделер қақтығысы, оның пайда болу себептері және қабылданған немесе қабылдануы мүмкін шаралар туралы ақпаратты береді.





Желілік бөлімшенің басшысы адам ресурстарын басқару департаментінің жауапты қызметкерімен бірлесіп Компания қызметкерлері арасындағы мүдделер қақтығысын реттеу тәртібін айқындайды.

Қажет болған жағдайда Басқарма Төрағасы мүдделер қақтығысын реттеу үшін жұмыс тобын құруға құқылы. Жұмыс тобының құрамына Комплаенс-бақылау қызметінің, HR қызметінің және заң бөлімшелерінің, сондай-ақ мүдделер қақтығысына қатысы бар тұлға жұмыс істейтін бөлімшенің өкілдері және басқа да тұлғалар кіреді. Жұмыс тобының құрамы жұмыс тобы қабылдайтын шешімдерге әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп құрылады.

Мүдделер қақтығысын реттеу туралы ереже мүдделер қақтығысын шешудің келесі тәсілдерін қарастырады:

- Компания қызметкерінің мүдделер қақтығысы әсер етуі мүмкін шешімдер қабылдау процесіне қатысудан бас тартуы;

- мүдделер қақтығысына тартылған қызметкердің нақты ақпаратқа қол жеткізуін шектеу;
- қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның келісімімен мүдделер қақтығысын болдырмайтын функцияларды орындауды көздейтін басқа жұмысқа қайта сайлау немесе ауыстыру;
- қызметкердің лауазымдық міндеттері мен функцияларын қайта қарау және өзгерту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкердің өкілеттіктерін тоқтату;
- қызметкердің жеке мүддесін жою;
- Компанияның немесе қызметкердің мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша басқа да шараларды қабылдауы.

2024 жылы мүдделер қақтығысын декларациялау нысанын 649 қызметкер толтырды, ал 37 қызметкер ықтимал мүдделер қақтығысы туралы нысанды толтырды. Барлық оқиғалар қаралды.

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Есепті жылы Компания 13,9 млрд теңге сомаға байланысты тараптарға тауарлар мен қызметтерді сатты және 31,6 млрд теңге сомаға байланысты тараптардан тауарлар мен қызметтерді сатып алды. Компанияның

байланысты тараптармен операциялары консультациялық қызметтерді, техникалық және операциялық қолдауды, байланыс арналарын жалға беруді, роуминг және трафикті өзара өткізу қызметтерін қамтыды.

«КСЕЛЛ» АҚ-НЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕРІ, млн теңге

	Тауарлар мен қызметтерді сату	Тауарлар мен қызметтерді сатып алу
«Самұрық-Қазына» тобының ұйымдары	585	676
«Қазақтелеком» тобының ұйымдары	12 642	30 389
Мемлекеттік органдар	667	552
Барлығы	13 894	31 617



ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) Компанияда ішкі аудитті ұйымдастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін «Кселл» АҚ органы болып табылады. ІАҚ тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оған Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді. ІАҚ қызметі Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен Жылдық аудит жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

ІАҚ миссиясы – Директорлар кеңесі мен Басқармаға «Кселл» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына жету бойынша өз міндеттерін орындауда қажетті көмек көрсету. Қызмет өз жұмысында Әдеп кодексінде және Ішкі аудиторлар институтының Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарында айқындалған адалдық, әділдік, құпиялылық және кәсіби құзыреттілік қағидаттарын басшылыққа алады.

ІАҚ негізгі мақсаты – Директорлар кеңесіне Компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жақсартуға бағытталған тәуелсіз және әділ кепілдіктер мен кеңестер беру. ІАҚ міндеттеріне мыналар кіреді:

- Компаниядағы ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- корпоративтік басқару үдерісін жетілдіруді бағалау;
- Компанияның ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігін және мүлктің сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын әдістерді (тәсілдерді) бағалау;
- бухгалтерлік есеп жүйесінің шынайылығын, толықтығын, әділдігін және қаржылық есептіліктің сенімділігін бағалау;
- Компанияның ҚР заңнамасының талаптарын сақтауын бағалау және осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің сәйкестігін бағалау;
- алаяқтық жасау тәуекелін және алаяқтық тәуекелін басқару тиімділігін бағалау.

Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша ІАҚ тиісті ұсынымдарды, оның ішінде қолданыстағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін, процестер мен жұмыс қағидаттарын жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді, сондай-ақ ІАҚ құзыретіне кіретін кез келген мәселелер бойынша түсініктемелер береді.

СЫРТҚЫ АУДИТ

ХҚЕС-қа сәйкес жасалған қаржылық есептіліктің сенімділігін тәуелсіз бағалау мақсатында Компания жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілетін сыртқы аудиторды тартады. Аудиторды таңдау рәсімі Аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі ұйымдар үшін жүзеге асырылады. Аудиторды таңдау кезінде Қоғам келесі негізгі қағидаттарды басшылыққа алады:

- аудиторды таңдау рәсімінің тәуелсіздігі мен ашықтығы;
- мүдделер қақтығысының болмауы;
- ұсынылатын аудиторлық қызметтердің сапасы.

2022 жылғы 13 желтоқсанда өткен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен Компанияның 2022-2024 жылдарға арналған қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС айқындалды. Компанияның еншілес ұйымы – «KazNet Media (КазНет Медиа)» ЖШС-не 2024 жылы аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетілген жоқ.

2024 жылдың ішінде «Кселл» АҚ аудиторлық қызмет көрсеткені үшін «Эрнст энд Янг» ЖШС-не 116 231 010 теңге көлемінде (ҚҚС есептегенде) сыйақы төленді. 2024 жылы «Эрнст энд Янг» ЖШС Қоғамға аудиторлық емес қызметтер көрсеткен жоқ.



06

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару жүйесі	74
Тәуекелдер картасы	75
«Кселл» АҚ негізгі тәуекелдерінің сипаттамасы	75
Ішкі бақылау жүйесі	77



**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН
ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ**



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) «Кселл» АҚ қызметінің біріктірілген құрамдас бөлігі болып табылады, ол барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және бақылауға, сондай-ақ олардың деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған.

«Кселл» АҚ-да қазіргі тәуекелдерді басқару үлгісі COSO ERM және ISO 31000 тәуекел-менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттарына сәйкес құрастырылған.

Осы бағыттағы жұмыс «Кселл» АҚ Тәуекелдерді басқару саясатына негізделеді, ол тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің мақсаттарын, міндеттері мен пайымын көрсетеді, тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидаттарын, тәуекелдерді басқару құрылымын, ТБКЖ-нің негізгі компоненттерін айқындайды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыру кезінде жүйелі және дәйекті тәсілді қамтамасыз етеді.

Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлер алдында тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша тәуекелдердің құрылымы үшін жалпы жауаптылықта болады. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі келесі мақсаттарға қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған:

- стратегиялық мақсаттар;
- операциялық мақсаттар;
- сенімді есептілікті дайындау саласындағы мақсаттар;

- қолданыстағы заңнама мен ішкі талаптарды саласындағы мақсаттар.

ТБКЖ тиімді жұмыс істеуі үшін Компания өз қызметінің барлық деңгейлерінде бизнестің өмірлік цикліне сәйкес келетін келесі өзара байланысты компоненттерді басшылыққа алады:

1. басқару және мәдениет;
2. стратегия мен мақсаттар қою;
3. қызмет тиімділігі;
4. өзгерістерді бақылау және енгізу;
5. ақпарат, байланыс және есептілік.

ТБКЖ ұйымдық құрылымы көп деңгейлі және тәуекелдерді басқару процесінің келесі қатысушыларын қамтиды:

- Директорлар кеңесі;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеті;
- Ішкі аудит қызметі;
- Басқарма;
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет;
- Қоғамның тәуекел-бөлімшесі;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері, қызметкерлері және тәуекелді үйлестірушілер.

ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ

Компания жыл сайын тәуекелдерді сәйкестендіруді жүзеге асырады, оның нәтижелері Директорлар кеңесі бекітетін Тәуекелдер тізілімінде және Тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер тізілімі ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға және Даму жоспарының негізгі қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдерді қамтиды.

2024 жылы Компанияның Тәуекелдер тізіліміне және Тәуекелдер картасына сәйкес 31 тәуекел – қауіпті «қызыл» аймақта – 1 тәуекел; жоғары «қызғылт сары» аймақта – 8 тәуекел; орташа «сары» аймақта – 17 тәуекел және төмен «жасыл» аймақта – 5 тәуекел бөлінді.

«КСЕЛЛ» АҚ-НЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ

ӘСЕРІ	Апатты	3	4	1		
	Маңызды/сыни		1			
	Орташа/үлкен		6			
	Төмен/көрінетін		3		2	
	Шамалы	1	4	3	3	
		Өте сирек	Сирек	Анда-санда	Жиі	Өте жиі
		ЫҚТИМАЛДЫҒЫ				

«КСЕЛЛ» АҚ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі негізгі тәуекелдердің динамикасына тұрақты мониторинг жүргізеді және тәуекелдер деңгейін төмендетуге бағытталған шаралардың орындалуын бақылайды. Мониторинг нәтижелері тоқсан сайын Компанияның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару туралы есептілік түрінде жіберіледі.

Компанияның негізгі тәуекелдері:

Стратегиялық тәуекел Компанияның бизнес-стратегиясын және дамуын белгілеу мен іске асырудағы өзгерістер немесе қателіктер, саяси немесе өңірлік жағдайдағы өзгерістер және нарықтағы немесе тұтынушылардың мінез-құлқындағы ауытқулар нәтижесінде туындайтын ықтимал шығын ретінде жіктеледі. Тәуекел факторларына сонымен қатар басқа ұялы байланыс операторларының әрекеттерінен немесе жаңа заңнамадан туындаған баға бәсекелестігінің күшеюі жатады. Компания жоғары қатысуы бар өңірлердегі өзінің көш-

басшылығын қорғай отырып және Қазақстан нарығындағы үлесін арттыру үшін бәсекеге қабілетті тарифтер мен өнімдерді іске қоса отырып, осы тәуекелдерді азайтуға тырысады.

Операциялық тәуекел ұйымның ішкі процестеріндегі, жеткізу тізбегіндегі, персонал қабылдауындағы, мәдениетіндегі және қағидаларындағы жетіспеушіліктер немесе қателіктер салдарынан залал ықтималдығы ретінде айқындалады. Олардың көбі төмен тәуекел рейтингіне ие және тәуекелдерді басқарудың күнделікті рәсімдерінің аясында оларды азайту шаралары қазірдің өзінде қабылданған. Ерекшелік – бұл Компания жоғары тәуекел санатына жатқызатын ақпараттық жүйелер мен технологиялар. Клиенттердің құпиялылығын қорғау және деректерді басқару Компания ұсынатын қызметтердің өмірлік маңызы бар бөлігі болып табылады. Деректердің жайылып кетуі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте бизнеске зиянды әсер





етуі мүмкін. Осыған байланысты Компания желілері кибершабуыл қаупін азайту үшін барлық шаралар мен процестерді қамтамасыз ететін ең жаңа ақпараттық қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Қаржылық тәуекелдер. Компания ұшырауы мүмкін қаржылық тұрақсыздық әртүрлі көздерден туындайды. Тәуекелдерді басқару жүйесі қаржы нарықтарындағы ауытқулардан, сондай-ақ басқа да макро- және микро-экономикалық факторлардан туындайтын Компания қызметі үшін ықтимал теріс салдарды барынша азайтуға бағытталған.

Валюталық тәуекел. Компанияның валюталық тәуекелінің басым бөлігі теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамының өзгеруімен байланысты, дегенмен бірқатар қызметтерді, атап айтқанда роумингті сатудан түсетін кіріс АҚШ долларымен есептелетініне және жабдықты, қондырғылар мен тауарлық-материалдық қорларды сатып алу да негізінен осы валютада жүзеге асырылатынына қарамастан, пайданың осы факторға сезімталдығы төмен. Компания валюталық тәуекелді хеджирлеу үшін туынды қаржы құралдарын пайдаланбайды. Компанияда шетел валютасында есепке алынған активтер мен пассивтерді келісу қағидалары – «табиғи» хеджирлеу қолданылады, егер бұл іс жүзінде экономика тұрғысынан мақсатқа сай болса.

Өтімділік тәуекелі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелері бойынша ағымдағы міндеттемелерді өтеу үшін жеткілікті қаражатқа қол жеткізуді жедел қамтамасыз ете алмағанда өтімділік тәуекелі туындауы мүмкін. Ол өтімді активтердің жетіспеушілігінен, активтерді тиімді шарттармен сата алмаудан немесе қосымша қаражатты тез арада тарту мүмкіндігінің болмауынан орын алуы мүмкін.

Өтімділік тәуекелін басқару аясында Компания операциялық өтімділікті ең аз шығындармен және тәуекелдермен осы арқылы қамтамасыз етеді:

- қажетті қаражатқа жылдам қол жеткізудің стратегиялары мен тетіктерін айқындайтын өтімділікті басқару жоспарларын әзірлеу және оларды жүйелі түрде жаңартып тұру;
- белгілі бір көздерге тәуелділікті қысқарту және өтімділік тәуекелін азайту мақсатында қаржыландыру көздерін әртараптандыру;
- айналым қаражаттың айналу циклін қысқарту үшін дебиторлық берешекті және кредиторлық міндеттемелерді белсенді түрде басқару.

Өтімділік тәуекелін дұрыс басқару компанияға ықтимал қаржылық проблемаларды болдырмауға және ауыспалы қаржы нарығының жағдайында өз қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Реттеушілік тәуекелдер Компания жұмыс істейтін реттеушілік ортаның өзгеруіне, заңнаманың және табиғи монополияларды реттеу шарттарының өзгеруіне, сондай-ақ мемлекеттің шектеу шараларын енгізуіне (санкциялар, демпингке қарсы реттеу, салықтық реттеу және т.б.) байланысты. Реттеушілік тәуекелдерді басқару ықтимал теріс салдарды азайту үшін бірқатар қадамдар мен іс-шараларды қамтиды: реттеушілік талаптарды анықтау және талдау, тәуекелдерді азайту бойынша шараларды әзірлеу және енгізу, рәсімдерді жаңарту, заңнамадағы өзгерістерге жедел ден қою. Реттеушілік тәуекелді басқару жағдайды тұрақты бақылауды және талдауды, заңнамадағы және реттеушілік талаптардағы өзгерістерге икемділік пен жедел ден қоюды, сондай-ақ тәуекелдерді тиімді басқаруды және барлық нормативтер мен стандарттарды сақтауды қамтамасыз ету үшін Компанияның барлық деңгейлерімен және акционерлермен белсенді ынтымақтасушылықты қамтиды.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Компанияда ішкі бақылаудың мақсаттары мен міндеттерін, ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) құрылымын, сондай-ақ ішкі бақылауды жүзеге асыру қағидаттарын айқындайтын «Кселл» АҚ Ішкі бақылау саясаты қолданылады. Осы саясатқа сәйкес «Кселл» АҚ ішкі бақылау жүйесін басқару жөніндегі қағидалар әзірленді, олар ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуінің негізгі мақсаттарын, міндеттері мен жауапкершілік аймақтарын айқындайды. Қағидалар COSO ұсынымдарына және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау саласындағы өзге де үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес әзірленді.

«Кселл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің үлгісі өзара байланысты бес компоненттен тұрады: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау рәсімдері, ақпарат, коммуникациялар және мониторинг. ІБЖ үлгісі 1-суретте келтірілген. ІБЖ тиімділігін қамтамасыз ету үшін барлық бес компонент айқындалып, Компания қызметінде өзінің іс жүзінде қолданылуын табуы тиіс.

Компанияның ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде жауапты құрылымдық бөлімше бизнес-процестер жіктегішін әзірлеуді жүзеге асыруды және, қажет болған кезде, оны өзектендіруді, елеулі бизнес-процестерді айқындауды, бақылау рәсімдерін құжаттандыруды қамтамасыз етеді. Бұдан әрі бизнес-процестердің тәуекелдерін сәйкестендіру, процестік тәуекелдер бойынша бақылау рәсімдерін әзірлеу, тестілеу арқылы олардың дизайны мен операциялық нәтижелілігінің тиімділігін бағалау жүзеге асырылады.

Жауапты құрылымдық бөлімше бақылау рәсімдерінің тиімділігін тестілеудің жыл сайынғы жоспарларын бекітеді. Компанияда тәуекелдер мен бақылаулар матрицалары, оның ішінде қоймалық, салық есебі, шығыс, кіріс төлемдер есебі, сатып алу матрицалары, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесі бойынша іс-шаралар жоспары әзірленген.



07

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Кадр саясаты және еңбек қатынастары тәжірибесі	80
Персоналдың құрамы	81
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу, оны бағалау және ынталандыру	82
Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау	83
Персоналды дамыту	84
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	86



**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН
ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ**



КАДР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 401-1, GRI 402-1

«Кселл» АҚ кадр саясаты тиімді әрі табысты кәсіпқойлар командасын құруға және дамытуға бағытталған. «Кселл» АҚ ең ірі қазақстандық телекоммуникация ком-

панияларының бірі ғана емес, сонымен қатар жас және тәжірибелі жұмыс іздеушілер үшін тартымды жұмыс беруші болып табылады.

«КСЕЛЛ» АҚ КАДР САЯСАТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қағидат	Қағидатты сипаттау
 <p>МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫ</p>	Компанияда жұмыс істеу барысында өзін үздік деп танытқан және нәтижелерге жету қабілетін дәлелдеген қызметкерлердің мансаптық өсуі.
 <p>ЖҰМЫСҚА ТИМДІ ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАТЫ</p>	Жұмысқа қабылдау кезінде ең қабілетті үміткерлерді іріктеу кешенді тестілеу, үміткердің тәжірибесін толық зерделеу және кәсіби құзыреттілігін бағалаудың басқа әдістері арқылы жүзеге асырылады.
 <p>HUMAN RESOURCES САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ</p>	Кадр саясаты бизнестің ағымдағы және күтілетін қажеттіліктерін, сондай-ақ еңбек нарығында қалыптасатын жағдаятты ескереді.
 <p>ПЕРСОНАЛДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНА НАЗАР АУДАРУ</p>	Персоналды оқыту «70:20:10» қағидатын ескере отырып жүзеге асырылады: қызметкерлер дамудың 70%-ын жұмыс процесіндегі нақты тәжірибеден, 20%-ын басқа адамдармен қарым-қатынастан және тек 10%-ын білім беру іс-шараларынан алады.
 <p>КАДРЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚА БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРІН БІРІКТІРУ</p>	HR бөлімшесі нақты уақыт режимінде Компанияның бейінді бөлімшелерінің білікті қызметкерлерді қабылдау және қазір бар қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру қажеттілігін ескереді.

Компания қызметкерлермен қарым-қатынастарын қазақстандық еңбек заңнамасының нормаларына қатаң сәйкестікте құрастырады. Компанияда еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлтік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемшіліктеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты немесе өзге де мән-жайлар бойынша кемсітуге жол берілмейді. Компания балалар еңбегін және мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермейді.


Компания Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген, еңбек қатынастарын реттейтін хабарламалар жіберу мерзімдерін сақтайды:

- Қысқартуға байланысты еңбек шартын бұзу туралы, қызметкер және уәкілетті орган – кемінде бір ай бұрын;
- Еңбек шарты мерзімінің аяқталуы туралы – соңғы жұмыс күні (ауысым) ішінде;
- Қызметкердің сынақ мерзімінен өтпеуі туралы – сынақ мерзімінен өту кезеңінде;
- Еңбек жағдайларының өзгеруі туралы – күнтізбелік 15 күн бұрын;
- Еңбек шартының талаптарын өзгерту туралы – бес жұмыс күні ішінде.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРАМЫ

GRI 2-7, GRI 401-1

ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ, ЖЫЛ СОҢЫНА




2024 жылдың соңында Компания штатында 2385 қызметкер, оның ішінде 2243 тұрақты және 142 уақытша жұмыскер болды. Компаниядағы жұмыспен қамту деңгейі тұрақты болып қалады және бизнестің стратегиялық қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

Персоналдың басым бөлігін тұрақты қызметкерлер құрайды, бұл адам капиталын дамытуға ұзақ мерзімді бағдарлануды көрсетеді.

Уақытша жұмыскерлер көбінесе әлеуметтік демалыстағы (декреттік демалыс, бала күтімі және т.б.) қызметкерлерді ауыстыру үшін пайдаланылады, бұл персонал санының шамадан тыс өсірмей, операциялық қызметтің тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.


ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Компания персонал құрамын қалыптастырған кезде гендерлік теңдік пен инклюзивтілік қағидаттарына тұрақты түрде берілгендігін көрсетеді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша штаттағы әйелдердің үлесі 49,4% (1177 қызметкер), ерлердің үлесі – 50,6% (1208 қызметкер) құрады).

Мұндай арақатынас ұжымдағы жыныстардың тең дерлік бөлінуін көрсетеді, бұл корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне және тұрақты даму стандарттарына сәйкес келеді. Гендерлік тепе-теңдікті сақтау қолайлы және әділ жұмыс ортасын құруға көмектеседі, корпоративтік мәдениетті нығайтады және командалық жұмыстың тиімділігін арттырады.

КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ



2024 жылы 938 қызметкермен еңбек шарты бұзылды; 886 жұмыскер жұмысқа қайта алынды. Кадрлар тұрақтамауы деңгейі коэффициенті 39%-ды құрады.

ЖАС ШАМАСЫ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша Компанияда 30 жастан кіші 765 қызметкер, 30 және 50 жас аралығындағы 1474 қызметкер және 50 жастан үлкен 146 қызметкер жұмыс істеді. Бұл ретте үлкен жас шамасы тобындағы қызметкерлердің саны жыл бойы өзгермей тұрған.





ПЕРСОНАЛДЫҢ ЕҢБЕГІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ, ОНЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ

GRI 202-1, GRI 401-1, GRI 405-2

Компанияның жылдық еңбекақы қоры (оның ішінде сыйлықақылар мен бонустар) 2024 жылы 19,7 млрд теңгені құрады (2023 жылы – 19,7 млрд, 2022 жылы – 16,7 млрд).

2024 жылы «Кселл» АҚ-да әйелдердің орташа айлық жалақысы 671,3 мың теңгені, ерлердікі — 870,2 мың теңгені құрады. 22,9% мөлшеріндегі алшақтық кәсіби құрылымдағы айырмашылықтарға байланысты: әйелдер негізінен әкімшілік және сервистік позицияларда жұмыс істейді (64%), ал ерлер техникалық және инженерлік лауазымдарды жиі атқарады. Бұл ретте Компания тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ерекше мән береді және техникалық және басқарушылық бағыттарды қоса алғанда, әйелдердің барлық кәсіби салаларға қатысуын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастырады.

дер негізінен әкімшілік және сервистік позицияларда жұмыс істейді (64%), ал ерлер техникалық және инженерлік лауазымдарды жиі атқарады. Бұл ретте Компания тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ерекше мән береді және техникалық және басқарушылық бағыттарды қоса алғанда, әйелдердің барлық кәсіби салаларға қатысуын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастырады.

ЕРЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОРТАША АЙЛЫҚ ЕҢБЕКАҚЫСЫ, мың теңге/ай.

	2022	2023	2024
Әйелдердің орташа айлық еңбекақысы	556,0	658,1	671,3
Ерлердің орташа айлық еңбекақысы	719,7	868,9	870,2

Компания жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру жүйесі келесі қағидаттарға негізделеді:

- Ішкі әділеттілік (еңбекақы лауазымның дәрежесіне байланысты белгіленеді) және сыртқы бәсекеге қабілеттілік (еңбек ақысын төлеу деңгейі референттік еңбекақы нарығына қатысты бәсекеге қабілетті болуы тиіс);
- Ашықтық;
- Сыйақының жалпы Компанияның және жекелеген жұмыскерлердің мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуіне, сондай-ақ Компанияның қаржылық-экономикалық мүмкіндіктеріне тәуелділігі;
- Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде инклюзивтілікті қамтамасыз ету, жыныс, нәсіл, ұлт, дін, жас, саяси немесе басқа белгілер бойынша кемсітуге жол берілмейді.

Компанияда сыйлықақы берудің келесі түрлері бар:

- Жылдық сыйлықақы беру;
- Функционалдық ынталандырушы бонус;
- Жобалық сыйлықақы беру;
- Біржолғы сыйлықақы беру;
- «Түсім» және EBITDA Margin жоспарлық көрсеткіштерін асыра орындағаны үшін жұмыскерлерге қосымша сыйлықақы беру.

Жұмыскерлерге сыйлықақы/сыйақы берудің негізгі көрсеткіштері:

- Компанияның корпоративтік қаржылық мақсаттарын орындау;
- жұмыскердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау;
- жұмыскерлердің еңбек тәртібін сақтауы.

Жылдық сыйлықақы беру, функционалдық ынталандырушы бонус, жобалық сыйлықақы беру, «Түсім» және EBITDA Margin жоспарлық көрсеткіштерін асыра орындағаны үшін жұмыскерлерге қосымша сыйлықақы беру Компанияның жекелеген ішкі құжаттарымен реттеледі. Біржолғы сыйлықақы беру Компания Басқармасымен келісу бойынша жүргізіледі.

2024 жылдың нәтижелері бойынша қызметкерлердің адалдық индексі (eNPS) арттыру және еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында Компанияда келесі іс-шараларды қамтитын іс-әрекеттер жоспары жұмысын жалғастыруда:

- Түрлі корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру (тимбилдингтер, конкурстар, квизалар);
- Samsung-пен серіктестікте қызметкерлердің техника сапы алу жобасы;
- Лауазымдарды қоса атқарғаны үшін ынталандыру бағдарламасын жетілдіру;
- «Еркін жұма» және шығармашылық күндер тәжірибесі;
- «Корпоративтік университет» оқыту жүйесін қайта іске қосу.

2024 жылы компанияда қызметкерлердің еңбегін мойындау бағдарламасы енгізілді, оның шеңберінде жеке және командалық номинациялар бойынша үздік қызметкерлерді таңдау конкурсы өткізіледі. Жұмыскерлер кәсіби қызметіндегі жетістіктері үшін бағалы сыйлықтармен және грамоталармен марапатталады. Жұмыскерлердің кәсіби еңбегінен басқа, еңбегін мойындау бағдарламасы аясында ESG көшбасшысы номинациясы бойынша конкурс өткізіледі. Бұл тәжірибе қызметкерлердің уәждемесін арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар ESG жобаларын дамытуға және ESG белсенділіктеріне белсенді қатысатын қызметкерлерді көтермелеуге әсер етеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

GRI 401-2, GRI 401-3

Компания өз қызметкерлеріне тұрақты негізде көрсетілетін көмек түрлері мен жеңілдіктерді, қолайсыз жағдайлар туындаған кезде материалдық көмекті қамтитын кең әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін көмектің негізгі түрлері:

- жұмыскердің немесе оның жақын туысының қайтыс болуына байланысты біржолғы материалдық көмек;
- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлерге біржолғы материалдық көмек;
- мүгедектігі бар жұмыскерлерге біржолғы материалдық көмек;
- Компанияның қайтыс болған жұмыскерлерінің көмелетке толмаған балаларына материалдық көмек;
- Компанияда 3 жылдан астам жұмыс істеген әйел жұмыскерлерге жүктілігі және босануы бойынша демалысқа шығуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды шегере отырып, материалдық көмек төлеу қарастырылған.

«КСЕЛЛ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ

Көмек түрі	Көмек көрсетілетін жағдайлар	Алу шарттары
Материалдық көмек	қайтыс болған жұмыскерлердің көмелетке толмаған балаларына жақын туыстары қайтыс болған жағдайда жұмыскер қайтыс болған жағдайда мүгедек жұмыскерлерге мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған қызметкерлерге	сынақ мерзімінен өткеннен кейін
Еңбекке жарамсыздық парағы	жылына 10 жұмыс күні жалақының 80% мөлшерінде төленеді	
Тасымалдау	сағат 23:00-ден 6:00-ге дейін ауысыммен жұмыс істейтін жұмыскерлерді тасымалдау қала сыртында жұмыс істейтін жұмыскерлерді тасымалдау	
Медициналық сақтандыру	жылына 220 000 теңгеден астам емес	сынақ мерзімінен өткеннен кейін
Ұялы байланыс	лауазымға және жобаларға қатысуға байланысты корпоративтік тарифтік жоспар немесе ұялы байланыс үшін өтемақы	
Бензин	жеке көлігін жұмыс мақсатында пайдаланатын және жұмысы жүріп-тұру сипаттағы жұмыскерлер үшін бензин картасы	
Такси	жеке көлігі жоқ және жұмысы жүріп-тұру сипаттағы жұмыскерлер үшін таксиге қосымша ақы	





2024 жылы материалдық көмек төлемдерінің жиынтық сомасы 156 482 мың теңгені құрады, Компанияның 130 қызметкері материалдық көмек алды.

2024 ЖЫЛҒЫ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК ТӨЛЕМДЕРІ

	Сомасы, мың теңге	Көмек алған жұмыскерлер саны
Жақын туысының қайтыс болуына байланысты материалдық көмек	16 813	47
Мүгедектігі бар жұмыскерлерге материалдық көмек	26 344	21
Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлерге материалдық көмек	56 000	41
Емделуге байланысты материалдық көмек	29 730	2
Медициналық мекемеде емделуге және/немесе ота жасауға материалдық көмек	26 345	18
Күрделі жөндеу немесе тұрғын үйді толық қалпына келтіруге байланысты материалдық көмек	1 250	1
Барлығы	156 482	130

Компанияда мүмкіндігі шектеулі 21 қызметкер және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған 41 қызметкер жұмыс істейді. Жыл сайын аталған санаттардағы әрбір қызметкерге материалдық көмек көрсетіледі, оның мөлшері 2024 жылы 112 073 686 теңгені құрады (салық және басқа да міндетті төлемдерді қосқанда). Ана мен баланы қорғау мақсатында Компания ҚР міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес, Компанияда 3 жылдан астам жұмыс істеген жұмыскерлерге

декреттік төлемдер бойынша айырмасын төлейді (жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылған жағдайда, әлеуметтік төлемнің сомасын шегеріп, орташа еңбекақысын сақтау). Жүктілігіне және босануына байланысты төлемдердің жиынтық сомасы 2024 жылы 11,3 млн теңгені құрады (2023 жылы – 15,8 млн, 2022 жылы – 13,1 млн).

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

GRI 404-1, GRI 404-2

Қызметкерлердің біліктілігін үнемі арттыру және олардың кәсіби өсуі – бизнесті дамытудың маңызды шарттары. Компания қызметкерлерді ішкі және сырттай оқытуды ұйымдастырады.

2024 жылы қызметкерлерді сырттай оқытуға жұмсалған жиынтық шығындар 68 248 417,50 теңгені құрады. Компанияда сырттай күндізгі оқудан, оның ішінде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрт және электр қауіпсіздігі және т.б. бойынша міндетті оқытудан Компания қызметкерлерінің 4769 өтті, 1 қызметкерге орташа оқу уақыты 7 сағатты құрады. Сырттай қашықтықтан оқыту платформаларында (Eduson, iSpring, GoPractice) 2024 жылы 2483 қызметкер өтті, 1 қызметкерге орташа оқу уақыты 8 сағатты құрады.

Компанияда ішкі оқыту Kcell Корпоративтік университетінің базасында жүргізіледі. 2024 жылы жалпы алғанда 128 ішкі тренинг өткізілді, оларға 2300-ден астам қызметкер қатысты. Қатысушылардың тренингтерге қанағаттануының жоғары деңгейін атап өткен жөн: қатысушылардың 90%-дан астамы тренингтерге оң баға берді.

2024 жылы жаңа қызметкерлерді бейімдеу үшін негізгі маңызды тақырыптарды қамтитын онлайн-онбординг бағдарламасы әзірленіп, енгізілді. Бұл бастама компаниядағы алғашқы жұмыс күндерінде компания туралы ең маңызды ақпарат бере отырып, компанияға «жаңадан келгендерді» енгізу процесін жеңілдетті.

2024 жылы Kcell жаңа басшыларын бейімдеу және басқарушы қызметкерлерінің әлеуетін дамыту үшін басшыларға арналған «PRO менеджері» ішкі корпоративтік бағдарлама іске қосылды. Бағдарлама басқарушылық құзыреттілікті дамытады, компанияның негізгі бизнес-процестері туралы білімді арттырады, жеке тиімділікті арттыруға және жаңа басшыларды сәтті бейімдеуге ықпал етеді. 2024 жылы бағдарлама бойынша 27 компания басшысы оқудан өтті. Бағдарлама тұрақты негізде жұмыс істейді. Басшыларды оқытудан басқа бұл бағдарлама компания үшін тағы бір міндетті шешеді: бағдарлама шеңберінде ішкі жаттықтырушылар мен спикерлер ретінде қатысатын компания сарапшыларының жаттықтырушылық құзыреттерін дамыту.

Жалпы, компанияда қызметкерлер қатарынан ішкі тренинг-серіктестерді даярлау бағыты дамуда, бұл қатыстыруды арттыру және корпоративтік мәдениетті дамыту факторы болып табылады.

КОРПОРАТИВТІК УНИВЕРСИТЕТ БАЗАСЫНДА ІШКІ ОҚЫТУ

Онбординг бағдарламасы:	<ul style="list-style-type: none"> • Welcome • Клиентке бағытталғандық және NPS • Іс жүргізу және Компанияның ішкі сервисі • Жауапты бизнес. Компанияның әдептік нормалары • Ішкі бақылау жүйесі • Ұялы байланыс негіздері
Сату бойынша оқыту:	<ul style="list-style-type: none"> • Сатудың негізгі дағдылары: 5П • Клиентке бағдарланған қызмет көрсету • Клиентпен бір толқында • Қарсылықтармен жұмыс жасау • Сату стандарттары • «7 UP» сату жөніндегі тренингі • Өзіңе, компанияға және клиентке зиян келтірмеу • Касса функционалы бойынша кіріспе курс • «Виртуалды мониторинг» тобымен танысу • Клиенттермен қатынасудағы эмоциялық интеллект
Софт-скиллз тренингтері:	<ul style="list-style-type: none"> • Стресске төзімділік дағдылары • Тайм-менеджмент • Эмоциялық құзыреттілік • Super жады • Әдемі әрі сенімді сөйле • Сұхбат жүргізу дағдылары
Басқасы:	<ul style="list-style-type: none"> • Персоналды басқару дағдылары • Тәлімгерліктің 5 тәсілі: қалай екі есе жылдамырақ үйретуге болады • Клиентке бағытталғандық және Компанияның көрсеткіштері • Телефонмен байланысудағы қызмет көрсету стандарттары • Көшбасшылар мектебі • Тәлімгерлер мектебі • Басшылар мектебі • Жаттықтырушылар мектебі • Бухгалтерлік есеп • SQL негіздері • Power Query • Жобаның өмірлік циклі және күрделі салымдарды басқару • Электрондық архивпен жұмыс істеуге үйрету





ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

GRI 403-1, GRI 403-2, GRI 403-3, GRI 403-4, GRI 403-5, GRI 403-6, GRI 403-7, GRI 403-8, GRI 403-9, GRI 403-10

«Кселл» АҚ қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелеріне аса назар аударып, қауіпсіз жұмыс ортасын құру және барлық өндірістік процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Біздің алдымызда жазатайым оқиғалардың алдын алуға қол жеткізу, тәуекелдерді азайту және қызметкерлердің қауіпсіз кәсіби қызметін қамтамасыз ету жөніндегі маңызды міндеттер тұр.

Компания халықаралық стандартты, атап айтқанда ISO 45001:2018 (Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі) стандартын алып, тәжірибелік қызметіне сәтті енгізді. Бұл біздің еңбекті қорғауды басқару жүйесінің халықаралық талаптарға сәйкестігін растайды. ISO 45001:2018 шеңберінде менеджмент жүйесін сәтті енгізу және қолдау үшін біздің компанияның еңбекті қорғау және азаматтық қорғау қызметінің жұмыскерлері осы стандарт бойынша, сондай-ақ стандартқа сәйкес менеджмент жүйелерінің тәуекелге бағдарланған ішкі аудиті бойынша оқытудан өтті.

2024 жылы негізгі назар оқытуға, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге, қауіпсіздік мәдениетін дамытуға, сондай-ақ әдеттен тыс жағдайларда іс-қимылдарға дайындықты арттыруға бағытталды.

Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар шеңберінде басшылар мен қызметкерлерді оқыту жүргізілді:

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша – 279 қызметкер;
- электр қауіпсіздігі бойынша – 325 қызметкер;
- өнеркәсіптік альпинизм бойынша – 362 қызметкер;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша – 234 қызметкер;
- алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша – 392 қызметкер;
- өрт-техникалық минимумы бойынша – 321 қызметкер;
- ЖҚЕ сақтау бойынша – 38 қызметкер.

Бұл білімдер қызметкерлердің жалпы хабардарлығын арттырып қана қоймай, күнделікті жұмыстағы тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік берді.

Жеке қорғаныс құралдарын сатып алу көлемі ұлғайтылды, бұл қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс жүргізу үшін сапалы ЖҚК-мен уақтылы және толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Апаттар мен өзге де төтенше жағдайлардың теріс әсерін төмендету мақсатында Компанияда тоқсан сайын төтенше жағдайларға ден қою бойынша оқулар



мен жаттығулар өткізілді. Азаматтық қорғаныс құралымдары (АҚК) қалыптастырылды және оқытылды, бөлімшелердің ТЖ жағдайларындағы іс-қимылдарға дайындығы күшейтілді.

Кеңселер мен инфрақұрылымның негізгі объектілерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді. Компанияның объектілерінде келесі өрт қауіпсіздігі шаралары қабылданды:

- 90 үй-жайда автоматты газбен өрт сөндіру жүйесі бар;
- 2 объектіде сумен сөндіру, түгінді аластау және ауаны қысу жүйесі бар;
- 38 объектіде автоматты өрт дабылдамасы бар;
- ұялы байланыстың 67 базалық станциясында газбен өрт сөндіру жүйесі бар;
- 64 дизель-генераторлық қондырғылардың автоматты өрт дабылдамасы бар;
- Барлық ғимараттар мен үй-жайлар бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілген.

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тіркеу және тергеп-тексеру жөніндегі іс-шаралар ҚР

Еңбек кодексіне және Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Компания қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне зиян келтіру, қоршаған ортаға және/немесе Компанияның мүлкіне залал келтіру тәуекелдерін жою және/немесе бақылау мақсатында Компанияда «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау карточкасы» бағдарла-


масы туралы ереже қолданылады. Бұл қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігіне қатыстырудың маңызды факторы болып табылады. 2024 жылдың соңында «ЕҚ және ЕҚ карточкалары» электрондық нысаны әзірленді, бұл қауіпсіздік карточкаларын толтыруды және олардың қолжетімділігін әлдеқайда жеңілдетеді.



08

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат	90
Суды тұтыну	90
Ресурстарды тұтыну	91
Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары	91
Қалдықтарды басқару	93



**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН
ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ**



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

GRI 307-1

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) индустриясының бір бөлігі ретінде Компания тұтынушыларға қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға, олардың қызметінің тиімділігін арттыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін қызметтерді көрсету арқылы тұрақты қоғамның дамуына үлес қосады. Біз қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылып, ресурстарды тиімді пайдалануды және шығындарды азайтуды қамтамасыз етіп, клиенттеріміз бен қоғам үшін құндылық жасаймыз. Біздің қызметіміздің негізгі экологиялық аспектілері: энергияны пайдалану, атмосфераға парниктік газдардың шығарындыларын және қалдықтарды азайтуға ұмтылу.

Қоршаған ортаны қорғау саласында Компания келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- Біз қоршаған ортаға әсер етуді басқару және ресурстарды тиімді пайдалану мәселелеріне, соның ішінде тәуекелдерді бағалауға дәйекті және құрылымдалған тәсілді қолданамыз.
- Біз барлық бөлімшелерімізде және өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде қоршаған ортаға әсерімізді басқару мәселелеріне жауапкершілікпен қарауға ұмтыламыз.
- Біз барлық бөлімшелерімізде және өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде экологиялық таза тех-

нологиялар мен қызметтерді дамытуға, пайдалануға және жылжытуға ұмтыламыз.

- Біз өз қызметіміздің экологиялық көрсеткіштерін үнемі өлшеп, бақылап отырамыз және тиісті ақпаратты ашық, сенімді және уақтылы түрде береміз.

Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық көзделген талаптарын орындайды. Біз қоршаған ортаға келетін зиянды азайту және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану арқылы тұрақты дамуға қол жеткізуге ұмтыламыз. Қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту мақсатында Компания автономды жүйелерді жаңғыртуға инвестиция салады және оларды отынның неғұрлым экологиялық таза түрлеріне (электр энергиясы) ауыстырады, базалық станциялар мен жабдықтарды орнату кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтайды, жөнделу жұмыстарын жүргізген кезде қоршаған ортаға қауіпсіз материалдар мен технологияларды пайдалануға тырысады. Біз сонымен қатар еркін, ерікті табиғатты қорғау акциялары мен іс-шаралары ұйымдастырамыз. Компанияда ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі енгізілген.

СУДЫ ТҰТЫНУ

GRI 303-1, GRI 303-5

Компанияның қызметі су алуға айтарлықтай әсер етпейді, дегенмен біз суды ұтымды пайдалануға тырысамыз. Суды тұтыну бірқалыпты қарқынмен өсуде және тұрақты пайдалану динамикасын көрсетеді.

Компанияның бөлімшелері телекоммуникация қызметтерін көрсетудің өндірістік процесінде суды қайта пайдаланбайды. Компания суды тек санитарлық-тұрмыстық және шаруашылық қажеттіліктерге пайдаланады. Тұтынылатын суды есепке алу аспаптары орнатылған, олар жақсы техникалық жағдайда ұсталады.

РЕСУРСТАРДЫ ТҰТЫНУ

GRI 301-1, GRI 302-1, GRI 302-4

Есептеулер Қазақстан Республикасының шығарындылардың ұлттық коэффициенттерін және IPCC халықаралық коэффициенттерін қолдана отырып, GHG хаттамасы бойынша орындалды.

Электр тұтыну көрсеткіші 2023 жылы да (+ 43,0%), 2024 жылы да (+ 37,7%) айтарлықтай өсуді көрсетеді. Бұл

есепке алу ауқымының кеңеюіне, техникалық объектілер үлесінің артуына, сондай-ақ деректерді жинаудың неғұрлым дәл әдісіне көшуге байланысты болуы мүмкін. Жылу бойынша көрсеткіш, керісінше, 2024 жылы 35,3%-ға төмендеді, бұл объектілерді электрмен жылытуға көшіруге немесе энергия тиімділігінің басқа шараларына байланысты болуы мүмкін.

Көрсеткіш	2022	2023	2024
Электр энергия, кВт*сағ	185 000 000	264 500 000	364 324 437
Жылу энергиясы, Гкал	3 843	3 735	2 415
Бензин, тонна	224	233.99	245
Дизель, тонна	109	108.38	108
Суды тұтыну, м ³	39 473	43 106	44 049

АТМОСФЕРАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

GRI 305-6, GRI 305-7

Компания атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын жасайтын екі стационарлық көзді пайдаланады. Есепті кезеңдегі шығарындылар көлемі туралы толық ақпарат төмендегі кестеде берілген.

ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (SCOPE 1 ЖӘНЕ SCOPE 2)

Шығарындылар санаты	2022	2023	2024	2023/2022	2024/2023
Scope 1 (т CO ₂ e)	1 483,75	1 487,33	1 522,51	≈ 0%	+2,4%
Scope 2 (т CO ₂ e)	133 940	191 058	263 671,9	+42,6%	+37,9%
Scope жиыны 1+2	135 423,8	192 545,3	265 194,4	+42,1%	+37,8%

Scope 1 үш жыл ішінде 2,4% өсімнен аспай, іс жүзінде бір деңгейде қалып отыр, бұл жанармайды пайдаланудың тұрақты құрылымын көрсетеді. Сонымен қатар, Scope 2 шығарындылары 2022 жылдан 2024 жылға дейін екі есе өсті, бұл электр қуатын тұтынудың айтарлықтай өсуінен туындады. Бұл жаңа техникалық объектілерді

қосуды да, деректерді есепке алу жүйесіне толығырақ қосуды да білдіруі мүмкін. Жиынтығында 2024 жылы Scope 1 + 2 шығарындылары 265 194,4 тонна CO₂e құрады, бұл 2022 жылғы деңгейден екі есе артық.





ЗИЯНДЫ ШЫҒАРЫНДЫЛАР (SCORE 1, ЖАНАРМАЙ БОЙЫНША)

Заттек	2022, т	2023, т	2024, т	2024/2023
NO _x	2,74	2,77	2,83	+2,2%
SO ₂	0,31	0,31	0,32	+3,2%
CH ₄	0,012	0,012	0,013	+4,2%
N ₂ O	0,023	0,023	0,024	+4,3%
PM (шаң)	0,327	0,325	0,33	+1,5%
NMVOС	0,868	0,873	0,89	+2,0%

Жанармай жағу кезінде шығарылатын зиянды заттардың деңгейі аздап ұлғаюмен тұрақты деңгейде қалды. Бұл жалпы құрылымда мотор жанармайын (бензин мен дизельді) тұтынудың өзгеріссіз көлемін және жанармайдың жаңа түрлерінің жоқтығын білдіреді.

CO₂e шығарындыларының қарқындылығы

Метрика	2022	2023	2024	2024/2023
1 қызметкерге шаққандағы т CO ₂ e	54,39	79,07	111,19	+40,6%
1 млрд тг түсімге шаққандағы т CO ₂ e	612,22	846,35	1 099,02	+29,9%
1 Пбайт трафикке шаққандағы т CO ₂ e	187,49	241,59	306,94	+27,0%

2024 жылы барлық бағыттар бойынша CO₂e шығарындылары қарқындылығының жалпы өсуі байқалады. Өсіресе, бір қызметкерге шаққандағы шығарындылардың өсуі (+40,6%) байқалады, бұл шығарындылар көлемін сақталып, қызметкерлер санының қысқаруы-

на байланысты. Сондай-ақ, түсім мен трафик бірлігіне шаққандағы шығарындылар қарқындылығы ұлғайды, бұл энергия тиімділігінің төмендегенін білдіруі және энергия менеджменті және цифрландыру жөніндегі бағдарламаларды енгізу қажеттігін көрсетуі мүмкін.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

GRI 306-1, GRI 306-2, GRI 306-3, GRI 306-4

Компанияның қызметі барысында негізінен есептен шығарылған жабдықтар түріндегі қалдықтар мен тұрмыстық қалдықтар пайда болады. Қалдықтарды шығаруға және көмуге лицензиясы бар мамандандырылған ұйым коммуналдық қалдықтарды шығарады. Телекоммуникация құралдарын және ұйымдастыру техникасын кәдеге жарату мен қайта өңдеу үшін есептен шығару мен беру ұйымның «Есептен шығарылған телекоммуникация құралдарын бөлшектеу және кәдеге жарату ережелері» стандарты бойынша жүзеге асырылады. Есептен шығарылған жабдықтар, кабельдер мен ұйымдастыру техникасы түсті және қара металдарды жинауға, сақтауға және жоюға лицензиясы бар мамандандырылған ұйымға беріледі. Пайдалану қызметі кейбір жабдықтарды қосалқы бөлшектер ретінде одан әрі пайдалану туралы шешім қабылдайды.

Компанияда кеңсе аумағында қалдықтарды бөлек жинау жүйесі енгізілген. Бұл экологиялық таза және жауапты іс-әрекетке жасалған қадам.

Арнайы төрт секциялы экожәшіктерді пайдалана отырып, біз пайдалы қайталама шикізатты жалпы қалдықтардан бөлу арқылы Жер ресурстарын сақтауға көмектесеміз. Жиналған шикізат қоқыс полигонында сақталудың орнына жаңа тауарлар өндіруге жіберіледі. Қалдықтарды бөлек жинау жүйесі енгізілгеннен бері қайта өңделуге 506,7 кг қайталама шикізат берілді.



ҚАҒАЗ

373,3 кг



ПЛАСТИК

83,4 кг



ШЫНЫ

18 кг



**СҰРЫПТАЛМАЙТЫН
ҚАЛДЫҚТАР**

32 кг



09

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	96
Ақпаратты ашу	96
Ақпараттық қауіпсіздік және клиенттердің құпия деректерін қорғау	97
Клиенттерді алаяқтықтан қорғау	98
Әлеуметтік жауапкершілік және қайырымдылық	99

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

GRI 2-26, GRI 2-29

«Кселл» АҚ барлық мүдделі тараптардың мүдделері мен үміттерінің маңыздылығын мойындайды және олармен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыруға ұмтылады. Компанияның мүдделі тараптармен қарым-қатынастары ашықтық, сенім және өзара құрмет қағидаттарына негізделген. Компания мүдделі тараптардың сұрауларына жауап беру және жедел режимде кері

байланысты қамтамасыз ету арқылы олардың мүдделерін қорғайды. Өзара іс-қимылдың негізгі арналары – корпоративтік есептілік, хат алмасу, Компанияның веб-сайты, форумдар мен әлеуметтік желілер, БАҚ-тағы жарияланымдар, Kcell/activ мобильді қосымшасы, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жедел желі телефоны.

Мүдделі тараптар	Үміттер	Өзара іс-қимыл процесі
Клиенттер	Қолайлы бағамен сапалы қызмет көрсету, дербес деректерді қорғау	Маркетингтік зерттеулер жүргізу, кері байланыстың алуан түрлері
Жеткізушілер	Ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарды сақтау, іскерлік әдепті ұстану	Сатып алуды ашық режимде жүргізу, іскерлік кездесулер мен кеңестер беру
Мемлекеттік органдар	Заңнаманы сақтау, бюджетке төленетін төлемдердің ұлғаюы, мемлекеттік даму бағдарламалары аясындағы тиімді іс-әрекет	Өтініштер, қадағалау органдарының тексерулері, кездесулер өткізу
Акционерлер мен инвесторлар	Компанияны дамыту, корпоративтік басқаруды дамыту, алға қойылған міндеттерді тиімді жүзеге асыру, табыстылық пен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету	Есептілікті дайындау және жариялау, кездесулер, бірлескен талқылаулар өткізу
Ұжым	Жақсы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, еңбекақыны уақтылы төлеу, әлеуметтік пакет, мансаптық өсу мүмкіндіктері	Ішкі корпоративтік өзара іс-қимыл, жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, еңбек жағдайларын жақсарту
БАҚ, жұртшылық	Ақпаратты ашу, айқындық	БАҚ сауалдарына жауап беру, PR және маркетингтік іс-шараларды өткізу

АҚПАРАТТЫ АШУ

GRI 2-29

Компанияның ақпаратты ашу тәжірибесі келесі тәсілдерге негізделген:

- Ақпаратты ашу Қоғамның қолайлы имиджін құруды қамтамасыз етуге арналған, бұл капиталды тартуға, акционерлер мен инвесторлардың сенімін сақтауға, сондай-ақ өндірістік және қаржылық нәтижелерді ұлғайтуға көмектесуі тиіс;
- Ақпаратты ашу жүйесі ішкі құпия ақпаратты толық қорғау шартымен Компания туралы ақпараттың қолжетімділігі қағидаттарын қанағаттандыруы тиіс;
- Ақпаратты ашу Компания туралы жалпыға қолжетімді ақпаратқа еркін және оңай қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;
- Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржаларының интернет-ресурстарында ақпаратты ашу заңнамада және биржалардың Листингтік қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;
- Компанияның корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты ашу оның корпоративтік веб-сайтында (www.investors.kcell.kz) қосымша жүзеге асырылады.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚҰПИЯ ДЕРЕКТЕРІН ҚОРҒАУ

GRI 418-1

Абоненттердің дербес деректерін қорғау біздің Компания қызметінің маңызды саласы болып табылады, өйткені цифрлық дәуірде жеке ақпарат қаскүнем адамдар тарапынан көбірек сұранысқа ие болуда. Абоненттер туралы ақпараттың жайылып кетуі өте қауіпті және алаяқтық пен киберқылмыстың басқа түрлеріне әкелуі мүмкін.

Біз қауіпсіздік шараларын жүйелі түрде қолданамыз және тиімділігіне сенімді болу үшін оларды жаңартып тұрамыз. Компания өз қызметкерлеріне ақпаратқа қол жеткізудің ең төменгі деңгейін қамтамасыз етуге тырысады, сонымен қатар дербес деректерді қорғау үшін әртүрлі технологияларды, соның ішінде қауіпсіз желілік хаттамаларды және ақпараттың жайылып кетуінен қорғау бағдарламаларын пайдаланады, аудиттер мен қызметкерлерді оқытуды жүргізеді.

Компания ақпараттық қауіпсіздікті дамытуға үлкен көңіл бөледі және штатында киберқауіпсіздік сертификаттары (CEH, CHFI, GIAG Reverse Engineering Malware, OSCP, OSWE) бар білікті қызметкерлерді ұстайды. Мұның бәрі

дербес деректерді қорғаудың сенімді деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сонымен қатар күрделі кибершабуылдарды тойтару үшін жағдай жасайды.

Біліктілік пен дағдыларды ұдайы арттыру «Кселл» АҚ ақпараттық қауіпсіздік командасына Қазақстанның АҚЖО арасында МТҚ өткізген АҚҰҰО кибержаттығуларында Blue және Red Team бойынша 1-ші орындарды иеленуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Digital Rights Center Qazaqstan тәуелсіз сарапшылары «Кселл» АҚ-ны цифрлық құқықтарды сақтау жөніндегі 2024 Telecom секторындағы үздік компания ретінде таныды. Компания қызметкері 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ТОП-10 бағхантерлерінің рейтингіне енді.

Кибершабуылдардың өзекті қауіп-қатерлері мен белгілерін анықтау үшін инфрақұрылымдағы ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларына тәулік бойы мониторинг жүргізіледі, оқыс оқиғаларға ден қою және оларды болдырмаудың проактивті шаралары қабылданады, сондай-ақ осы бағыт әрі қарай жетілдірілуде.





КЛИЕНТТЕРДІ АЛАЯҚТЫҚТАН ҚОРҒАУ

GRI 418-1

Бүгінгі күні телефон алаяқтығымен күрес бұрынғыдан да өзекті болып тұр. Компания алаяқтық белсенділікті анықтауға және шектеуге мүмкіндік беретін заманауи құралдар мен әдістерді енгізуге ерекше назар аударады, өз жұмысын күшейту үшін жаңа тәсілдер мен мүмкіндіктерді іздейді.

Осылайша, 2024 жылы жаңа Fraud Management System жүйесін іске қосу жүзеге асырылды, ол күдікті алаяқтық операцияларды анықтау және Компанияның ықтимал ысыраптарын болдырмау алгоритмдері мен жылдамдығын жетілдіруге мүмкіндік береді және басқа құралдар мен жүйелермен синергия есебінен осы жұмыстың тиімділігін арттырады.

Әлеуметтік инженерияға (алаяқтық қоңырауларға) қарсы іс-қимыл жасау үшін барлық бағыттарда – заңнамалық, ақпараттық, технологиялық деңгейлерде белсенді іс-қимыл жасалуда. Компания неғұрлым жедел және үйлесімді өзара іс-қимыл жасау үшін басқа ведомстволармен және ұйымдармен бірігеді.

Компания жедел ақпарат алмасу үшін «ҚР Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамының Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректермен алмасу орталығының (Антифрод-орталық) интеграцияланған жүйесіне сәтті қосылды және осы бағытты одан әрі дамытуды жоспарлауда.

Сондай-ақ Прокуратура, «Қазақтелеком» АҚ және «Кселл» АҚ арасында құқыққа қарсы әрекеттердің, оның ішінде үшінші тұлғалардың алаяқтық қоңырауларды пайдалануымен байланысты ұрлықтың алдын алу, анықтау мен жолын кесу мақсаттарына қол жеткізу үшін адал ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы меморандумға қол қойылды.

Компанияның алаяқтыққа қарсы күрес жөніндегі қызметі Алматы қаласының Прокуратурасы, Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті тарапынан алғыс хаттармен атап өтілді.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

GRI 203-2

«Кселл» АҚ дауыс беретін акцияларының 51%-на ие «Қазақтелеком» АҚ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (ҰӨҚ) тобына кіреді. ҰӨҚ және оның еншілес ұйымдары «Samruk-KazynaTrust» корпоративтік қоры арқылы қайырымдылық көмек көрсетудің бірыңғай саясатын жүзеге асырады.

Samruk-Kazyna Trust – Қазақстан Республикасында қайырымдылық, әлеуметтік маңызы бар бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыратын ҰӨҚ компаниялар тобы жанындағы әлеуметтік жобаларды дамыту қоры. Samruk-Kazyna Trust ҚР Үкіметімен тығыз ынтымақтастықта келесі бағыттар бойынша қайырымдылық жобаларын жүзеге асырады:

- Әлеуметтік және медициналық секторда адамдарға, қоғамдастықтарға көмектесу
- Медиа, мәдени қоғамдастықты және адами әлеуетті дамыту

- Еңбек және ұлтаралық қатынастарды нығайту, қоғамның тұрақты дамуына инвестиция салу
- Өңірлік және бизнес-бастамаларды қолдау

ҰӨҚ тобы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын бұлжытпай ұстанады, олар: жаңа жұмыс орындарын жасау, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның демеушілік және қайырымдылық қызметі рухани және ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға, мәдениетті, ғылым мен білімді қолдауға, ғылыми-техникалық прогреске жәрдемдесуге, салауатты өмір салтын насихаттауға, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына, аз қамтылған азаматтарға көмек көрсетуге, спортты қолдауға бағытталған.



10

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша. Есеп туралы	102
2-қосымша. GRI сәйкестік индексі	103
3-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік	110
Глоссарий	121
Байланыс ақпараты	

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА БУЫН ЖЕЛІСІ



1-ҚОСЫМША. ЕСЕП ТУРАЛЫ

GRI 2-3, GRI 2-4, GRI 3-1, GRI 3-2

«Кселл» АҚ 2024 жылға арналған жылдық есебі 2024 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығындағы кезеңдегі Компанияның қаржылық-шаруашылық және операциялық қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ кейбір ретроспективті және болжамды көрсеткіштерді қамтиды. Есеп Жаһандық есеп беру бастамасының стандарттарына (GRI Standards) және GRI-1 стандартында (2021) бекітілген келесі есептілік қағидаттарына сәйкес дайындалған:

- **Дәлдік (accuracy)** – Есепті дайындау кезінде дұрыс және толық деректер пайдаланылды;
- **Теңгерімділік (balance)** – Есептегі ақпарат орын алған оң және теріс үрдістерді нақты сипаттайтындай етіп берілген;
- **Айқындық (clarity)** – ақпарат қолжетімді және түсінікті түрде ұсынылған;
- **Салыстырмалылық (comparability)** – ақпарат есепті және өткен кезеңдердің нәтижелерін бір-бірімен, сондай-ақ басқа ұйымдардың нәтижелерімен салыстыруға мүмкіндік беретіндей түрде ұсынылған;
- **Толықтық (completeness)** – ақпарат көлемі тиісті кезеңдегі қызмет нәтижелерін бағалау үшін жеткілікті;
- **Тұрақты даму мәнмәтіні (sustainability context)** – осы Есеп шеңберіндегі ақпарат тұрақты дамудың кең мәнмәтінінде ұсынылған;
- **Уақыттылық (timeliness)** – Компания Есеп оқырмандарына уақтылы шешім қабылдауға мүмкіндік беру үшін ақпаратты тұрақты түрде беруге ұмтылады;
- **Верификациялау мүмкіндігі (verifiability)** – Есеп барлық мүдделі тараптарға ондағы ақпараттың сенімділігін бағалауға мүмкіндік беретіндей етіп құрастырылған.

Экономикалық тақырыптар

Экономикалық нәтижелер	1
Нарықта болу	2
Жанама экономикалық әсер	3
Сатып алу тәжірибесі	4
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	5
Бәсекеге қабілетсіз мінез-құлық	6
Салық салу	7

Экологиялық тақырыптар

Материалдар	8
Энергия	9
Су	10
Биоалуантүрлілік	11
Шығарындылар	12
Қалдықтар	13
Жеткізушілерді экологиялық бағалау	14

Осы Есепті дайындау кезінде Қазақстан қор биржасының жылдық есептерді дайындауға қойылатын талаптары, сондай-ақ Халықаралық біріктірілген есептілік кеңесінің Біріктірілген есептілік тұжырымдамасының (IRC) және AA1000SES мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандартының ережелері ескерілді.

